



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (99)

Астана
2022



Редакциялық алқа:

Сыдыков А.Ж.	PhD докторы (Қазақстан), алқа төрағасы
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қажымас қайрат, қалтқысыз қызмет 4

ТҰЛҒА. ТАҒЫМ. ТАҒЫЛЫМ / ЛИЧНОСТЬ. ПРИЗНАНИЕ. ПОЧТЕНИЕ

Елеуов М.Е. Археология заңғары 16
Подушкин А.Н. Пытливый ум, неутомимый
исследователь 18
Тоқтабай А.У. Тастарға тіл бітірген тарлан ... 23
Боковенко Н.А. Культура саков Восточного
Казахстана: поиск истоков 26
Мұқтар Ә.К. Археолог З. Самашевтың
ортағасырлық Сарайшықты зерттеуге қосқан
үлесі 32
Ермолаева А.С. Мой сокурсник Зайнолла
Самашев 42
Сайлаубай Е.Е. Ұлт тарихын түгендеуші тұлға .. 45

Мерц В.К. Короткие встречи на долгом пути ... 47
Табалдыев К.Ш. Зейнолла ағайыбыздың илимий
эмгектерін дайым күтөбүз 50
Гасанов З.Г. Работа «Азербайджано-
казахстанской международной археологической
экспедиции» в 2019-2022 гг. 53
Омаров Ғ.К. Текті тұлға туралы толғаныс 59
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Қазақ археологиясындағы мен
таныған Зейнолла аға бейнесі 64

ФОТОШЕЖІРЕ / ФОТОГАЛЕРЕЯ 67

ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ / ДОСТОЙНАЯ ЖИЗНЬ УЧЕНОГО

Самашев З.С. Көне дүние қойнауына саяхат ... 94

Самашев З.С. Қазақ Алтайындағы Берел
ескерткіші 96
Самашев З.С. Вопросы археологии раннего
железного века Казахстана 112
Самашев З.С. Тарбағатай петроглифтері.
Шимайлы 127
Самашев З.С. Изобразительная деятельность в
эпоху средневековья 138
Самашев З.С. Петроглифтерді зерттеудің кейбір
әдістері 149

CONTENTS

Indefatigable Will, Unwavering Service 4

PERSONALITY. CONFESSION. HONOR

Eleuov M.E. Patriarch of archeology 16
Podushkin A.N. An inquisitive mind, a tireless
explorer 18
Toktabay A.U. A word about contemporary 23
Bokovenko N.A. The saka culture of Eastern
Kazakhstan: a search for the origins 26
Muktar A.K. The contribution of archaeologist
Z. Samashev to the study of the medieval
Sarayshik 32
Ermolayeva A.S. My classmate Zaynolla Samashev .. 42

Sailaubay E.E. A person who studies the history of
the nation 45
Merz V.K. Short meetings on a long journey 47
Tabaldiyev K.Sh. We always look forward to the
scientific works of Zeynolla agai 50
Gasanov Z.G. The work of the «Azerbaijan-
Kazakhstan International Archaeological
Expedition» in 2019-2022 53
Omarov G.K. A word about a noble person 59
Umitkaliyev U.U. The image of Zeynolla aga in
Kazakh archeology 64

PHOTOGALLERY 67

DIGNIFIED LIFE OF A SCIENTIST

Samashev Z.S. Journey into the depths of the ancient
world 94
Samashev Z.S. Berel site of the Kazakh Altai ... 96

Samashev Z.S. Issues of archeology of Early Iron Age
Kazakhstan 112
Samashev Z.S. Petroglyphs of Tarbagatay. Shimayly
..... 127
Samashev Z.S. Fine activity in the Middle Ages ... 138

Samashev Z.S. Some methods of studying
petroglyphs 149

ҚАЖЫМАС ҚАЙРАТ, ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

Аңыз дала, абыз өлке, асқақ Алтай өңірінен шыққан тұғырлы тұлғаның бірі, атақты археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Зейнолла Самашев 75 жасқа толып отыр.

Бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың «әр жерден жиі үзіліп, көп жалғанған» тұмса тарихын Жер-Ана қойнауынан іздеуге арнаған ғалым ұлттық тарих ғылымының бас-аяғын жинап, бағытын айқындап, қайта түлеп жатқан елімізге барынша үлес қосуға бар күш-жігерін сарп етті. Оның еңбек жолындағы, ғылым бағытындағы алғашқы жұмыстары Қазақстанның әр өңірлерінде орналасқан жүзден астам петроглифтер кешенін зерттеуден басталды. Осынау көне жазуларды алғаш ғылыми айналымға енгізуші ретінде ғылыми ортадан ойып тұрып орын алды. Қазақ даласын ерте темір дәуірінде мекен еткен және дүниежүзілік тарих толқынына әсер еткен сақ, сарматтардың бірегей ескерткіштерін кешенді түрде, барлық жаратылыстану ғылымдарының соңғы жетістіктерін қолдана отырып тұңғыш зерттеуді бастаған ғалым ретінде танылды.

3. Самашевтің бастамасымен әрі жетекшілігімен Қазақстанның ежелгі тарихы мен мәдениеті, салт-санасы, мемлекеттілігі тақырыптарында көптеген халықаралық жобалар жүзеге асырылды, бірлескен экспедициялар ұйымдастырылып, орасан зор ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді.

Бүгінде 3. Самашев – қазіргі қазақ археологиясы ғылымындағы санаулы мамандардың бірі де бірегейі. Ол отандық және көршілес өңірлердің археологиясы тақырыбында жазылған 500-ден астам ғылыми еңбектердің, соның ішінде 40-қа жуық кітаптың авторы.

Тарих ғылымында бір өзі бір мектеп қалыптастырған қажымас қайрат иесінің мерейлі жасына орай «Мәдени мұра» журналы өзінің бір санын арнауды жөн көрді. Журналдың бірінші бөліміне ғалымның әріптестері – белгілі ғалымдар, білікті мамандар, шәкірттерінің 3. Самашев жайлы жазған танымдық, естелік, зерттеу мақалалары топтастырылды.

Екінші бөлімде мерейтой иесінің жарты ғасырдан астам уақыттан бергі кезеңде жазған сансыз еңбектерінің ішінен оның таңдаулы туындыларынан үзінділер берілді. Бөлімдер аралығындағы суреттер журнал мазмұнын аша түсті.

Кемел білікті, кең парасатты тарихшының ғылыми кеңістігі азаматтық тұрлаулылығымен берік сабақтасып жатқандығымен маңызды. Зерделі ғалым, зейінді зерттеушінің айтып жеткізгісіз еңбегі біздердің ғана емес, келешек ұрпақтың да терең құрметіне лайық.

Зейнолла Самашұлын бүгінгі мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, ұзақ ғұмыр, отбасы бақытын тілейміз. Қажымас қайрат пен қалтқысыз қызметтің ерен үлгісін танытып келе жатқан асқар тұлғаға тағы бір тағзым етеміз. Жүз жасаңыз, мың болыңыз!

Қазақстан Республикасының
Ұлттық музейі



Құрметті Зейнолла Самашұлы!

Сізді 75 жасқа толған айтулы мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың тұғырлы талай тұлғасын түлеткен Алтай топырағында туып, ат жалын тартып мінгеннен ізденушілік, ғалымдық қырыңызбен ерекшелендіңіз. Басқа еңбектеріңізді айтпағанда, ата-бабамызға мәңгі мекен болған ұлы даланың құпияға толы сырларын әлемге паш ете отырып, ұлтымыздың түп тамыры сонау адамзаттың жыл санауына дейінгі алғашқы кезеңдерде басталғанын нақты дәлелдедіңіз. Тоң басып жатқан Берел обаларын ашып, отандық археология ғылымына айрықша үлес қостыңыз.

Ірі ғалым-зерттеуші, білікті ғылым ұйымдастырушысы, қоғам қайраткері ретінде саналы ғұмырыңызды қоғам мен мемлекеттің өсіп-өркендеуіне арнап келесіз. Археология ғылымының дамуына ғылыми-жаңашыл ұсыныстарды жүзеге асыруға барынша ықпал еттіңіз, бастамашы болдыңыз. Сан қырлы ғалымдық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметіңіздің бір парасы ҚР ҰҒА Археология институтымен тығыз байланыста жемісін беріп келеді. Өзіндік мектеп қалыптастырдыңыз, жүздеген шәкірт тәрбиелеп шығардыңыз.

Бүгінде рухани тамыры үзілмеген қазақ дүниетанымының алтын арқауын жалғастырып отырған отандық тарихшы ғалымдардың санатында Сіздің беделіңіз айрықша зор. Есіміңіз қазақ археологиясы ғана емес, түркі әлемі, қала берді, әлемдік археология тарихына алтын әріппен жазылған.

Қадірлі Зейнолла Самашұлы!

Бүгінгі жетпіс атты биіктің бесінші белесіне көтерілген торқалы тойыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға ырыс-ынтымақ, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр тілеймін. Абыз ақсақал, тұғырлы тұлға – көп жылғы тұрлаулы еңбегінің жемісін шашқан мәуелі бәйтеректей ортамызда жасай беріңіз!

Зор құрметпен,

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
Дәурен Әскербеқұлы Абаев**

Қараша, 2022 ж.

**Көрнекті археолог-ғалым, тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Зейнолла Самашев 75 жаста**



**Видному учёному-археологу, доктору исторических наук,
профессору, заслуженному деятелю Казахстана
Зейнолле Самашеву 75 лет**



**Outstanding Archaeologist, Doctor of Historical Sciences,
Professor, Honored Worker of Kazakhstan
Zeynolla Samashev is 75 years old**





Зейнолла Самашев (17 қараша 1947 ж.т., Бестерек, Шығыс Қазақстан облысы) – тарих ғылымдарының докторы (2010), Астана қаласындағы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты филиалының директоры (2010); көптеген ғылыми археологиялық экспедициялардың жетекшісі; Қазақстанның петроглифтері бойынша танымал маман.

Орталық Азия халықтарының археологиясы, тарихы мен мәдениеті мәселелеріне арналған 500-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы; ғылыми-зерттеу мақалалары Қазақстанда, Ресейде, Қырғызстанда, Францияда, АҚШ-та жарияланған.

Алмания археологиялық институтының корреспондент-мүшесі.

1970 – Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетінің түлегі;

1970 – тарих пәнінің мұғалімі;

1980 – ҚазКСР ҒА тарих, археология және этнография институтының зертханашысы;

1985 – тарих ғылымдарының кандидаты, диссертация тақырыбы: «Жоғарғы Ертістің жартастарындағы таңба, бейнелер»;

1988 – ҚазКСР ҒА тарих, археология және этнография институтының алғашқы қауымдық құрылыс археологиясы бөлімінің меңгерушісі;

1991 – ҚР БҒМ ҒК Археология институтының ежелгі өнерді зерттеу бөлімінің меңгерушісі;

2001 – Берел қорғандарын зерттеуге қосқан үлесі үшін ғылым саласындағы «Тарлан» Платина сыйлығының лауреаты атанды;

2010 – тарих ғылымдарының докторы, диссертация тақырыбы: «Қазақстанның жартастағы бейнелері тарихи дерек көзі ретінде»;

2010 – Астанадағы археология институты филиалының директоры;

2012 – ғылыми-ұйымдастырушылық қызмет жөніндегі кеңесші.

Зейнолла Самашев – Қазақстанның көрнекті археологтарының бірі, әйгілі Берел қорғандарын алғаш ашқан ғалым. 1967 жылдан бастап З. Самашев Қазақстанның ежелгі тарихы бойынша материалдар жинаған археологиялық экспедицияларға қатысты. Алдымен оның қатысуымен, 1980 жылдардан бастап және оның басшылығымен – неолит, қола, ерте темір, сақ мәдениеті мен ерте орта

ғасырлардағы мәдениеттердің ескерткіштері (жартастағы бейнелер, тұрақтар, ауылдар, қорымдар, қорғандар) зерттелді. Олардың көпшілігі алғаш рет ғылыми зерттелген және сипатталған. Осы экспедициялар кезінде жиналған және ғылыми айналымға енгізілген материалдардың көлемі мен сапасы археологтар мен шығыстанушылардың ерекше назарын аударды.

З.С. Самашевтың Қазақстанның петроглифтерін зерттеуге қосқан үлесі айрықша. Оның еңбектерінде осы мәселеге қатысты бұрнағы, түрлі деректер де, оның қатысуымен игерілген ауқымды мәліметтер де жинақталған және академиялық тұрғыдан қарастырылған. Самашевтың көптеген жарияланымдарының арқасында Орталық Азияның жартастағы бейнелерін зерттеу ғылыми қызығушылықтың артуына ие болды және зерттеудің жаңа деңгейіне көтерілді. Отандық, бірқатар шетелдік ғалымдардың Қазақстандағы графикалық археология мәселелеріне арналған соңғы жарияланымдарында оның еңбектеріне көптеген сілтемелер жасалған.

Берел қорғандарын зерттеуге қосқан үлесі және археологиялық қазба жұмыстары кезінде алынған ағаштан жасалған заттарды сақтаудың жаңа әдісін тапқаны үшін 2001 жылы З.С. Самашев жоғары (платина) санатты «Тарлан» сыйлығына ие болды. Ол басқарған Берел экспедицияларының нәтижелері бойынша Үкімет «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын құру туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, ежелгі астана Ноғай ордасы, Сарайшық және Алматы маңындағы Боралдай қорғандары ауданындағы қазба жұмыстары нәтижесінде мемлекеттік «археологиялық парктер» құрылатын болады.

З.С. Самашев – Қазақстанның ежелгі тарихы бойынша ғылыми сарапшы, «Қазақ тарихы» («Қазақстан тарихы») журналының редакциялық алқасының және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Байқаушылар кеңесінің мүшесі.

Марапаттары:

2001 – Берел қорғандарын зерттеуге қосқан үлесі үшін ғылым саласындағы «Тарлан» Платина сыйлығының лауреаты;

2003 – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері;

2017 – «Парасат» ордені.



МӘДЕНИ МҰРА

Негізгі еңбектері:

Самашев З. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 288 с.

Самашев З., Базарбаева Г., Джумабекова Г., Сунгатай С. Berel-Берел. Альбом. – Алматы, 2000. – 50 с. – Общественный фонд поддержки историко-археологических памятников и культурного наследия «Берел».

Самашев З., Марсадоллов Л.С. Изучения археологических памятников Западного Алтая. – Санкт-Петербург: ООО «Копи Р», 2000. – 79 с.

Самашев З., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и погребения Казахского Алтая. – Алматы, 2001. – 108 с.: ил.

Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с. (на каз., рус., англ. языках).

K. Tashbayeva, M. Khujanazarov, V. Ranov, Z. Samashev. Petroglyphs of Central Asia / Translated by O. Titova. – B.: – 2001. – 220 pp.

Самашев З., Ахметкалиев Р., Алтынбеков К. Консервация и реставрация деградированной древесины берельского кургана № 11. – Алматы, 2004. – 96 с., ил.

Самашев З., Төлеубаев А., Джумабекова Г. Сокровища степных вождей. Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 176 с. (каз., англ., рус. яз.).

Самашев З., Мыльников В.П. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая (материалы комплексного анализа деревянных предметов из кургана 11 могильника Берел). – Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 312 с. (на англ. рус. яз.).

Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері (көне тамыры мен сабақтастығы). – Алматы: «Иль-Тех-Кітап», 2005. – 134 б.

Кашкинбаев К., Самашев З. Лошадь древних кочевников Казахского Алтая. – Алматы, 2005. – 129 с.

Горбунов А.П., Самашев З., Северский Э.В. Сокровища мерзлых курганов Казахского Алтая (по материалам могильника Берел). – Алматы: ТОО Иль-Тех-Кітап, 2005. – 114 с.

Самашев З., Джумабекова Г., Нурпейсов М., Чотбаев А. Древности Алматы: Курганы Боролдая. – Алматы, 2006. – 216 с.

Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Монеты Сарайчика. – Алматы, 2005, – 184 с.

Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.

Самашев З., Ермолаева А., Куц Г. Древние сокровища казахского Алтая. – Алматы: Издательство «Өнер», 2008. – 200 с.

Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Сокровища Устюрта и Манкыстау. – Алматы, 2007. – 400 с.

Самашев З., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А. Древнее золото Казахстана. – Алматы, 2007. – 160 с.

Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Керамика Сарайчика. – Алматы, 2008. – 264 с.

Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2010. – 168 с.

Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Төлегенов Е., Исин А., Сайлаубай Е. Памятники монументального искусства Восточного Казахстана (древность и средневековье). – Алматы: ТОО «Археология», 2010. – 216 с.

Самашев З. Берел. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2011. – 236 с.

Самашев З., Онгар А., Оралбай Е., Киясбек Г. Храм-святилище – Кызылуик. – Астана: Издательская группа ТОО «Археология», 2011. – 200 с.

Самашев З., Чжан Со Хо, Боковенко Н., Мургабаев С. Наскальное искусство Казахстана. – Сеул, 2011. – 462 с. (на корейском и русском языках)

Самашев З. Наскальные изображения Жетысу. Баянжурек. – Астана: Издательская группа ф-ла Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2012. – 240 с.

Самашев З. Древнетюркская графика. – Астана: Prosper Print, 2013. – 316 с.

Самашев З. Казахское искусство. – в 5-ти т. – Алматы: Елнұр, 2013. – С. 240. Т. I: Древнее искусство.

Зейнолла Самашев (родился 17 ноября 1947 г., с. Бестерек, Восточно-Казахстанская область) – доктор исторических наук (2010), директор филиала Института археологии имени А.Х. Маргулана в Астане (2010); руководитель многих научных археологических экспедиций; признанный специалист по петроглифам Казахстана.

Автор более 500 научных работ, посвящённых вопросам археологии, истории и культуры народов Центральной Азии; публиковался в Казахстане, России, КР, Франции, США.

Член-корреспондент Германского археологического института.

1970 – выпускник исторического факультета Усть-Каменогорского пединститута; 1970 – учитель истории;

1980 – лаборант Института истории, археологии и этнографии АН КазССР;

1985 – кандидат исторических наук, тема диссертации: «Наскальные изображения Верхнего Прииртышья»;

1988 – заведующий отделом первобытной археологии Института истории, археологии и этнографии АН КазССР;

1991 – заведующий отделом по изучению древнего искусства Института археологии КН МОН РК;

2001 – лауреат платиновой премии «Тарлан» в области наук за вклад в исследования Берельских курганов;

2010 – доктор исторических наук, тема диссертации: «Наскальные изображения Казахстана как исторический источник»;

2010 – директор филиала Института археологии в Астане;

2012 – советник по научно-организационной деятельности.

Зейнолла Самашев является одним из видных археологов Казахстана, который впервые открыл знаменитые Берельские курганы. С 1967 года З. Самашев участвовал в археологических экспедициях, собиравших материалы по древней истории Казахстана. Сначала при его участии, – а с 1980-х и под его руководством, – изучались памятники эпохи неолита, бронзы, раннего железа, сакской культуры и культур раннего средневековья

(наскальные изображения, стоянки, селища, могильники, курганы). Многие из них были научно исследованы и описаны впервые. Объём и качество собранных во время этих экспедиций и введённых в научный оборот материалов привлекли внимание археологов и востоковедов.

Особенно заметен вклад З.С. Самашева в изучение петроглифов Казахстана. В его работах собраны и академически рассмотрены как разрозненные данные, имевшиеся по этому вопросу до него, так и обширные данные, собранные при его участии. Благодаря многочисленным публикациям Самашева изучение наскальных изображений Центральной Азии получило ощутимый прилив научного интереса и вышло на новый уровень обеспеченности. Позднейшие публикации казахских, а иногда и зарубежных учёных, посвящённые вопросам графической археологии в Казахстане, как правило, содержат ссылки на его труды.

За вклад в изучение Берельских курганов и открытие нового метода сохранения предметов из древесины, добытых при археологических раскопках, в 2001 году З.С. Самашев был удостоен премии «Тарлан» высшей (платиновой) категории. По результатам возглавлявшихся им берельских экспедиций правительством принято решение создать Государственный историко-культурный музей-заповедник «Берел». Также, по результатам раскопок в районе древней столицы Ногайской орды, Сарайчика и Боралдайских курганов под Алматы, будут образованы государственные «археологические парки».

З.С. Самашев – научный эксперт по древней истории Казахстана, член редколлегии журнала «Қазақ тарихы» («История Казахстана») и Наблюдательного совета государственной программы «Культурное наследие».

Награды:

2001 – лауреат платиновой премии «Тарлан» в области наук за вклад в исследования Берельских курганов;

2003 – почетное звание «Заслуженный деятель Республики Казахстан»;

2017 – орден «Парасат».



МӘДЕНИ МҰРА

Основные труды:

Самашев З. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 288 с.

Самашев З., Базарбаева Г., Джумабекова Г., Сунгатай С. Berel-Берел. Альбом. – Алматы, 2000. – 50 с. – Общественный фонд поддержки историко-археологических памятников и культурного наследия «Берел».

Самашев З., Марсадоллов Л.С. Изучения археологических памятников Западного Алтая. – Санкт-Петербург: ООО «Копи Р», 2000. – 79 с.

Самашев З., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и погребения Казахского Алтая. – Алматы, 2001. – 108 с.: ил.

Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с. (на каз., рус., англ. языках).

K. Tashbayeva, M. Khujanazarov, V. Ranov, Z. Samashev. Petroglyphs of Central Asia / Translated by O. Titova. – B.: – 2001. – 220 pp.

Самашев З., Ахметкалиев Р., Алтынбеков К. Консервация и реставрация деградированной древесины берельского кургана № 11. – Алматы, 2004. – 96 с., ил.

Самашев З., Толеубаев А., Джумабекова Г. Сокровища степных вождей. Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 176 с. (каз., англ., рус. яз.).

Самашев З., Мыльников В.П. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая (материалы комплексного анализа деревянных предметов из кургана 11 могильника Берел). – Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 312 с. (на англ. рус. яз.).

Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері (көне тамыры мен сабақтастығы). – Алматы: «Иль-Тех-Кітап», 2005. – 134 б.

Кашкинбаев К., Самашев З. Лошади древних кочевников Казахского Алтая. – Алматы, 2005. – 129 с.

Горбунов А.П., Самашев З., Северский Э.В. Сокровища мерзлых курганов Казахского Алтая (по материалам могильника Берел). – Алматы: ТОО Иль-Тех-Кітап. 2005, – 114 с.

Самашев З., Джумабекова Г., Нурпейсов М., Чотбаев А. Древности Алматы: Курганы Боролдая. – Алматы, 2006. – 216 с.

Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Монеты Сарайчика. – Алматы, 2005, – 184 с.

Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.

Самашев З., Ермолаева А., Куш Г. «Древние сокровища казахского Алтая». – Алматы: Издательство «Өнер», 2008. – 200 с.

Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Сокровища Устюрта и Манкыстау. – Алматы, 2007. – 400 с.

Самашев З., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А. Древнее золото Казахстана. – Алматы, 2007. – 160 с.

Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Керамика Сарайчика. – Алматы, 2008. – 264 с.

Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2010. – 168 с.

Самашев З., Сапаев О., Оралбай Е., Төлегенов Е., Исин А., Сайлаубай Е. Памятники монументального искусства Восточного Казахстана (древность и средневековье). – Алматы: ТОО «Археология», 2010. – 216 с.

Самашев З. Берел. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2011. – 236 с.

Самашев З., Онгар А., Оралбай Е., Киясбек Г. Храм-святилище – Кызылуиык. – Астана: Издательская группа ТОО «Археология», 2011. – 200 с.

Самашев З., Чжан Со Хо, Боковенко Н., Мургабаев С. Наскальное искусство Казахстана. – Сеул, 2011. – 462 с. (на корейском и русском языках)

Самашев З. Наскальные изображения Жетысу. Баянжурек. – Астана: Издательская группа ф-ла Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2012. – 240 с.

Самашев З. Древнетюркская графика. – Астана: Prosper Print, 2013. – 316 с.

Самашев З. Казахское искусство. – в 5-ти т. – Алматы: Елнұр, 2013. – С. 240. Т. I: Древнее искусство.

Zeynolla Samashev (born November 17, 1947, village of Besterek, East Kazakhstan region) – Doctor of Historical Sciences (2010), director of the branch of the Institute of Archeology named after A. Margulan in Astana (2010); leader of many scientific archaeological expeditions; recognized specialist in petroglyphs of Kazakhstan.

Author of more than 500 scientific papers on archeology, history and culture of the peoples of Central Asia; published in Kazakhstan, Russia, KR, France, USA.

Corresponding member of the German Archaeological Institute.

1970 – graduate of the Faculty of History of the Ust-Kamenogorsk Pedagogical Institute;

1970 – history teacher;

1980 – laboratory assistant at the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR;

1985 – Candidate of Historical Sciences, dissertation topic: «Rock Art of the Upper Irtysh Region»;

1988 – Head of the Department of Primitive Archeology of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR;

1991 – Head of the Department for the Study of Ancient Art of the Institute of Archeology of the KN MES RK;

2001 – winner of the platinum award «Tarlan» in the field of sciences for his contribution to the research of the Berel mounds;

2010 – Doctor of Historical Sciences, dissertation topic: «Rock paintings of Kazakhstan as a historical source»;

2010 – Director of the branch of the Institute of Archeology in Astana;

2012 – Advisor for scientific and organizational activities.

Zeynolla Samashev is one of the prominent archaeologists of Kazakhstan, who first discovered the famous Berel burial mounds. Since 1967, Z. Samashev participated in archaeological expeditions, collecting materials on the ancient history of Kazakhstan. At first, with his participation, and since the 1980s under his leadership, monuments of the Neolithic,

Bronze, Early Iron Age, Saka culture and cultures of the early Middle Ages (rock carvings, sites, settlements, burial grounds, mounds) were studied. Many of them have been scientifically researched and described for the first time. The volume and quality of materials collected during these expeditions and introduced into scientific circulation attracted the attention of archaeologists and orientalists.

The contribution of Z.S. Samashev in the study of petroglyphs of Kazakhstan. In his works, both scattered data that was available on this issue before him and extensive data collected with his participation are collected and academically considered. Thanks to Samashev's numerous publications, the study of Central Asian rock carvings received a tangible surge of scientific interest and reached a new level of security. The later publications of Kazakh, and sometimes foreign scientists, devoted to the issues of graphic archeology in Kazakhstan, as a rule, contain references to his works.

For his contribution to the study of the Berel burial mounds and the discovery of a new method for preserving objects made of wood obtained during archaeological excavations, in 2001 Z.S. Samashev was awarded the Tarlan Prize of the highest (platinum) category. Based on the results of the Berel expeditions led by him, the government decided to create the Berel State Historical and Cultural Museum-Reserve. Also, according to the results of excavations in the area of the ancient capital of the Nogai Horde, Saraichik, and the Boralday burial mounds near Almaty, state «archaeological parks» will be formed.

Z.S. Samashev is a scientific expert on the ancient history of Kazakhstan, a member of the editorial board of the journal «Kazakh tarihy» («History of Kazakhstan») and the Supervisory Board of the state program «Cultural Heritage».

Awards:

2001 – winner of the platinum award «Tarlan» in the field of sciences for his contribution to the research of the Berel mounds;

2003 – honorary title «Honored Worker of the Republic of Kazakhstan»;

2017 – Order «Parasat».

Main works:

Samashev Z. «Rock paintings of the Upper Irtysh region». – Alma-Ata: Gylym, 1992. – 288 p.

Samashev Z., Bazarbayeva G., Jumabekova G., Sungatay S. Berel-Berel. Album. – Almaty, 2000. – 50 p. – Public Fund for Support of Historical and Archaeological Sites and Cultural Heritage «Berel».

Samashev Z., Marsadolov L.S. Studies of archaeological sites of the Western Altai. – St. Petersburg: Kopi R LLC, 2000. – 79 p.

Samashev Z., Faizov K.Sh., Bazarbaeva G.A. Archaeological sites and field soils of the Kazakh Altai. – Almaty, 2001. – 108 p.: ill.

Tasmagambetov I., Samashev Z. Sarayshyk. – Almaty: OF «Berel», 2001. – 320 p. (in Kazakh, Russian, English).

K. Tashbayeva, M. Khujanazarov, V. Ranov, Z. Samashev. Petroglyphs of Central Asia / Translated by O. Titova. – B.: – 2001. – 220 pp.

Samashev Z., Akhmetkaliev R., Altynbekov K. Conservation and restoration of degraded wood of the Berel burial mound №11. – Almaty, 2004. – 96 s., ill.

Samashev Z., Toleubayev A., Jumabekova G. Treasures of the steppe leaders. – Almaty: OF «Berel», 2004. – 176 p. (Kazakh language, English language, Russian language).

Samashev Z., Mylnikov V.P. Woodworking among the ancient pastoralists of the Kazakh Altai (materials of a comprehensive analysis of wooden objects from mound 11 of the Berel burial ground). – Almaty: OF «Berel», 2004. – 312 p. (in English Russian language).

Samashev Z., Zhetibayev Zh. Kazakh petroglyphtheri (köne tamyry men sabaqtastygy). – Almaty: «Il-Teh-Kitap», 2005. – 134 b.

Kashkinbayev K., Samashev Z. «Horses of the ancient nomads of the Kazakh Altai». – Almaty, 2005. – 129 p.

Gorbunov A.P., Samashev Z., Seversky E.V. Treasures of the frozen mounds of the Kazakh Altai (based on the materials of the burial ground Berel). – Almaty: Il-Teh-Kitap LLP, 2005. – 114 p.

Samashev Z., Jumabekova G., Nurpeysov M., Chotbaev A. Almaty Antiquities: Boroldai Mounds. – Almaty, 2006. – 216 p.

Samashev Z., Burnasheva R., Bazylkhan N., Plakhov V. Coins of the Shed. – Almaty, 2005. – 184 p.

Samashev Z. Petroglyphs of Kazakhstan. – Almaty, 2006. – 200 p.

Samashev Z., Ermolayeva A., Kushch G. Ancient treasures of the Kazakh Altai. – Almaty: Oner Publishing House, 2008. – 200 p.

Samashev Z., Kuserbaev K., Amanshaev E., Astafiev A. Treasures of Ustyurt and Mankystau. – Almaty, 2007. – 400 p.

Samashev Z., Jumabekova G., Bazarbayeva G., Ongar A. Ancient gold of Kazakhstan. – Almaty, 2007. – 160 p.

Samashev Z., Kuznetsova O., Plakhov V. Ceramics of the Sarayshyk. – Almaty, 2008. – 264 p.

Samashev Z., Bazylkhan N., Samashev S. Ancient Turkic tamgas. – Almaty: JSC «ABDI Company», 2010. – 168 p.

Samashev Z., Sapashev O., Oralbay E., Tolegenov E., Isin A., Sailaubay E. Sites of the monumental art of East Kazakhstan (ancient and medieval times). – Almaty: Archeology LLP, 2010. – 216 p.

Samashev Z. Berel. – Almaty: Taymas Publishing House, 2011. – 236 p.

Samashev Z., Ongar A., Oralbay E., Kiyasbek G. Temple-sanctuary – Kyzyluyk. – Astana: Publishing group LLP «Archaeology», 2011. – 200 p.

Samashev Z., Zhang So Ho, Bokovenko N., Murgabaev S. Rock Art of Kazakhstan. – Seoul, 2011. – 462 p. (in Korean and Russian)

Samashev Z. Rock paintings of Zhetysu. Bayanzhurek. – Astana: Publishing Group of the Branch of Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan in Astana, 2012. – 240 p.

Samashev Z. Ancient Turkic Graphics. – Astana: Prosper Print, 2013. – 316 p.

Samashev Z. Kazakh art. – in 5 volumes. – Almaty: Elnur, 2013. – P. 240. T. I: Ancient Art.


**ТҰЛҒА.
ТАҒЫМ.
ТАҒЫЛЫМ**



**ЛИЧНОСТЬ.
ПРИЗНАНИЕ.
ПОЧТЕНИЕ**



**PERSONALITY.
CONFESSION.
HONOR**





Елеуов М.Е.,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

АРХЕОЛОГИЯ ЗАҢҒАРЫ



Бала Зейнолланың туып-өскен ортасы – қазақтың құтты мекені Алтай өңірі. Ол Ұлан ауданының Бестерек ауылында дүниеге келіп, дәстүрлі шаруа отбасында тәлім алған.

1970 жылы Өскемен педагогикалық институтын тарих мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолын осы оқу орнында ұстаздық қызметтен бастаған. 1980 жылдан археологиялық зерттеулерге бет бұрып, кіші ғылыми қызметкерден бастап ғылым докторы дәрежесіне дейінгі қажырлы еңбек жолын жүріп өтті.

Зейнолла Самашұлының ғылыми ізденістерінің басты арнасы Орталық Азия

жерін мекендеген халықтардың ежелгі және ортағасырлық тарихын, мәдениеті мен өнерін зерттеуге бағытталды. Ол Қазақстанның түрлі аймақтарында шоғырланған, тас дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі аралықтағы жартас бетіндегі суреттердің жүздеген жәдігерлерін ашып зерттеді. Ақбауыр, Баянжүрек, Сауысқандық, Теректі әулие, Төлеубұлақ сынды ескерткіштерде жүргізген кешенді зерттеулері мен Қазақстан пегроглифтерін қамтыған докторлық жұмысы ғалымның ерен еңбегі дер едік.

Зейнолла Самашұлының ғылым жолындағы көлемді еңбектерінің бірі Алтай



МӘДЕНИ МҰРА

төріндегі әйгілі Берел қорымында жүргізген тыңғылықты зерттеулері болып табылады. Ол жетекшілік еткен археологиялық экспедиция жұмыстарының ең жарқын жаңалықтары қатарында, Берел жазығы мен Қарақаба өзені жағасындағы сақ және ежелгі түркі дәуірінің «тоң басқан» обаларынан табылған археологиялық жәдігерлерді айрықша атауға болады. Берел қорымынан табылып, осы күнге дейін бұзылмай сақталған органикалық материалдар арқылы Қазақстанның өте ертедегі ежелгі тарихына қатысты соны тұжырымдар жасап, көшпенділердің технологиялық даму дәрежесі мен дүниетанымы жайлы әлемдік ғылымға теңдессіз жаңалықтар ұсынды.

Зейнолла Самашевтың басшылығымен өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап Маңғыстау өңіріндегі Бәйте, Үстірттегі Қызылүйік сынды сарматтардың ғұрыптық кешендері мен қола дәуірінің Тоқсанбай қонысы, Жайық бойындағы Алтын Орда хандарының жазғы ордасы мен сол кезеңнің ірі орталығы болған Сарайшық қалашығында кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп келе жатыр. Зерттеу нәтижесінде Алтын Орда мемлекетінің тарихы, экономикасы, ақша айналымы жайында тың мәліметтер алынып, ғылыми айналымға енді.

Ғалымның еңбектерінде Сарайшық қаласы Еуразия даласындағы тоқсан тарау, тоғыз жолды тоғыстырған, Алтын Ордадан кейінгі Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында да маңызды орын алған орталықтардың бірі ретінде бағамдалады.

ЮНЕСКО-ның 1993-1997 жылдар аралығында жүзеге асырылған «Орталық Азияның петроглифтер корпусы» бірлескен қазақ-француз археологиялық экспедициясының жетекшісі қызметін атқарды. Ал 2003-2010 жылдар аралығында Германияның Бохум қаласындағы тау-кен ісі музейімен бірлескен жобаның жетекшісі ретінде Қазақстандағы ежелгі тау-кен ісі мен

металлургия және еліміздің шығысындағы қалайы өндірген ежелгі кеніштерді зерттеді.

Зейнолла Самашұлының ғылыми ізденістерінің келесі бір бағыты – 2007-2016 жылдар аралығында Моңғолия аумағындағы Еуразияның далалық көшпелілер дүниесіне ортақ мәдени мұра ескерткіштеріндегі зерттеулері. Осы жылдар аралығында бұғытастар, ежелгі түркілердің қалалары, Шивээт Улаан сияқты ғұрыптық кешендер мен монументалды өнер ескерткіштері және ғұндардың обалары зерттеліп, ғылыми айналымға енді.

АҚШ, Германия, Украина, Ресей және басқа да алыс-жақын шетелдерде көрмелер өткізу арқылы Қазақстанның тарихи мұраларын насихаттап, ел аумағындағы Берел қорық-музейін, Сарайшық қаласындағы ашық аспан астындағы музейді ұйымдастырудағы еңбектері ғалымның қоғамдық орайдағы қызметінің үлкен бір парасы екенін еске саламыз. Ғалым Қазақстан мен Еуразия даласының көне тарихы мен археологиясына қатысты 500-ден астам ғылыми мақалалардың, оның ішінде 30-дан аса монографиялық еңбектің авторы.

Саналы ғұмырын қазақтың төл тарихын түгендеуге арнаған ғалым және осы жолда шәкірт баулып жүрген ұлағатты ұстаз. Тынымсыз еңбек пен биік парасат пайымының нәтижесінде тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының иегері атанды.

Көнеден сыр тартып, ескі тарихымыздың талай көмбелі қазынасын жарқырата танытып келе жатқан археология тарланына жамағат қауым мен елі риза. Зейнолла Самашұлы сынды қадірлі де қарымды әріптесіміздің еселі еңбегі, ұлағатты жолы жалғаса берсін деп тілектестік білдіреміз.

СУРЕТТЕ: аса құнды лепидолит рудасы. Бұрынғы Асубұлақ кен байыту комбинаты, Ұлан ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.



Подушкин А.Н.,
доктор исторических наук,
профессор Южно-Казахстанского государственного
педагогического университета
г. Шымкент, Казахстан
e-mail: p_a_n_alex@mail.ru

ПЫТЛИВЫЙ УМ, НЕУТОМИМЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬ

(к 75-летию учёного-археолога)

Легко писать о незаурядном человеке, которого знаешь десятки лет и который своими делами создаёт позитивную ауру, притягивающую к себе окружающих и уважающих его людей.

Время в представлении профессионала-археолога одновременно конкретная и весьма специфическая категория, поскольку учёные этой профессии в своей практике могут апеллировать к огромным хронологическим периодам, включающим, в зависимости от артефактного материала, сотни, десятки тысяч и тысячи лет. На таком фоне семь с половиной десятков лет – миг, мгновение, ничтожно малая цифра, которую археологи могут фиксировать, только обращаясь к нумизматическим находкам, выполняющим роль хроно-индикаторов. Однако для любого конкретного человека, а тем более крупного учёного, семьдесят пять лет – это серьёзный жизненный этап, возраст, предполагающий оценку своей деятельности и подведение определённых итогов.

Именно так произошло с моим коллегой, высоким профессионалом, замечательным человеком, Зейноллой Самашевичем Самашевым, который совсем незаметно для окружающих (и, наверное, для себя), подобрался к этому юбилею.

По долгу профессии и совместным научным проектам я достаточно долго (около сорока лет), но не так часто, как хотелось бы, общался с Зейноллой Самашевичем как на научных форумах и тематических мероприятиях, так и в реальной полевой обстановке, в совместных экспедициях. Мои впечатления об этом общении предлагаю ниже в виде небольших текстовых зарисовок-эссе о Зейнолле Самашевиче.

Впервые мне довелось познакомиться и контактировать с ним в восьмидесятые годы прошлого столетия на ежегодных отчётных сессиях казахстанских археологов в отделе археологии Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН Казахской ССР, где он начинал свою трудовую деятельность в секторе первобытной археологии. Его научные интересы в то время были связаны

с исследованием наскальных рисунков, петроглифов – тема, мало сочетаемая с моей проблематикой (государство Кангюй), однако этот факт никак не повлиял на наши будущие профессиональные и человеческие отношения.

Уже тогда этот невысокий, крепкого телосложения человек выделялся среди когорты казахстанских археологов своей целеустремлённостью в контексте освоения



*Рис. 1. В домашней библиотеке
З.С. Самашева*

*Fig. 1. In the home library
of Z.S. Samashev*

петроглифической проблематики и формирования себя как будущего учёного. Последующее время показало – он был на правильном пути. Это позволило Зейнолле Самашевичу подняться в научной карьере от лаборанта до главного научного сотрудника Института археологии имени А.Х. Маргулана МОН РК, защитить последовательно кандидатскую, затем докторскую диссертации и стать руководителем многих научно-исследовательских проектов, возглавляя при этом серьёзные археологические учреждения и многочисленные полевые экспедиции.

Останавливаться на фиксации достижений на отдельных этапах этого пути нет необходимости, я только обозначу основные качества Зейноллы Самашевича, которые позволили ему стать тем человеком в казахстанской археологии, каковым он является сейчас.

Начну с широкой и стационарной в плане фундаментальных знаний эрудиции, рамки которой не ограничиваются только археологией. Однозначно это качество, которое, судя по всему, заложено в нём самой природой, помогло ему ориентироваться в такой сложной науке, как археология, ведь для того, чтобы

стать археологом, нужно освоить основы как минимум трёх десятков других, не обязательно гуманитарных наук. Эрудиция невозможна без основополагающего базиса – библиотеки. На этот счёт у Зейноллы Самашевича всё в порядке, у него одна из лучших в Казахстане огромная библиотека с тысячами томов книг, не говоря уже об изданиях в цифровом компьютерном формате, которых тоже тысячи (рис. 1).

Как учёного с большой буквы, Зейноллу Самашевича характеризуют широчайший хронологический и научный диапазон исследований (от эпохи камня до средневековья), который к тому же охватывает практически все регионы Казахстана, где наш юбиляр проводил многолетние археологические исследования и добился выдающихся результатов.

Учёный широкого и пытливого ума, требующего определённого выплеска, Зейнолла Самашевич обладает предельной коммуникабельностью и энергией творчества, которая порой просто поражает! При этом возраст как-то отходит на второй план. Например – неизменно с хорошей фотокамерой (неотъемлемый атрибут археолога-профессионала), он с лёгкостью

молодого человека совершенно спокойно передвигался по горным и опасным тропам Каратау и Каржантау на юге Казахстана, фиксируя при этом свои любимые петроглифы и другие археологические объекты.

Будучи главой археологических учреждений, Зейнолла Самашевич мог одновременно «тянуть» несколько исследовательских проектов и руководить экспедициями в разных регионах Казахстана, что требовало бесконечных передвижений, с чем он удивительным образом справлялся, причём с пользой для дела и совершенно без ущерба для науки. Так, он способствовал становлению Угамского археологического отряда, который поднял на новый уровень исследование многочисленных памятников этого горного урочища в Южном Казахстане (рис. 2). Кроме того, Зейнолла Самашевич

щедро делился опытом организации археологических экспедиций, приглашая к себе заинтересованных исследователей для осуществления совместных проектов – так, я и археологический отряд Южно-Казахстанского государственного педагогического университета (ныне Центр археологии при ЮКГПУ) несколько раз в разные годы участвовали в таких полевых работах. Это экспедиции в урочище Баганалы в Южном Казахстане, урочище Елекесазы в Восточном Казахстане (Тарбагатай) (рис. 3).

По части научных убеждений он был и остаётся чрезвычайно конкретным учёным, который всегда, порой жёстко, отстаивает свою точку зрения на ту или иную проблему и практически никогда её не меняет.

Одним из главных дел своей жизни Зейнолла Самашевич считает комплексное



Рис. 2. З.С. Самашев среди команды Угамского археологического отряда. 2012 г.

Fig. 2. Z.S. Samashev among the team of the Ugam archaeological team. 2012

исследование знаменитых Берельских курганов алтайских саков на его родине, в Восточном Казахстане. На этом поприще им сделано очень много, причём именно здесь им были использованы и внедрены новейшие технологии и мультидисциплинарный подход в археологических исследованиях; поэтому сейчас уникальные курганы изучают генетики, антропологи, химики, физики, ботаники, ветеринары и почвоведы.

Ещё одна важная тема в научной жизни юбиляра – консервация артефактов и музеефикация археологических объектов, превращение их в музеи под открытым небом с целью включения в инфраструктуру отечественного и иностранного туризма. В результате многолетних усилий Зейноллы Самашевича стало возможным открыть Государственный историко-культурный

музей-заповедник Берель, который успешно функционирует в настоящее время, принимая учёных и туристов из многих стран.

Коммуникабельность и научно-организационная мобильность проявилась у Зейноллы Самашевича и в вопросах международного сотрудничества, спектр которого в период его руководства Астанинским филиалом Института археологии РК им. А.Х. Маргулана был очень широк. Международные конференции, тематические выставки в крупнейших научных центрах Европы и Центральной Азии (Германия, Франция, Россия, Великобритания, Китай, Монголия) были нормальным явлением; аналогичным образом функционировали совместные экспедиции с учёными из перечисленных стран, что способствовало установлению профессиональных контактов



Рис. 3. По пути на Елекесазы (Тарбагатай).
З.С. Самашев среди Шымкентской команды
работников. 2019 г.

Fig. 3. On the way to Elekesazy (Tarbagatai).
Z.S. Samashev among the Shymkent team of workers.
2019

казахстанских археологов с мировой элитой крупных учёных.

Издательская миссия и популяризация культурного наследия – также одна из важнейших сфер научного творчества нашего юбиляра. На этом поприще он действительно достиг выдающихся успехов – так, количественный перечень его научных и научно-популярных публикаций превышает 400 единиц, из которых более 30 книг и монографий по проблемам археологии, истории, культуры и искусства Казахстана и Центральной Азии. Причём этот большой фонд исключительно позитивно служит изучению и популяризации огромного историко-культурного наследия Республики Казахстан, поднимая престиж нашего государства в глазах мировой общественности.

Отдельная тема – команда Зейноллы Самашевича, включающая учеников и коллег-сподвижников по археологической тематике. Достаточно посмотреть на большой список его совместных с молодёжью публикаций, чтобы сделать вывод о том, что юбиляр поддерживает научные устремления молодых учёных, создаёт базовые условия для их самореализации в археологии Казахстана. Мне посчастливилось работать в этой команде, о которой смело можно сказать, что это крепкий коллектив единомышленников, объединённый единой целью – способствовать развитию археологической науки в нашей республике.

Оценивая взглядом тот огромный вклад, который сделал Зейнолла Самашевич в археологию, можно говорить о том, что перед нами – талантливый человек, крупный учёный, такая интеллектуальная «глыба», олицетворяющая лучшие достижения в этой науке. Однако сам юбиляр совсем не производит впечатления «супер-учёного» – напротив, он предельно прост и доступен в общении, всегда

поможет советом или действием; в этом плане он относится к категории людей обязательных (сказал – сделал). К этому качеству можно добавить ещё человеческую скромность (никогда и нигде не позиционировал себя как «великого учёного» и не акцентировал внимание на своих научных достижениях), а также абсолютную непритязательность в быту и приспособленность к спартанским полевым условиям археологических экспедиций.

В завершение хочу сказать следующее: Зейнолла Самашевич по отношению к жизни и работе – вне возраста, для него наука археология не только профессия, но и образ жизни. Поэтому пожелаем «Берельскому вождю» (образное выражение южно-казахстанских археологов), Зейнолле Самашевичу Самашеву успехов в науке и здоровья в будущем на многотрудном археологическом пути во благо нашего государства и общества: его пытливый ум и неутомимость исследователя ещё очень востребованы как в археологической среде учёных, так и среди простых жителей Республики Казахстан.

Археологическое сообщество Казахстана может гордиться тем, что в его рядах есть такой учёный, как Зейнолла Самашевич Самашев, чьё научное творчество можно назвать национальным достоянием, поскольку оно на десятилетия вперёд создало мощный фундамент изучения и популяризации культурного наследия предков современных казахов.

Без всякого преувеличения хочу констатировать: я всемерно благодарен судьбе, которая дала мне уникальную возможность контактировать, осуществлять научные проекты и просто жить в одно время с замечательным учёным и Человеком с большой буквы – Зейноллой Самашевичем Самашевым.



Тоқтабай А.У.,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: akhmet.t@mail.ru

ТАСТАРҒА ТІЛ БІТІРГЕН ТАРЛАН

Археологтың өмірі ауыр, бірақ қызық, үнемі жүздеген, мыңдаған жылдар өтіп кеткен ата-бабалар ізін іздеп, тауып алған соң «оба, жұрт, қамал-кенттерді қалай қазсам», – деп жобалайды да, қазбадан табылған заттарды жүйелеп, тарихи деректермен салыстырып, қалай сөйлетсем деп өзінен алдыңғы мәліметтерге, кітаптарға үңіледі, сөйтіп тарихтың, өнердің, халықтың игілігіне айналдырады. Зейнолла Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетінде 2-курстан бастап археологиялық экспедицияларға қатысып, Кеңес одағына танымал археолог Фирая Арслановадан тәлім алды. Бірнеше жыл экспедицияға қатысып, қола дәуірінің қыр-сырына үңілді. Ф. Арсланова Мәскеуге жұмысқа ауысқанда Өскеменнен Алматыға келіп-кетіп, жаз айларында республиканың белгілі археологы Мир Қасымұлы Қадырбаевтың экспедициясына қатысып, обалар мен қорғандарды қазудың әдістері мен тәсілдерін әбден меңгерді. Жалпы М.Қ. Қадырбаевтың мектебінен өткен археологтардың осалы жоқ. Ж. Құрманқұлов, А. Бейсенов, С. Жауымбаев, А. Ермолаева, т.б. «М.Қ. Қадырбаевтың экспедициясына қатысқанбыз», – деп әлі күнге дейін мақтанышпен айтады.

Зейнолланың үйлену тойында Мир Қасымұлының: «Трудная судьба этого молодого человека, ғылыми ортадан алыста, мектепте сабақ бере жүріп, жазда менің экспедицияма қатысып жүрді, менің қуанатыным қазір нағыз жұмыс істейтін жерін тапты», – деген сөзі әлі есімде.

1979 ж. Зейнолла Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және археология институтының археология бөліміне жұмысқа келді. Бірақ Өскеменде өткізген өмірі басқа өткен жоқ. Алтайдың бірнеше мың жартас суреттерін алып келіп, Ленинградта стажировкада болып, КСРО-ның маңдайалды археолог ғалымдарымен тәжірибе алмасып және кеңесе отырып шығыс өңірінің жартас суреттеріне арналған кандидаттық диссертациясын Кемерово қаласында жоғары деңгейде қорғап шықты. Көптеген мамандар Академик А. Окладниковқа дейін жоғары баға берді.

Далада жұмыс істейтін геолог, археолог, палеозоолог, т.б. мамандар экспедиция ұйымдастырудың оңай емес екенін жақсы біледі. Зейнолла көктем шыға экспедицияға мұқият дайындық жасайды, алдымен өзі мүмкіндік болса зерттейтін нысанына барып келіп, содан соң жоспар құрады.

Әдетте Зейнолланың экспедициясында ғылымның әр саласынан мамандар болады. Обаларды қазу үшін археологтан басқа, геолог, палеозоолог, этнограф, ботаник, жергілікті өлкетанушылар, шетелдің Ресей, Франция, Германия мамандары қатыстырылады. Бейне бір көне заман қойнауына түсірілген десант сияқты. Кейде мен сұрап қоямын: осыншама мамандар не үшін қажет деп. – Жеке дара зерттеушілердің, Шлиманның (Трояны қазған – А.Т.) заманы өткен. Қазір толық ғылыми мақсатқа жету үшін ғылымның әр саласынан мамандар қатыстырмасақ, бәрін білем деген болмайды. Мысалы: Алтайдың тоң басқан қорғандарын қазғанда гляциолог керек пе,

керек, мүрдені ораған шөп қалдықтары шықты, бұл ботаниктің жұмысы, ағаш табыттан бастап, мүрдені ораған шөптер – бұларды кім зерттейді, әрине ағаш маманы деп шұбыртып ала жөнелгенде, мен тосылып қалдым. Бір жылы Ресейден келген ағаш маманы экспедицияға бастан-аяқ қатысып, қыс бойы үш айдай жанындағы серігімен екі адам, Алматыда болып, обадан шыққан ағаштарға зерттеу жүргізді. Екеуінің пәтері, ішіп-жемі, жол қаражаты, бәрін экспедиция есебінен төледі. Нәтижесінде тек ғана обадан шыққан ағаштарға арналған монография жарық көрді.

Маған бірде: «Жылқы туралы жазғандарың бар ма? Шығарып жіберейік», деді. Бір ай ішінде әкеп беріп едім, өзі қарап шықты да, «мың дана тираж жете ме» деді, «артығымен жетеді» деймін мен. Онда баспаны өзің тап, қаржысын аударайық. «Культ коня у казахов» деген кітабымның жолы болды, чех ғалымы пікір жазды, француз, ағылшын, бірнеше Ресей ғалымдары сілтеме берді. Мен әлгілерді көргенде сол елдердің наградасын алғандай қуандым.

Сонымен қатар, Зейнолла өмірден өтіп кеткен археологтардың кітаптарын қайтадан басып шығарып, олардың туыстары және өзінің әріптестері риза болды. Зекеңнің бір қасиеті атымтай жомарттығы, 1990 жылдардың аяғы, жаңа жылға аз ғана күн қалған. Әлдеқашан демалысқа шығып кеткен ғалымдар Зекеңнің кабинетінде дастарханға жиналыпты, ішінен шығыстанушы Минғұловты, палеозоологты таныдым, бәрі қызара бөрітіп алған, алдарында асылған ет, ішкендері коньяк. Артынан «шалдар нағып жүр» деп сұрасам, «жаңа жылға ақша сұрай кепті» дейді. «Бердің бе» десем, «қайтеме енді, қарызданып тауып бердім», – дейді Зейнолла.

Жалпы Зекең экспедициясы бай болады. Бір жылы Берелге барсам қымызды флягамен алдырып, балды үлкен кеселерге құйдырып қойыпты. Мен «бай екенсіңдер» деймін.

– Кеше сиыр сойып едік, еті арықтау болды, – деді Зекең.

– Бір қу кешкі ақшамда сиырын алып келді, несіне асығамыз, ертең соймаймыз ба, – деп едім, қазір соятын қасапшыларды ала келдім, жайлауға кетіп барам, өзім сойдыртып, етін бөліп берем деген соң, айтқанына көніп едім. Екі қасапшысы және студенттер бар, союын сойды. Ақшасын бердім. Бүгін бір-ақ білдім,

сиырының арықтығын білдірмеу үшін кешкі апақ-сапақта әдейі сойған екен. Ахмет, сен ауыл-ауыл дейсің, міне, ауылдың адамдары да бұзылған, – деп, бірақ ешқандай қынжылғанын білдірмеді.

Зекең сол бір жылдары Атырау-Маңғыстау жағында бір экспедицияны, Алтайда екінші экспедицияны қатар басқарды. Өзінің айтуынша, екеуін қатар алып жүру сарматтар мен сақтардың материалдарын салыстыруға жақсы десе, экспедиция мүшелері: Атырау мен Маңғыстаудың ми айналдырар ыстығы мен құмынан кейін Алтайға келгенде курортқа келгендей боламыз деп мәз болады.

Зекеңнің тағы бір қасиеті, өзінің тобындағы ғалымдардан бастап, лаборанттарға дейін ерекше қамқорлығы. Жастарды Ресейдің ғылыми орталықтарына жіберіп, жұмыс істейтіндерін тезірек қорғатып жібереді. Жалақыларын көбейтіп, қаржысы жетіспесе





МӘДЕНИ МҰРА

басқа жерлерде істеуіне кедергі келтірмейді. Экспедиция есептері, кітап, монография, т.б. шұғыл жағдайларда өзі де ұжымымен бірге жүріп, лабораторияда таң атқанша отыратын жағдайлар кездеседі. Жұмыс болмаса адамдардың күнде келіп отыруы міндетті емес. Бір жас жігітті «Қазахфильм» ықшам ауданында нан сататын дүкеннен 1990 жылдары үнемі көретінмін, «Әй, сен осы институтта істейсің бе, әлде наубайханашы болып кеткенсің бе» десем, «әзір жұмысқа бармасам да болады, жұмыс бар кезде өзім шақырам деп Зекең босатқан» деді. Ғылымға икемі бар, осыдан бірдеңе шығады-ау деген жастарды бірден таниды да барлық жағдайды жасайды. Қолынан ештеңе келмейтіннен жерлесі, тіпті туысы болса да тезірек құтылады. Өзі пәтерсіз жүріп Ғалия деген қызды жұмысын қорғатып, Иманғали Тасмағамбетовке айтып жүріп пәтер алып берді.

Жалпы Қазақстан археология ғылымында бұрын негізінен орыс, еврей ғалымдары басым түсіп отырды, қазақтар көбінесе партия және қазіргі заман тарихы жағында болды. Зейнолла осы стереотипті сындырды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен қазақ жастарын тарих факультеттерінен алып, экспедицияларға қатыстырып, жетекшілік жасап, жол-жобасын көрсетіп, жол ашып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Қазір жеке экспедиция басқарып жүрген шәкірттері аз емес, алды – Ақан Оңғар, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтын басқарып отыр.

Археология, этнография ғылымында жылда экспедицияға қазба жұмыстарын сәтті жүргізіп, жоғары жаққа есеп беру бір басқа, оны жариялау тағы бір басқа. Көп ғалымдар, олардың ішінде белгілі зерттеушілерде бар

уақыттың аздығынан, өзінің самарқаулығынан экспедиция материалдарын жариялай алмай жатады. Зейнолла қазба жұмысы біте салысымен мақала түрінде, объекті біткен соң міндетті түрде монография, кітап етіп жарыққа шығарып, ғылыми айналымға түсіреді. Осы тұрғыдан қазіргі кезде Зекеңнің алдына түсетін ешкім жоқ-ау, сірә. Заман талабына байланысты еңбектерін шетел тілдерінде жариялай бастады.

Археологиялық табындыларды қазып алу бар, көне дәуірді қазіргі күнге жақындатып көрсету қиынның қиыны. Берелден шыққан он үш атты қаңқасымен, ер-тұрманымен жаңғырту әрбір зерттеушінің қолынан келе бермейтін іс. Зекең зергер Қырым Алтынбековті, қару-жарақ маманы Халиолла Ахметжановты, ветеринар Қашқынбаевты жұмылдыра отырып, Берел жылқыларының, Атыраудағы Сармат жауынгерінің, т.б. жәдігерлердің жаңғыртпасын (реконструкциясын) жасап шықты. Бұл дүниелердің халықтың көңілінен шыққаны соншалық, оқулықтарға дейін, көркемөнер шығармаларында көрсетілетін болды. Алтайдан түркі заманындағы қобыз сөйлейтін болды, Тарбағатайдан табылған тақта отырған түркі қағаны нөкерлері мен қолбасшыларын қабылдап тұрған әдемі жаңғыртпа пайда болды. Көшпенділер өркениетінің ірі маманы Н. Масановтың: «Қазақ тарихындағы жетпей жататын шешуші мәселелерді археологтар айтады», – деп тұжырымдағаны бар еді. Ата тарихымыздың кем-кетігін толтырып, жыртық-тозығын жамап, осы жолда қажымай-талмай келе жатқан Зекеңнің туған халқына бергенінен берері мол.

СУРЕТТЕ: З. Самашевпен Ақбауыр археологиялық кешенінде, 2022 ж.



Боковенко Н.А.

Отдел археологии Центральной Азии и Кавказа
Института истории материальной культуры РАН
г. Санкт-Петербург, Россия
e-mail: nibo25@yandex.ru

КУЛЬТУРА САКОВ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА: ПОИСК ИСТОКОВ¹

В статье затронуты вопросы исследования культуры саксов Восточного Казахстана с точки зрения определения истоков формирования сакской элиты. В качестве истоков формирования рассмотрен элитный курган Аржан-1 в Туве как компонент эпохи ранних кочевников или сако-скифского типа. Далее автор статьи описывает результаты археологических исследований сакской культуры на территории Восточного Казахстана, которой предшествуют раннесакская эпоха ранних кочевников. Особое внимание акцентировано на совместных экспедициях с З.С. Самашевым.

Ключевые слова: саки, культура, памятники Алтая, Берел, Майемер, Аржан.

В 70-х годах XX века был исследован М.П. Грязновым и М.Х. Маннай-оолом огромный элитный (120 м в диаметре) курган Аржан-1 в Туве (Грязнов, 1983). Под каменной насыпью находилась деревянная шатровая конструкция, прикрывавшая 70 бревенчатых клетей срубов. В них вместе с «царем» и «царицей» были погребены еще 15 знатных вельмож, и в отдельных деревянных камерах – 13 массовых захоронений верховых коней в полном снаряжении (около 160 жеребцов). Материалы этого мегакомплекса, однако, показали, что он относится к культуре ранних кочевников или сако-скифского типа и имел все компоненты этой эпохи уже в сложившемся виде. Комплексный подход к датировке этого кургана позволил получить надежную его дату – рубеж

9-8 вв. до н. э. (Алексеев, Боковенко и др. 2005). В предшествующей культуре (монгун-тайгинской) явных сако-скифских черт пока не прослеживается, поэтому встал вопрос о поиске их истоков, и одним из перспективных регионов был Казахстан.

В 1976 году мне удалось попасть в Западно-Казахстанскую археологическую экспедицию, которой руководил М.К. Кадырбаев. В раскопках участвовали, тогда еще молодые, А. Ермолаева, Ж. Курманкулов. Экспедиция исследовала на реке Илек замечательный могильник Бесоба. В кургане 3 было богатое захоронение жрицы под шатровой деревянной конструкцией. Материалы этого комплекса относились к савроматской культуре и датировались 5-4 вв. до н. э.

¹Работа выполнена в рамках программы «Степные скотоводческие культуры, оседлые земледельцы и городские цивилизации Северной Евразии в энеолите – позднем железном веке (источники, взаимодействия, хронология)» (FMZF-2022-0014)

В 1980-1983 гг. в зоне строительства Шульбинской ГЭС работала Шульбинская археологическая экспедиция, возглавляемая А.Г. Максимовой и С.М. Ахинжановым. Широкие археологические исследования включали раскопки памятников эпох камня, бронзы, раннего железа, средневековых кочевников, изучение петроглифов. В ее составе работали Ж.К. Таймагамбетов, З.С. Самашев, Ю.И. Трифонов, А.С. Ермолаева.

По приглашению З.С. Самашева мне удалось участвовать в раскопках могильника Когалы-1. Две круглые ограды по совокупности признаков (форма ограды, определенные типы посуды) отнесены к бегазы-дандыбаевской культуре типа Сангру-1, Бегазы, Айбас-Дарасы и др. Наиболее вероятная дата исследованного комплекса 10-8 вв. до н. э. (Боковенко, Самашев, 1985). Стало ясно, что в Восточном Казахстане памятники этой культуры предшествуют раннесакской эпохе ранних кочевников, когда формируется их всадническая культура. Захоронения человека с конем или сбруей распространены практически во всех районах Центральной Азии, кроме Минусинской котловины. В основном вместе с человеком погребали одного или двух коней, снаряженных

под верховую езду (иногда клали только сбрую) в небольших округлых каменных оградах либо на уровне древнего горизонта, либо в ямах (Курту II, Баданка IV, Черный Ануй I, Семисарт I, Усть-Куюм, Элекманар II, Кок-Су I, Солонечная, Майэмир, Черновая, Алды-Бель I, Хемчик-Бом III, Ортаа-Хем III, и др.). Здесь также исследованы элитные комплексы Чиликты-Шыликты.

Основные характеристики майэмирской культуры – расположение курганов микропочками, погребальная камера в виде могильной ямы (порой довольно глубокой) с подбоем и каменным заслоном или с каменным ящиком; наличие кольцевых выкладок по периметру насыпи или отсутствие каменной наброски; совместное захоронение человека с лошастью, овцой или с уздой (в северном или северо-восточном секторах); погребенные лежали вытянуто на спине, головой на север или северо-запад.

Тем более случайных находок раннекочевнического облика в Восточном Казахстане достаточно много (мечи, кинжалы, наконечники стрел, зеркала, пряжки, конское снаряжение и др.). Особенно выделяется бухтарминское зеркало с прекрасными



*Н. Боковенко, З. Самашев, С. Александров.
Акбауыр, 2019 г.*

*N. Bokovenko, Z. Samashev, S. Alexandrov.
Akbaury, 2019*

изображениями оленей и козла, которые выполнены в раннесакском зверином стиле.

З.С. Самашев начал широкомасштабные исследования на могильном поле Берел в долине р. Бухтарма в Восточном Казахстане. Здесь, в высокогорной долине, насчитывается более 30 курганов, расположенных цепочками. Ряд элитных погребений из могильника Берел относятся к пазырыкской культуре. Наиболее крупные наземные конструкции свидетельствуют о том, что древние кочевники хоронили здесь своих вождей, для которых и воздвигали сложные погребально-культовые сооружения, выполнявшие роль своеобразных храмов.

Активные работы проходили в 1997-1999 гг., когда работала международная археологическая экспедиция Института археологии им. А.Х. Маргулана (Алматы, Казахстан) при участии ряда научно-исследовательских институтов, университетов и Восточно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея (Усть-Каменогорск), а также Археологической миссии Франции в Центральной Азии и научно-исследовательского центра Лигабуе (Италия) под руководством З. Самашева по исследованию больших курганов в Берельской степи (Самашев, Базарбаева, Жумабекова и др., 2000; Самашев, 2011).

Структура наземных сооружений больших каменных курганов упорядоченная и многослойная, состоящая из сложных элементов (ограды, жертвенников, специально выложенной дорожки и др.).

Наиболее интересный курган 11, благодаря мерзлоте в нем сохранилось много предметов из органики, что позволило реконструировать детали погребального обряда. Могила была перекрыта жердями, внутри находился лиственничный сруб, сооруженный в три венца из толстых деревянных плах: в пазы продольных вставлялись поперечные плахи. Сверху он был накрыт массивными плахами, большими полотнищами бересты с прослойкой веток курильского чая. Погребальная камера-сруб представляла собой довольно просторное помещение размерами 3,43 x 1,85 x 1,26 м. Дендрохронологами установлено, что некоторые из бревен погребальной камеры были заготовлены заранее, и не исключено,

что они использовались в жилом помещении задолго до погребения.

Внутри сруба на вымощенном плитками дне могилы была установлена колода из лиственницы. С четырех сторон колоды на торцах находились проушины, при помощи которых она была опущена в погребальную камеру. Сверху колода закрывалась крышкой, по углам которой были помещены четыре бронзовые с позолотой массивные фигуры птиц – своего рода ангелы-хранители, выполнявшие функцию символической охраны умершего. В колоде был захоронен мужчина (35-40 лет) и женщина.

За стенкой сруба были уложены 13 коней рыжей золотистой масти в полном парадном верховом снаряжении, которое было украшено многочисленными деревянными бляшками, покрытыми золотом и выполненными в скифо-сибирском зверином стиле. Седла также украшены многочисленными аппликациями, на некоторых конях имелись маски.

Серия полученных радиоуглеродных дат (по дереву, фетру, войлоку, бересте и волосам коней) соответствует археологическим данным о времени сооружения кургана 11 в пределах 5-2 вв. до н. э., но более вероятную дату дал анализ волос лошади (AA-37714), которые, как известно, живут не более 20 лет – рубеж 4-3 вв. до н. э.

По приглашению З.С. Самашева с 2003 года я периодически участвовал в исследовании остальных элитных курганов. Аналогичные великолепные материалы получены при раскопках остальных курганов № 1, 2, 5 и др.

Берельский материал находит широкие аналогии как в элитных курганах пазырыкской культуры (Пазырык – 1 – 5, Башадар, Ак-Алаха и др.), среди рядовых памятников Алтая (Уландрык, Барбургазы, Юстыд и др.), так и среди многочисленных материалов искусства тагарской культуры Среднего Енисея и культуры скифского времени Тувы.

В Берельской долине также обнаружены более ранние (майэмирского этапа 9-7 вв. до н. э.), но рядовые курганы в могильнике Майемер II. Элитных комплексов этого периода здесь нет, поэтому их поиск продолжался и увенчался успехом в другой высокогорной долине Восточного Казахстана – Елеке сазы. З.С. Самашев предложил нескольким научным центрам провести всесторонние исследования



именно в этой долине (Ахметов, Самашев и др., 2019).

Долина Елеке сазы расположена в горах Тарбагатай Восточного Казахстана на высоте около 1,5 тыс. м над уровнем моря. Здесь зафиксировано несколько цепочек курганов, среди которых выделяются ряд больших элитных курганов сакского периода. Кроме археологических раскопок разновременных и разнотипных памятников археологии, проводились мероприятия по изучению и консервации элементов ряда погребально-поминальных объектов Елеке сазы для последующей их музеефикации.

Был выбран не очень большой курган, но с каменной насыпью, наиболее похожий на курган Аржан-1 в Туве. Курган имел округлую в плане форму, сложен несколькими слоями крупных и средних камней, в основном из окатанных, и выделялся от других тем, что его наземное сооружение из камня не было задерновано, за исключением

периферии. Высота кургана – 1,20 м, диаметр – 32,60 x 32,15 м. Всю каменную конструкцию удерживала мощная крепида из двойного ряда округленных крупных камней. Курган ограблен. В центральной части из больших прямоугольных плит, формирующих контуры погребальной камеры, с примыкающим с восточной стороны дромосом. На уровне древнего горизонта зафиксированы захоронения четырех взрослых и ребенка, а также четырех коней с остатками костяной сбруи.

У одной из лошадей *in situ* найдены два псалия, сделанные из рога марала. Псалии в виде изогнутого стержня с заостренными концами и тремя отверстиями на разных плоскостях для продевания ремней. Сохранность второго псалия очень плохая. Здесь же найдено несколько костяных распределителей ремней, а также пронизи из клыков кабана.

Кроме упомянутых выше находок на месте, в грабительском лазе нашли бронзовую



Ақбауыр. Студенты с акимом Восточно-Казахстанской области Д.К. Ахметовым, 2019 г.

Akbaur. Students with Akim of the East Kazakhstan region D.K. Akhmetov, 2019

бляшку от конского снаряжения в виде фигуры медведя и бронзового наконечника стрелы. Аналогии роговым псалям встречаются в памятниках конца эпохи бронзы 10-9 вв. до н. э. Центральной Азии (Каменный Лог I, Еловка, Устинкино, Торгажак и др.). Бронзовый наконечник стрелы и бляшка фигурки медведя характерны для раннесакских комплексов с широкой территории (Аржан 1, кургана 5 Чиликты, Майэмира, Герасимовки). Все

роговые псалии в кургане Аржан-1 имеют отверстия в одной плоскости, что позволяет датировать этот каменный курган серединой 9 в. до н. э., т. е. раньше кургана Аржан-1. Не исключено, что здесь будут исследованы и рядовые всаднические комплексы. Можно с уверенностью говорить о формировании сакской элиты в столь раннее время и о том, что истоки культуры саков находятся в этом регионе.

Литература

1. Алексеев А.Ю., Боковенко Н.А., Васильев С.С., Дергачев В.А., Зайцев Г.И., Ковалюх Н.Н., Кук Г., Ван дер Плихт Й., Посснерт Г., Семенцев А.А., Скотт Е.М., Чугунов К.В. Евразия в скифскую эпоху. Радиоуглеродная и археологическая хронология. – СПб: Теза, 2005. – 290 с.

2. Ахметов Д., Самашев З., Кариев Е., Чотбаев А., Онгар А., Умиткалиев У., Жунисханов А., Нускабай А., Рахманкулов Е., Каирмагамбетов А., Кызырханов М., Киясбек Г., Ерболатов С., Толегенов Е., Оралбай Е., Самашев С., Ахмадиев Ж., Құрманғалиев А., Мұсырманқұл П., Адельчанов К., Жармухаметов Д., Александров С., Боковенко Н., Большаков Д., Гасанов З., Ташагыл А., Кутлу М., Ергожа Л., Айткали А., Чобан Г., Флегонтов П., Подушкин А. Культурное наследие саков и великих тюрков в Восточном Казахстане: вопросы комплексного изучения, сохранения и музеефикации // АЛТАЙ – ТУРКІ АЛЕМІНІН АЛТЫН БЕСІГІ. // Международный научный журнал № 4. – Усть-Каменогорск, 2019. – С. 8–33.

3. Боковенко Н.А., Самашев З.С. Исследования в Семипалатинской области // Археологические открытия 1983 г. – М., 1985. – С. 515–516.

4. Боковенко Н.А., Ермолаева А.С., Самашев З.С. Новый археологический памятник Верхнего Прииртышья конца II – начала I тыс. до н. э. // Известия АН Казахской ССР. № 2. – Алма-Ата, 1991. – С. 34–41.

5. Боковенко Н.А., Самашев З.С. Новые археологические памятники эпохи бронзы в долине Иртыша // Археологические исследования в зонах мелиорации. Итоги и перспективы их интенсификации. – Л., 1985. – С. 36–37.

6. Грязнов М. П. Аржан. Царский курган раннескифского времени. – Л.: Наука, 1983. – 64 с.

7. Самашев З. Берел. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2011. – 236 с.

8. Самашев З., Базарбаева Г., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берел. Алматы, Алматы: МОН РК ИА, 2000. – 56 с.

9. Самашев З., Боковенко Н., Чотбаев А., Кариев Е., Толегенов Е., Жалмаганбетов Е., Самашев С., Ерболатов С. Предварительные результаты научно-исследовательских работ на некрополе Берел в 2016 году // Алтай – золотая колыбель тюркского мира. – Усть-Каменогорск, 2016. – С. 234–252.

References

1. Alekseev A.İu., Bokovenko N.A., Vasilev S.S., Dergachev V.A., Zaisev G.İ., Kovalüh N.N., Kuk G., Van der Pliht İ., Possnert G., Semensev A.A., Skot E.M., Chugunov K.V. Evrazia v skifskuiu epohu. Radiouglerodnaia i arheologicheskaiia hronologia. – SPb: Teza, 2005. – 290 s.

2. Ahmetov D., Samaşev Z, Kariev E., Chotbaev A., Ongar A., Umitkaliev U., Junishanov A, Nuskabai A., Rahmankulov E, Kairmagambetov A., Kyzyrhanov M., Kiasbek G., Erbolatov S, Tolegenov E., Oralbai E, Samaşev S., Ahmadiev J., Qürmanğaliev A., Mūsyrmanqұл P,



МӘДЕНИ МҰРА

Adelchanov K., Jarmuhametov D., Aleksandrov S., Bokovenko N., Bölşakov D., Gasanov Z., Taşagyl A., Kutlu M., Ergoja L., Aitkali A., Choban G., Flegontov P., Poduşkin A. Kùlturnoe nasledie sakov i velikih türkòv v Vostochnom Kazahstane: voprosy kompleksnogo izucheniya, sohraneniya i muzeifikatsii // ALTAI – TURKI ALEMİNİN ALTYN BESİGİ. // Mejdunarodnyi nauchnyi jurnal №4. – Üst-Kamenogorsk, 2019. – S. 8 – 33.

3. Bokovenko N.A., Samaşev Z.S. İssledovania v Semipalatinskoi oblasti // Arheologicheskie otkrytia 1983 g. – M., 1985. – S. 515 – 516.

4. Bokovenko N.A., Ermolaeva A.S., Samaşev Z.S. Novyi arheologicheski pamätnik Verhnego Priirtyşä konsa II – nachala I tys. do n. e. // İzvestia AN Kazahskoi SSR. №2. – Alma-Ata, 1991. – S. 34-41.

5. Bokovenko N.A., Samaşev Z.S. Novye arheologicheskie pamätniki epohi bronzy v doline İrtyşä // Arheologicheskie issledovania v zonah melioratsii. İtogi i perspektivy ih intensivitsatsii. – L., 1985. – S. 36 – 37.

6. Gräznov M. P. Arjan. Sarski kurgan ranskifskogo vremeni. – L.: Nauka, 1983. – 64 s.

7. Samaşev Z. Berel. – Almaty: İzdatelski dom «Taimas», 2011. – 236 s.

8. Samaşev Z., Bazarbaeva G., Jumabekova G., Sungatai S. Berel. Almaty, Almaty: MON RK İA, 2000. – 56 s.

9. Samaşev Z., Bokovenko N., Chotbaev A., Kariev E., Tolegenov E., Jalmaganbetov E., Samaşev S., Erbolatov S. Predvaritelnye rezùltaty nauchno-issledovatel'skikh rabot na nekropole Berel v 2016 godu // Altai – zolotaia kolybel türskogo mira. – Üst-Kamenogorsk, 2016. – S. 234 – 252.

Бокóвенко Н.А.

РФА Материалдық мәдениет тарихы институтының Орталық Азия және Кавказ археологиясы бөлімі
Санкт-Петербург қ., Ресей
e-mail: nibo25@yandex.ru

Bokovenko N.A.

Department of Archeology of Central Asia and the Caucasus of the Institute of the History of Material Culture of the Russian Academy of Sciences
St. Petersburg, Russia
e-mail: nibo25@yandex.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САҚ МӘДЕНИЕТІ: БАСТАУЛАРДЫ ІЗДЕУ

Мақалада сақ өркениетінің қалыптасу бастауларын анықтау тұрғысынан Шығыс Қазақстан сақтарының мәдениетін зерттеу мәселелері қозғалады. Тувадағы Аржан-1 элиталық қорғаны ерте көшпелілер дәуірінің немесе сақ-скиф типінің құрамдас бөлігі ретінде формацияның бастауы болып саналады. Мақала авторы ерте көшпелілердің ерте сақ дәуірінен бұрынғы Шығыс Қазақстан аумағындағы сақ мәдениетіне жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелерін сипаттайды. Зерттеуде ғалым З. Самашевпен бірлесіп жүргізілген экспедицияларға ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: сақтар, мәдениет, Алтай ескерткіштері, Берел, Майемер, Аржан.

THE SAKA CULTURE OF EASTERN KAZAKHSTAN: A SEARCH FOR THE ORIGINS

The article touches upon the issues of studying the culture of the Sakas of East Kazakhstan from the point of view of determining the origins of the formation of the Saka elite. The elite mound Arzhan-1 in Tuva is considered as the origin of the formation as a component of the era of the early nomads or the Sako-Scythian type. Further, the author of the article describes the results of archaeological research of the Saka culture on the territory of East Kazakhstan, which is preceded by the early Saka era of early nomads. Particular attention is focused on joint expeditions with Z.S. Samashev.

Keywords: Sakas, culture, sites of Altai, Berel, Mayemer, Arzhan.

Мұқтар Ә.Қ.,

тарих ғылымдарының докторы, профессор,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры
Атырау қ., Қазақстан
e-mail: muktar64@mail.ru

АРХЕОЛОГ З. САМАШЕВТЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚТЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мақалада көрнекті археолог ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер З.С. Самашевтың ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жүргізілген қазу, зерттеу, табылған материалдарды ғылыми айналымға енгізуге сіңірген жан-жақты еңбегі туралы баяндалады. Ғалымның жетекшілігімен Сарайшық қаласына қатысты көшпелілердің ежелгі мәдениеті мен тарихы, мемлекеттілігі, тау-кен ісі тақырыптарында көптеген халықаралық жобалар атқарылып, бірлескен экспедициялар ұйымдастырылып, олардың орасан ғылыми нәтижелер бергені жөнінде сөз болады.

***Түйін сөздер:** Сарайшық, Жайық, Атырау, археология, этнография, нумизматика, антропология.*

Ортағасырлық Сарайшықтың құландылары туралы мәліметтерді жинау, оларға археологиялық зерттеулердің бастамасы XVIII-XIX ғасырларда қаланды. Олардың қатарында П.И. Рычков (П.И.Рычков, 2012: 432), П.С. Паллас, А.И. Левшин, К.Ф. Гебель, А.С. Алексеев, В. Григорьев (Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015: 224) болды.

Зерттеушілер еңбектерін саралап, 1937 жылы Сарайшықта алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н. Арзютов еді. Ғалым қазба есебінде: «Сарайчик построен был, конечно, не во время упадка Золотой Орды, и насколько мне представляется, совсем не в столь «худом месте», как пишет об этом Паллас. На протяжении 630 км – от Уральска до Гурьева – я не видел лучшего места под постройку города, как

то, где Сарайчик оказался расположенным» деп түйіндеді (Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015: 91).

1950 жылы тамыз айында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Ә. Марғұланнның бастауымен Сарайшық қалашығы орнында қазба жүргізді (Социалистік құрылыс, 1950). Экспедиция құрамына институт ғылыми қызметкері Г.И. Пацевич, аға лаборант П.В. Агапов, фотограф А.А. Попов енгізілгенді. Кейін Ә. Марғұлан басқарған археологиялық қазба есебін тыңдаған КСРО Ғылым Академиясының Материалдық мәдениет тарихы институты пленумының Орта Азия археологиясы секциясы «Сарайшықтың жыл сайын Жайық өзені тасуымен жойылуына және қазіргі кезеңде Жайық өзенінің қала орталығына

жақындауына байланысты Сарайшықты зерттеу маңызды міндет» екенін атап өтеді. Секцияда т.ғ.д. М.М. Дьяконов: «Марғұлан баяндамасы өте қызықты. Сарайшықтағы 1950 жылғы зерттеу жұмыстары үлкен болмаса да, кейінгі жылдары қазба жұмыстары үлкен аумақты қамтуы қажет» деп ойларын қорытады (Мұқтар Ә., Жұмабаев А., Мәдени мұра. 2020. №1).

Міне, осыдан соң XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін москвалық археолог Л. Галкиннің (1974 жылдан бастап), өлкетанушы В. Афанасьевтің Сарайшықтағы ізденістері белгілі. Бірақ олар кешенді зерттеуге ұласпады.

1989 жылы ортағасырлық Сарайшыққа Қазақстан КСР Ғылым академиясы назар аударып, Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясын жалғастыруды қолға алады. Экспедиция басшылығына археолог

З. Самашев тағайындалды. Басты мақсат солтүстік-шығыс Каспий өңірін, соның ішінде Үстіртті, Маңғыстау түбегін, Жем, Сағыз, Жайық өзен бойларын зерттеу болып бекітіледі.

Белгілі тарихшы т.ғ.д., профессор Г. Халидуллин: «Біз алғашқы кезеңде қаржылық мәселені шешу жолдарын қарастырып, 1989 жылы сәуір айында З. Самашев екеуіміз Гурьев (бүгінгі атауы Атырау облысы) облысына келіп, Теңіз мұнай кенішінде еңбек ететін Р. Шырдабаевпен кездестік. Ол арқылы Ресейдің Куйбышев қаласына барып ГИПРО «Восток» мекемесіне жол тарттық. Мекемеде Қазақстанға жаны ашитын азамат басшы еді. Ол қолдап, қаржы бөлді», деп еске алады. Сол жылы З. Самашев басшылығымен Г. Халидуллин, археолог Ж. Таймағамбетов Иманқарада және Сарайшықта қазба жүргізеді (сур. 1).



Сур. 1. Сарайшық қаласының орны. З. Самашевтың 1996-2000 жылдары жүргізген қазбасы.

Fig. 1. Location of the city of Saraishik. Excavations by Z. Samashev in 1996-2000

Сарайшыққа қадам баса отыра, 3. Самашев өзіне дейін Сарайшықта еңбек еткен зерттеушілердің еңбектерімен мұқият танысады. 3. Самашев: «1950 жылы Сарайшық қирандыларын Ө. Марғұлан зерттеді. Міне осы жұмыстың нәтижелері әлі толық сараланған жоқ, өйткені Ө. Марғұлан ол кезеңде тұтқынға алынып, қудаланып жүрген болатын. Кейбір керамика үлгілері ғана 1960 жылы Қазақстан археологиялық картасында жарияланды» деп мойындады (АОТӨМ ҚҚ, №10682/2).

Сарайшық мәселесі 1989 жылы желтоқсан айында Қазақ КСР Ғылым академиясының Гурьев қаласында өткен көшпелі отырысында да талқыланады. Г. Халидуллиннің анықтауынша отырысқа 14 академик қатысқан. Кейін ғалымдар Сарайшыққа келіп, ортағасырлық қаланың жай-күйімен танысады. Олардың арасында атақты археолог К. Ақышев та болған.

Қалың жұртшылықтың қолдауына ие болған Батыс Қазақстан экспедициясы 1989-1991 жылдары сәтті жұмыс жасады. Атырау облысында жүздеген жаңа археологиялық ескерткіштер ашылды, оларды заңды тіркеу жұмыстары қолға алынды, ең бастысы алтынордалық Сарайшық, Ақтөбе қалалары кешенді зерттеле бастады. Сол жылдары Археология институты директоры К. Байпақов экспедиция жұмысының нәтижесі ретінде Сарайшық пен Ақтөбе қалаларын қорғау, олардың жойылып кетуінен құтқару, қайта жаңарту мәселелерінің күн тәртібіне көтерілуін атап өтеді (АОМА, 376 қ., 2 т., 28 іс, 53 п.; Мұқтар Ә., 2020: 300).

Дегенмен 90-шы жылдардағы қаржылық қиындықтар экспедицияның қарқынды жұмыс жасауына кедергі жасады. Мұны ескерген Археология институты басшылығы облыс әкімдерімен тікелей байланысты қолға алады.

1996 жылы К. Байпақов Атырау облысы әкімі Р. Шырдабаевқа жолдаған хатында Атырау облысындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына 1,5-2 млн теңге қаржы сұрады (АОМА 376 қ., 2 т., 28 іс, 53 п.; Мұқтар Ә., 2020: 300). Осы кезеңде Ө. Марғұлан атындағы Археология институтының Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан экспедициясы басшысы 3. Самашевқа Атырау облысы Махамбет ауданындағы Сарайшық қалашығы мен Жылыой ауданында, Шығыс Қазақстан облысындағы Қатонқарағай ауданында тарих және мәдениет ескерткіштеріне қазба

жұмыстарын жүргізуге уақытша лицензия беріледі.

3. Самашевтың еске алуынша, 1996 жылдан бастап Сарайшыққа облыс басшылығы тарапынан көңіл бөліне бастаған. Ғалым осы жылдары Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі басшысы Қ. Жұмалиевпен қоян-қолтық араласа бастаған. Олар бірлесе ортағасырлық Сарайшықты зерттеуді дамытудың жолдарын қарастырады. Арада уақыт өте 3. Самашев: «Мен келу жолымда осында музейда басшы қызметін атқарып жатқан Жұмалиев Қуанғали атты азаматпен таныстым. Қуекең үйіне апарып, қонақасы беріп жанұясымен таныстырды. Бұл кісі үлкен өнер иесі екен – ән салып, күй тартып берді. Сарайшыққа өзі бастап жүрді. Осылайша қазба жұмысы басталды» деп жазады.

1998 жылы 5 маусымда Атырау облысы әкімі шешіміне сәйкес арнайы комиссия Жайық жағалауын барлап, тарихи ескерткіштің орнын жылда су шайып жойып жатқанын анықтайды.

Осылайша ел назары ортағасырлық Сарайшыққа ауады. Мұның өзі ортағасырлық қаланың маңыздылығын айшықтап, арнайы музей-қорықтың ашылуына және Сарайшықтағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлы жүргізілуіне ықпал жасады.

1999 жылы 3 қыркүйекте музей-қорықтың ашылуы қарсаңында Сарайшықта археолог 3. Самашев бастаған археологиялық экспедиция жұмысын жалғастырып жатқанды. 3. Самашев 1999 жылы 6 қазанда музей-қорық директоры М. Бердімұратовқа жолдаған хатында экспедиция қорытындысы бойынша Атырау облыстық өлкетану музейінде 10-20 қазан аралығында арнайы көрме өткізетінін хабарлап, музей-қорық ашылар сәтте уақытша тапсырған 38 жәдігерді кейін қайтаруды сұрады. 3. Самашев осы мақсатта Сарайшыққа әдейі астрахандық археолог В. Плаховты жібереді (Мұқтар Ә., Диярова Ж., 2019: 192, 38).

3. Самашев 1999 жылы 1 қарашада М. Бердімұратовқа келесі бір хатын жолдап, археологиялық қазба орындарын қорғау қажеттігін көтереді. Ғалым хатында: «В связи завершением исследования на городище Сарайчик в сезоне 1999 г. обращаюсь к Вам с просьбой не направлять группы организованных посетителей и частных граждан на огражденные участки археологических раскопок. Они пока являются объектами

научных исследований, не музеефицирована, официально не являются объектами туристическо-экскурсионных посещений. После создания соответствующих технических и материальных условий – проведения дорожек, смотровых площадок, закрепления специальными составами стен и интерьеров помещений, полной консервации и реставрации эти раскопки будут доступны всем. В настоящее время до полной сдачи объектов органам госохраны историко-культурного наследия запрещается производство несогласованных фото-видеосъемок. Материалы экспедиции Вам будут переданы в апреле 2000 года» деп қазба орнындағы күрделі мәселені көтереді (Мұқтар Ә., Диярова Ж., 2019: 38).

1999-2000 жылдары Атырау облысын И.Н. Тасмағамбетов басқарған кезеңде Сарайшық қалашығын зерттеу жаңа белеске көтерілді. Ол тек музей-қорықтың салынуымен ғана емес, сонымен бірге археологиялық жұмыстардың жандануымен көрінеді.

Міне, осыдан соң 2003 жылы жұмыс қайтадан жалғасты. Экспедиция құрамында ғылыми жетекші З. Самашев, археологтар В. Плахов, Т. Лошакова, т.б. болды (сур. 2).

2003 жылғы қазба жұмыстарынан соң З. Самашев: «Основным условием заказчика явилась полная передача всех найденных в результате раскопок на городище артефактов в фонды местного музея в с. Сарайчик, что и сделано исполнителем. Однако выяснилось, что музей не в полной мере располагает соответствующими стандартам помещениями, фондохранилищами, оборудованием и другими необходимыми элементами, составляющими понятия «музей», за исключением экспозиционного зала и двух небольших комнат для сотрудников» деп музей жағдайын толық баяндайды (Отчет по договору..., 2004, Том 1: 189).

Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында жаңа архитектуралық кешен ашылады. Ғалымдар «кешен ортаазиялық «Ханакоға»



Сур. 2. Сарайшық қаласын зерттеуші археолог ғалымдардың бір тобы. Солдан оңға қарай: В. Плахов, Я. Лукпанова, Т. Лошакова.

Fig. 2. A group of archaeologists researchers of the city of Sarayshyk. From left to right: V. Plakhov, Y. Lukpanova, T. Loshakova.

ұқсайды. Мұндай монументальды құрылыстар билеушілердің резиденциясы және олардың сарайы қызметін атқарған» деп түйіндесе, 2005 жылғы қазба барысында Жайық жағалауынан моншаның қалдықтары табылды. Оны З. Самашев пен М. Қожа: Құрылыстың жоспарын, құрылымдық ерекшеліктерін және архитектуралық бөлшектерін зерттей келе және оларды Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның орта ғасырлық қалаларымен салыстырғанда бұл ескерткіштің моншаның орны екендігі анықталды. Монша Сарайшықтың батыс шетінде, қаланың оңтүстік шекарасынан 10 м және мазардан солтүстік-батысқа қарай 60 м, әрі қаланың маңызды құрылысы болған «ханадан» 200 м жерде орналасқан» деген қорытындыға келеді (Самашев З., Кожа М., 2007: 236-257).

Сол жылдардағы ғылыми ізденістерді басқарған З. Самашев: «1999 жылы басталып, 2008 жылы тоқтаған қазба жұмыстарының қайта жандануын тарихи бір кезең деп атауға тұрарлық» деп еске алады (Сарайшықты жандандыру қажет, 2017).

Кейін З. Самашев 2004-2007 жылдардағы қазба жұмыстарын тағы бір сын көзбен саралайды. Ғалым: «Мощный толчок в проведении мероприятий по исследованию, сохранению и популяризации исторического прошлого края дала Государственная программа «Культурное наследие», в ходе реализации которой в 2004-2007 гг. исследовалось и городище Сарайчик. Именно в этот период проводились полномасштабные работы по изучению древнего города. В этот период исследовался комплекс погребальных сооружений (корхана), остатки бани, печь для обжига поливной керамики, городские жилые постройки, архитектурный комплекс общественной постройки «хана». Применение тогда методик комплексного исследования памятника позволило получить интересные материалы по питанию и жизнеобеспечению средневекового населения города, выявить особенность технологии гончарного производства, денежного обращения, архитектурные особенности формирования древнего города» деп жасалған жұмыстарға бағасын береді (Отчет об археологических работах., 2017: Том 1, 171).

Бұл жылдары ортағасырлық Сарайшықты Жайық өзенінің тасуынан сақтап қалу мәселесі

ерекше көтеріле бастады. Оны көтерушілердің алдыңғы қатарында З. Самашев бастаған ғалымдар, ел азаматтары тұрды.

2013 жылы қыркүйек айында З. Самашев Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізу ісі көптен бері тоқтап қалғанына қынжылыс білдіріп, баспасөзге берген бір интервьюінде: «Атырауда ешкім қозғалмағандықтан былтыр осы Сарайшыққа байланысты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Ақтауда өтті. Көптеген ғалымдар қатысты. Мен де барып баяндама жасағанмын. Неге екенін білмеймін, Атыраудан бірде-бір тарихшы қатыспады. Конференция барысында бірқатар маңызды мәселелер қозғалды. Енді бір оншақты жылдан соң Сарайшықтан мүлдем айырылып қаламыз ба деп қорқам», деп күрделі мәселені баспасөз бетінде көтереді (Самашев, 2013// <https://atr.kz/qogam/zeynolla-samashevsarayshyi-tyi-satadyi/>).

Архив құжаттарында 2013 жылғы З. Самашевтың Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі М.А. Құл-Мұхаммедке жолдаған хаты сақталған. Ғалым хатында: «Қадірлі Мұхтар Абрарұлы! Биылғы жылдың 13-маусымында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында өткен Қоғамдық кеңестің отырысындағы Елбасының баяндамасында ерекше аталып, үкіметке арнаулы тапсырма ретінде қарастырылған мәселенің бірі – Сарайшық қалашығын сақтап қалу жөнінде болғаны өзіңізге аян. Осыған сәйкес мен, 1989 жылдан бері сол қаланы зерттеумен шұғылданып жүрген маман ретінде, алдағы 2009-2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасына Сарайшық қалашығының орнында арнаулы археологиялық құтқару қазба жұмыстарын кең көлемде одан әрі жалғастырудың жоспарын енгізуді сұраймын. Ал негізгі шара – Жайық өзенінің жағалауын бекіту немесе оны ескі арнасына қайта бұру болғандықтан, бұл мәселемен Атырау облысының әкімдігі шұғылдануға тиісті деп есептеймін. Кезінде осы жоба бойынша әртүрлі жергілікті ұйымдар шұғылданған болатын. Соның ішінде 2006 жылы «Толқын» ЖШС-і екі-үш жоба ұсынған. Бірақ, олар да мәселені түбегейлі шеше алмады. Сондықтан бұл істі министрлік пен жергілікті әкімшіліктің бірлескен комиссиясын құру арқылы шешкен жөн деп есептейміз», деп жазады. Осындай мәтіндегі хат Қазақстан



3. Самашев және автор – Ә. Мұқтар

Z. Samashev and author – A. Muktar

Республикасы Президент Әкімшілігінің Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Е. Қаринге де жолданады.

Міне, осыдан соң 2013 жылы 11 қыркүйекте министр М. Құл-Мұхаммед Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б. Сағынтаевқа арнайы хат жолдайды. Хатта: «Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Мәдениет және ақпарат министрлігі Сіздің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – Сарайшық қалашығын сақтап қалу мәселесіне қатысты тапсырмаңызды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе қарап, төмендегіні хабарлайды. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің мамандарынан арнайы жұмыс тобын құрып, мәселені Сарайшық қалашығының басында қарады. Нәтижесінде екі нұсқада ұсыныс жасады. Атап айтқанда: 1. Жайық өзенінің ағысын апатсыз өткізу үшін жер жұмыстарын жүргізу арқылы өзеннің қазіргі арнасын Сарайшық ауылының жоғарғы және төменгі бөліктерін бөгей отырып, ағысты ескі арнаға өзгерту; 2. Жайық өзенінің қазіргі арнасын өзгертпей Сарайшық қалашығының орналасқан жерінде ұзындығы 1500 текше

метр құрайтын жағалауға бекіту жұмыстарын жүргізу. Ал Атырау облысының әкімдігі ортағасырлық Сарайшық қалашығын сақтап қалу бойынша жүргізілетін жұмыстардың бағытын анықтау үшін республикалық деңгейдегі комиссия құруды ұсынады. Мәдениет және ақпарат, Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктері Атырау облысының ұсынысына қолдау білдіреді. Ал Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелерді қарауға дайын екенін жеткізеді. Осы ұсыныстарды саралай келе, түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ведомствоаралық арнайы комиссия құрып, оның отырысын объектіде ұйымдастыруды жөн деп санаймыз. Тапсырманы орындау күн тәртібіне енгізіледі» делінеді. Көп ұзамай министрлік облыспен бірлесе арнайы жұмыс тобын құрады.

2013 жылы 5 желтоқсанда «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Сарайшық» қалашығын сақтап қалу мәселесін талқылау жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы отырысы Атырау қаласында ұйымдастырылады. Отырысқа комиссия төрағасы, Мәдениет

және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасы Т. Қышқашбаев, комиссия мүшелері Шәкімов, Мұқан, Әбілдинова, Әбілда, Қияшев, Төлеков, Самашев, Қуанов, Агитаев, Сарин, Кенжеғалиевтер қатысады. Отырыс барысында Сарайшық мәселесін жете зерттеп жүрген З. Самашев мәжіліске қатысушылар назарына өзінің 1989 жылдан бері жинаған деректерінің нәтижесінде көне қаланы құтқарып қалу шараларына арналған екі жобасын атап өтеді. Оның алғашқысы – Жайық өзенінің жағасын бекіту, екіншісі – 1942 жылы болған су тасқыны салдарынан су астында қалған қала орнын ашып алу. Ғалымның бұл сөзіне Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясының басшысы Бисен Қуанов: «Екінші нұсқа шығыны көп және нәтижесі неғайбылдау, сондықтан тек бірінші нұсқаны ғана бағытқа алған жөн. Сарайшықтың негізгі бөлігі Жайық өзенінің сол жақ бетінде орналасқан. Қазір жағаны бекіту жұмыстарын қолға алмасақ, ертең кеш болады. Біз көп қаржы кетеді екен деп бұл жұмысты кейінге ысыра бермеуіміз керек. Егер қазірден бастап қолға алсақ, бір жылдың ішінде Сарайшықтың орнын аман сақтап қалар едік. Атырауға алыс-жақын шетелдерден, еліміздің әр аймағынан келетін туристер саны артып келеді. Сарайшықтың қазіргі орнын сақтап, жаңа технологиямен жағалауды бекітіп, жарықтандырсақ, ұялмай көрсететін орынға айналар еді», деген пікірін білдіреді. Отырыс соңында толтырылған хаттамада төмендегідей шешімдер қабылданады.

1. Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш. Мұқанның, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Ә. Әбілдинованың, археолог З. Самашевтың республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қалашығының қазіргі жай-күйі және оны сақтап қалу мәселесі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» РММ-нің бастығы Б. Қуановтың ұсынымдары назарға алынсын:

1) Сарайшық қалашығы аумағынан айналып өту үшін Жайық өзенінің ағысын түзету;

2) Жайық өзенінің Сарайшық қалашығының аймағы жағалауын бекіту.

Ведомствоаралық комиссияның көшпелі мәжілісінің қорытындысы бойынша Ұсыным беріледі:

1. Атырау облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес Жайық өзенінің жағалауын бекіту үшін ТЭН және ЖСҚ әзірлеуге қажетті қаржылық шығыстарды қарастырсын.

2. ҚР ҚОСРМ Су ресурстары комитеті жағалауды бекіту жұмыстары бойынша ұсынылған нұсқаларға қорытынды берсін.

3. Атырау облысының әкімдігі Сарайшық қалашығының іргелес аумағынан жер тілімін бөлуге мораторий жарияласын.

4. ҚР БҒМ, Атырау облысының әкімдігі, ҚР МАМ көне Сарайшық қалашығының тарихи-мәдени маңыздылығы және шекарасын анықтау үшін археологиялық іздестіруді жүргізу мүмкіндіктерін қарастырсын (Мұқтар Ә., Диярова, 2019: 47-50 б).

2015 жылы 27 қаңтарда Самашев ОКҚ брифингінде «Алтын Орда кезеңінде пайда болған Сарайшық қалашығы жедел араласу шараларын қажет етіп тұр. Бұл Қазақ хандығының тарихымен етене аралас орын. Бұл мәселенің шешілуіне жергілікті билік араласуы керек. Бұл мәселе бірде көтеріліп, бірде қозғалмай отыр, оны шешіп, соңына дейін жеткізу қажет», деп өз ойын ашық білдіреді.

Араға уақыт сала 2017 жылы 23 ақпанда Атырау облысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Сарайшық қалашығын сақтау мәселесі бойынша кеңейтілген отырыс өткізеді. Кеңейтілген отырысқа депутаттар, танымал қоғам қайраткерлері, жергілікті атқарушы билік өкілдері, жетекші тарихшылар мен археологтар қатысады. Олардың қатарында ғалымдар З. Самашев, К. Байпақов, Б. Аяған, Б. Кәрібаев болатын. Мәселе орнынан қозғалады. Отырыста З. Самашев: «Қаланың нақты аумағын белгілеу қажет. 1997 жылы орталық бөлігін анықтадық, одан бері де біраз уақыт өтті, көп нәрсені су шайды. 1989 жылдан бері қарай 60 метр жер Жайыққа жұтылып кетті. Қанша тарихи жәдігерлерімізді жоғалтып алдық? «Хан ордалы Сарайшық» кешеніндегі музейді кеңейту мәселесі де ұмыт қалмағаны жөн. Туристік-музейлік инфрақұрылымды дамыту керек» деген ойларын білдіреді (Егемен Қазақстан. 2017//<https://egemen.kz> › article »).



МӘДЕНИ МҰРА

Кейін З. Самашев 2017 жылы сәуір айында: «Біз қазғанда судан бері қарай 20 метр болған. Қазір сол арадағы көне ғимараттарды түгел су шайып кетті. Сонда қараңыз, 1996 жылдан бері қарай Сарайшық қаласының 20-30 метр учаскесі судың астына кетіп қалды. Ал оның алдында сонау 1937 жылы алғашқы қазба жұмыстарынан бастап шаһардың 100-150 метр жерін су шайып кетуі әбден мүмкін. Сол кезде негізгі үлкен сарайлар, жақсы ғимараттар, керуен сарайлар, моншалар, мешіттері болған. Содан кейін кірпіш пен құмыра жасайтын пештер – бәрі-бәрі судың астына кетті» дей келе мәселенің уақыт күтпейтіндігін тағы бір ескертеді (Ежелгі Сарайшық., 2017//<https://www.inform.kz> > ezhel...).

Осылайша 2017 жылы Атырау облысы әкімдігі қолдауымен Жайық жағалауындағы 1,5 шақырым жер толық бекітіледі, тасқын суға бөгет салынады.

2017 жылы «Қазқайтажаңарту» РММ алғаш рет З. Самашевтың қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша ортағасырлық Сарайшықты қорғау аймағын жасайды.

2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 162 қаулысына сәйкес «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы музей қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны республикалық меншікке қабылданды және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметті, оның ішінде тарихи-мәдени

мұраны сақтауды, оны танымал етуді жүзеге асыру болып табылды.

Сөз жоқ, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалғасуы, оның нәтижесінде республикалық ескерткіштің сақталуына назар аударылып, Жайық жағалауының бекуі, ескерткішті қорғау аймағының анықталуы, музей қорықтың республикалық мәртебе алуы ғалым З. Самашевтың 1989-2018 жылдар аралығында Сарайшық үшін төккен терінің нақты қорытындысы деуімізге болады.

Бүгінде З. Самашев Сарайшық музей-қорығы Ғылыми кеңесінің, Ғылыми-техникалық кеңесінің белді мүшесі. Оның тікелей қатысуымен 2019 жылы қазан айында республикамызда бірінші рет Атырау қаласында Алтын Орданың 750 жылдығына арналған «Жошы Ұлысы және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты халықаралық конференция, 2020 жылы 28 ақпанда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві Астана қаласында Алтын Орданың 750, Қасым ханның туғанына 575 жыл, Қазақ хандығының 555 жылдығына орай «Сарайшық – Ұлы Дала мұраты: мемлекеттілік және тарихи сабақтастық» атты дөңгелек үстел өткізілді. Олар арқылы Сарайшық қалашығының тарихы, археологиясы, этнографиясы, нумизматикасы, антропологиясы әлемдік деңгейге көтерілді.

З. Самашевтың ортағасырлық Сарайшыққа деген ғылыми адалдығын оның қаламынан туған жүздеген ғылыми мақалалар, монографиялар дәлелдейді (Тасмағамбетов И., Самашев З., 2001: 320; Самашев З., Бурнашева Р., 2006: 184; Самашев З., Кузнецова О., 2008). Олар қазіргі таңда еліміздің ортағасырдағы жүріп өткен жолын танудағы құнды зерттеулер және болашақ ғалымдарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.



Әдебиеттер

1. Труды П.И. Рычкова. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником и императорской академии наук корреспондентом Петром Рычковым / Научно-популярное издание под ред. С.В. Богданова. Серия «Труды П.И. Рычкова». – Оренбург, Печатный дом «Димур», 2012. – 432 с.

2. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.

3. Социалистік құрылыс. 1950. 12 тамыз.

4. Мұқтар Ә., Жұмабаев А. Әлкей Марғұлан және Сарайшық // Мәдени мұра. Культурное наследие. Cultural heritage. – 2020. – №1. – 4-9 б.

5. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің қосымша қоры (АОТӨМ ҚҚ). № 10682/2.

6. Атырау облысының мемлекеттік архиві (алда АОМА) 376 қ., 2 т., 28 іс, 53 п.: Мұқтар Ә. Біріншілер (1938-2019 жылдардағы Атырау облысы тарихынан). Монография. – Алматы: «Арыс», 2020. – 300 б.

7. Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей қорығы тарихы (1963-2019 жж.). – Алматы: Арыс» баспасы, 2019. – 192 б.

8. Отчет по договору с РГКП «Хан Ордалы Сарайшык» по теме «Археологические раскопки аварийно-спасательного характера на городище Сарайчик» в 2003 году // Алматы, 2004. Том 1. 189 с.

9. Самашев З., Кожанов М. Элитный культовый комплекс Сарайчика // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. № 1. – Уральск., 2007. – С.236- 257.

10. Сарайшықты жандандыру қажет // Айқын. – 2017. – 14 қараша.

11. ОТЧЕТ об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». – Атырау, 2017. Том 1. – 171 с.

12. Самашев Зейнолла: 2013, «Сарайшықты сақтаудың екі жолы бар»// <https://atr.kz/qogam/zeynolla-samashevsarayshyi-tyi-sa-taudyi/>

13. Сарайшыққа қаржы бөліне бастады // Егемен Қазақстан. [https://egemen.kz > article >](https://egemen.kz/article)

14. Ежелгі Сарайшықты күзде тамашалай алатын шығармыз [https://www.inform.kz > ezhel...](https://www.inform.kz/ezhel...)

15. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. – Алматы, 2001. -320 б.; Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Монеты Сарайчика. – Алматы, 2006. – 184 б.; Самашев З., Кузнецова О., Плахов В.В. Сарайшық қыш бұйымдары. – Алматы, 2008.

References

1. Trudy P.I. Rychkova. Topografia Orenburgskaia, to est obstoiatelnoe opisanie Orenburgskoi gubernii, sochinennoe kolejskim sovetnikom i imperatorskoi akademii nauk korespondentom Petrom Rychkovym / Nauchno-populärnoe izdanie pod red. S.V. Bogdanova. Seria «Trudy P.I. Rychkova». – Orenburg, Pechatnyi dom «Dimur», 2012. -432 s.

2. Saraişyq – babalar mürasy. Saraişyq qalaşyğynyñ tarihy turaly derekközder / Qūr. J.K. Jūmabaeva, M.Q. Kipiev / Ğyl. red. J.K. Jūmabaeva. –Atyrau: «Ağatai» baspasy, 2015. -224 b.

3. Sosialistik qūrylys. 1950. 12 tamyz.

4. Mūqtar Ä., Jūmabaev A. Älkei Marğūlan jāne Saraişyq // Mädeni mūra. Kūlturnoe nasledie. Cultural heritfge. -2020. -№1. 4-9 b.

5. Atyrau oblysy tarihi-ölketanu mūrakaiynyñ qosymşa qory (alda - AOTÖM QQ). № 10682/2.

6. Atyrau oblysynyñ memlekettik arhivi (alda АОМА) 376 q., 2 t., 28 is, 53 p.: Mūqtar Ä. Birinşiler (1938-2019 jyldardağy Atyrau oblysy tarihyndan). Monografia. – Almaty: «Arys», 2020. – 300 b.

7. Mūqtar Ä., Diarova J. Saraişyq muzei qoryğy tarihy (1963-2019 jj.). Almaty: Arys» baspasy, 2019. -192 b.

8. Ochet po dogovoru s RGKP «Han Ordaly Saraişyk» po teme «Arheologicheskie raskopki avarino-spasatel'nogo haraktera na gorodişe Saraichik» v 2003 godu // Almaty, 2004. Tom 1. 189 s.

9. Samaşev Z., Kojanov M. Elitnyi kùltovyi kompleks Saraichika // Voprosy istorii i arheologii



Zapadnogo Kazahstana. № 1.- Urälsk., 2007.- S.236- 257.

10. Saraısyqty jandandyru qajet // Aiqyn. -2017. -14 qaraşa.

11. OCHET ob arheologicheskikh rabotah po teme: «İssledovanie srednevekovogo gorodişa Saraichik (Ortağasyrlyq Saraısyq qalasynyñ zerttelui)». –Atyrau, 2017. Tom 1. -171 s.

12. Samaşev Zeynolla: 2013, «Saraısyqty saқтаудыñ eki joly bar»// <https://atr.kz/qogam/zeynolla-samashevsarayshyi-tyi-sa-taudy/>

13. Saraısyqqa qarjy bölne bastady // Egemen Qazaqstan. <https://egemen.kz › article>

14. Ejelgi Saraısyqty küzde tamaşalai alatyn şyğarmyz <https://www.inform.kz › ezhel...>

Тағы бір жағдайды айта кетсек, қазір археологтар жер қыртысын ғарыштан бақылайтын құралдарды өз ісіне пайдалануда, алдын ала алынған кейбір нәтижелерін шетелдік эксперттерге де беріп сынатуда. Мысалы, жер серігі арқылы жасалған аэрофототүсірілімді жиі пайдалануда. Бұл арқылы көне қорым, ежелгі шаһар жұрттары, өркениет қалдықтары қай мекенде орналасты, мөлшері қандай деген секілді өзекті ақпаратты бірден ала аламыз. Зекең зерттеу ізденістерінде ұсақ-түйек мәселелердің бірін де назардан тыс қалдырмайды. Тіпті кез-келген археологтың мұрнына иісі бармайтын картография мен топографияға да аса мән берді. Зерттеу жұмыстарына отандық ғалымдармен қатар әлемнің ең айтулы деген мамандарын да тартуда. Бұл Зекеңнің қазақ археологиясына қосқан тың жаңалықтарының бірі ғана.



Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Аққайнар ауылының маңындағы, Шу өзенінің жағалауындағы археологиялық қоныста. 2022 ж.

East Kazakhstan region, Katonkaragai district, in the archaeological settlement near the village of Akkainar, on the banks of the Shu River. 2022



МӘДЕНИ МҰРА

Ғалым қазақ халқының тарихи сабақтастығы жүйелі түрде дамыған, ешқашан үзілмеген деген ой тұжырымдайды. Археологиялық жәдігерлердің маңызын аша білуді, оның болашақта ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелеудің негізі құралы ретінде пайдалана білуге шақырады. Ол үшін археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде қол жеткізілген артефактілерді жан-жақты зерттеп, реставрациялау, консервациялау жұмыстарының өз деңгейінде атқарылуын талап етеді (Самашев, Ахметкалиев, 2004: 96). Сонымен қатар археология ғылымының бүгінгі күнгі негізгі бағыттарының бірі – дала өркениетінің түп-тамыры, негізгі ошақтары мен оның сан-қилы құрамдас бөліктерін, байырғы түркі өркениетінің мұраларының сақталуына, зерттелуіне, насихатталуына, ғаламдану үрдісіндегі ұрпақаралық сабақтастықтарды жаңғыртуға, оны жалғастыруға ерекше назар аударуға ерекше мән беріліп отыр. Яғни табылған жәдігердің музейлендірілуі ісін жолға қою бағытында да ерінбей ерен еңбек етуде. Оның бір ғана мысалы, Берел қорымынан табылған артефактілерді жүйелеп, қазіргі таңда туристердің үздіксіз ағылып, тамашалайтын ашық аспан асты музейін ашуға қосқан үлесі.

Бүгінде Берелдегі зерттеу жұмыстары қазақ тарихының алдына Алтай аймағы халқының шекарасы шектескен Азия елдерімен, Қытай, Үндістан, сондай-ақ көне замандарда салтанат құрған Бактрия, Персия сынды мемлекеттерімен қарым-қатынасын зерттеу сынды өзекті мәселелерді қойып отыр. Бұл жерден табылған археологиялық артефакт мәліметтері бірнеше мыңжылдықтар бойына ұласқан материалдық және рухани мәдениеттің дамуындағы сабақтастықты айқындауға мүмкіндік береді. Берел қорымының орналасқан алқабының мыңдаған жылдар бойы көшпелі халықтарға мекен болғандығын дәлелдейтін тани білген тәжірбиелі археолог-ғалым бұл аймақтың Қазақ Алтайының таңқалдырар алтын бесігі екендігін жазбай таныған.

Ғалым қай жерде ғылыми мәселе бар сол жерде жұмыс жасауға дайын екендігін ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы көрсетіп жүр. Оның айқын дәлелі З. Самашевтың ғылыми зерттеулері Қазақстанның барлық территорияларында: Шығыс Қазақстан (Самашев, Ермолаева, 2008: 199), Үстірт пен Маңқыстау (Самашев, Көшербаев К, 2007: 400), Қаратау (Самашев,

Мургабаев, 2014: 373), Сыр бойы, Жетісу (Самашев, 2012: 240) жерінде, сонымен қатар Моңғолия (Самашев, Цэвээндорж, 2016: 271) жерінде де жүргізіліп, Қазақстан тарихы ғылымына айтарлықтай үлес қосуда. Менің де Зекеңмен Майемер, Берелдегі экспедициялардан кейін 2004 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында Қызылүйік ғибадатханасындағы (Самашев, Оңғар, 2011: 160) қазба жұмыстарына қатысқан уақытымдағы ойыма түйген ойыммен де бөлісуді жөн көріп отырмын. Экспедицияға бара жатқанда бірер күн Атырау қаласында аялдауға тура келді. Үнемі жұмысбасты болып жүретін Зекеңмен жата-жастанып ғылымнан тыс әңгіме көтергенде эрудициясына таң-тамаша қалғаным бар. Көгілдір экранды тамашалап отырған сәтімізде бұрынғы КСРО әртістерінің кез-келгенінің аты-жөнін, олардың өмірбаянын айна-қатесіз айтып отырды. Тек қана ілім қуып кеткен бе десем, ақын-жазушы, ел тарихы, жер тарихы туралы да ұшан-теңіз білімі көп екен. Ұлағатты отбасында дүниеге келген Зайнолла ағамыздың халқының дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен махаббаты отбасынан, яғни, ата-анасынан бойына дарыған болса керек. Археология ғылымына деген құштарлық та мектеп қабырғасында жүргенде туған ауылы Бестерек жанындағы Ақбауыр үңгіріндегі жазумен танысқан кезден қаланды десек те болады. Оның ғылыми мазмұнын сол кезде түсіне қоймағанымен, университет қабырғасында ұғына бастаған. Ол өте терең ой иесі. Асқан табандылықты, жүрген ортасына тағылым болатын қасиетін де дәл осы бала кезден бойына сіңіріп өскендігі аңғарылады.

З. Самашев еңбектерін зерттей отырып, бүгінгі археология ғылымының кездесіп отырған күрделі мәселелері мен жетістіктерін анық байқауға болады. Мысалы, археологиялық лабораторияларымыздың әлемнің озық елдерінен әлдеқайда артта отырғандығын байқасақ, қазақ археологтарының бұл ел мамандарынан артықшылығы тілсіз жәдігерлерге тіл бітіруінде, осы артефактілер арқылы тарихтың тереңіне үңілуінде еді.

Ғалымның өмірі мен шығармашылығын, оның ұстаздары мен шәкірттерінің еңбектерінен бөлек қарауға болмайды. Ол өз шәкірттерінің ғылым жолына нық қадам басуына дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады. Шәкірттері А. Рогожинский, А. Бейсенов, Ж. Жеті-

баев, Г. Джумабекова, Г. Базарбаева, И. Швец, А. Оңғарұлы, С. Мургабаев және тағы да басқа ғалымдардың бір тобы ол көтерген іргелі мәселелерді онан әрі жалғастырып, дамытып бірлесе жұмыс атқарса, ал енді бірлері ғылымда өз жолын тауып, қазақ археологиясына қомақты үлестерін қосуда.

Археолог-ғалымның өмірі мен қызметі Қазақстан археологиясы ғылымында толық бір кезең болып табылады. Ғалым археология ғылымы тарихына жаңа ашылымдарды әкеліп, дүниежүзіне Қазақстан атын паш еткен адам. Ол Қазақстан археологиясы ғылымында алдына нақты мақсат қойып, оның орындалуы жолындағы даңғыл жолды көрсетуде.

Өсіресе, З.С. Самашевтың Қазақстан петроглифтеріне деген қызығушылығы ерекше (Самашев, 2006: 200). Ол өз еңбектерінде өзіне дейінгі жиналған тарихи жәдігерлермен қатар жаңа археологиялық қазба нәтижелерінде қол жеткізілген жәдігерлерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, қазақ тарихы ғылымына сүбелі үлес қосып келеді. Зайнолла Самашұлының табанды еңбегінің нәтижесінде Орта Азиядағы таңбалы тастар ғылыми тұрғыдан зерттеліп, ғылымның жаңа көкжиегіне көтерілді. Бүгінде көптеген алыс-жақын шетел ғалымдары, отандық ғалымдар З.С. Самашев еңбектеріне сілтеме жасауда.

З.С. Самашевтың зерттеулерінің маңыздылығы және археологиялық көзқарастары бүгінгі археология ғылымында түйіні тарқатылмаған мәселелердің кешенділігін алға тартады. Шығыс Қазақстандағы атақты Берел, Елеке сазы, Қарақаба, Атырау облысындағы Аралтөбе қорымдарын, Үстірттегі қола дәуірінің тұрақтарын, ортағасырлық Сарайшық қаласын, Баянжүрек, Сауысқандық жартастағы суреттерін, Шығыс Қазақстан петроглифтерін

зерттеді. Зайнолла Самашев бүгінде Қазақстан, Ресей, Қытай, Франция, АҚШ елдерінде шыққан ғылыми маңыздылығы аса жоғары 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Бірнеше ғылым докторлары мен кандидаттарының ғылыми кеңесшісі, жетекшісі. Бүгінде 500-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 30-дан астам жеке және авторлық бірліктегі монографиялардың, 5 томдық Қазақстан тарихы кітабының авторы (Самашев, 2006: 654-655).

Зайнолла ағаны асқан ақыл иесі деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Жалпы өмірде де, ғылымда да белгілі бір жетістікке жету ол ерен еңбектің жемісі. Ол ұзақ жылдар бойғы білім мен тәжірибесінің жемісі. Зайнолла Самашев бұл жолдан өткен ғалым. Оның дәлелі ретінде Зайнолланың тек Берел қорғандарын зерттеумен шектелмей, тынбай еңбек етуінде. Зайнолла Самашев – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бас ғылыми қызметкері, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Платиналық Тарлан» жалпыұлттық тәуелсіз сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Герман Археологиялық институтының корреспондент-мүшесі, Шығыс Қазақстан облысының құрметті азаматы (Самашев, 2006: 655).

З.С. Самашевтың археология ғылымының дамуындағы орнын, оның ғылымға қосқан жаңалықтары мен қазыналарын жан-жақты сараптау бір мақаланың ғана емес, болашақта арнайы зерттелетін диссертациялық жұмыстардың жүгі екендігі айғақ. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – дейді дана халық. Бұл сөз мақалаға арқау болып отырған тұлғаға арналып айтылған деген ой түйдік. Себебі, Зайнолла Самашев шын мәніндегі ТҰЛҒА.





Әдебиеттер

1. Арсланова Ф.Х. Жоғарғы Ертіс өңірінің ортағасырлық археологиясының очерктері. Т III. – Астана, 2013. – 405 б.
2. Самашев З. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата, 1992. – 288 с.
3. Самашев З., Франкфорт А.-П. и др. Памятники древнего искусства в Казахстане: новые исследования // Наскальное искусство Азии. – Кемерово, 1995. – С. 15-16.
4. Самашев З. Берел = Berel. – Алматы: Таймас, 2011. – 236 б.
5. Самашев З., Ахметкалиев Р., Алтынбеков К. Консервация и реставрация деградированной древесины Берельского кургана № 11. – Алматы, 2004. – 96 с.
6. Самашев З., Ермолаева А., Куш Г. Қазақ Алтайының көне қазыналары. – Алматы: Өнер, 2008. – 199 б.
7. Самашев З., Көшербаев К., Аманшаев Е., Астафев А. Үстірт пен Маңқыстау қазыналары. – Алматы: Asar-basim, 2007. – 400 с.
8. Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. Сауысқандық петроглифтері. – Астана, 2014. – 373 б.
9. Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2012. – 240 б.
10. Самашев З., Цэвээндорж Дамдинсүрэнгигн, Оңғарұлы А., Чотбаев А. Ежелгі түріктердің Шивээт улаан ғұрыптық кешені. – Астана, 2016. – 271 б.
11. Самашев З., Оңғар А., Оралбай Е., Қиясбек Ғ. Қызылүйік. – Алматы: Археология ЖШС, 2011. – 160 б.
12. Самашев З. Петроглифы Казахстана. Алматы: Онер, 2006. – 200 с.

References

1. Arslanova F.H. Joğarğy Ertis öñiriniñ ortağasyrlyq arheologiasynyñ ocherkteri. T III. – Astana, 2013. – 405 b.
2. Samaşev Z. Naskälnye izobrajenia Verhnego Priirtyşä. – Alma-Ata, 1992. – 288.
3. Samaşev Z., Frankfort A.-P. i dr. Pamätniki drevnego iskustva v Kazahstane: novye issledovania // Naskälnoe iskustvo Azii. – Kemerovo, 1995. – С. 15-16.
4. Samaşev Z. Berel = Berel. – Almaty: Taimas, 2011. – 236 b.
5. Samaşev Z., Ahmetkaliev R., Altynbekov K. Konservasia i restavrasia degradirovannoi drevesiny Berelskogo kurgana № 11. – Almaty, 2004. – 96 s.
6. Samaşev Z., Ermolaeva A., Kuş G. Qazaq Altainyñ köne qazynalary. – Almaty: Öner, 2008. – 199 b.
7. Samaşev Z., Köşerbaev K., Amanşaeв E., Astafev A. Üstirt pen Mañqystau qazynalary. – Almaty: Asar-basim, 2007. – 400 s.
8. Samaşev Z., Murgabaev S., Eleuov M. Sauysqandyq petroglyfteri. – Astana, 2014. – 373 b.
9. Samaşev Z. Jetisu jartas suretterı. Baianjürek. – Astana: Ä.H. Marğulan atyndağy Arheologia institutynyñ Astana qalasyndağy filialynyñ baspa toby, 2012. – 240 b.
10. Samaşev Z., Seveendorj Damdinsurengign, Oñğaruly A., Chotbaev A. Ejelgi türıkterdiñ Şiveet ulaan ğuryptyq keşeni. – Astana, 2016. – 271 b.
11. Samaşev Z., Oñğar A., Oralbai E., Qiasbek Ğ. Qyzylüiik. – Almaty: Arheologia JŞS, 2011. – 160 b.
12. Samaşev Z. Petroglyfıy Kazahstana. – Almaty: Oner, 2006. – 200 s.

Үмітқалиев Ұ.Ұ.,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі
Астана қ., Қазақстан
e-mail: uumitkaliyev@bk.ru

ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ МЕН ТАНЫҒАН ЗЕЙНОЛЛА АҒА БЕЙНЕСІ

Археология ғылымы қазақ жұртына таңсық ғылым болғанмен Әлкей Марғұлан атамyzдың есімімен тығыз байланысты екенін көпшілік қауым біледі. Әрине Әлкей Марғұланның ізін жалғастырушы Қазақстан жерінен «Алтын Адамды» тауып әлемге паш еткен, Отырар, Бозоқ шаһарларын ашып зерттеген Кемел Ақышев ағамыз, қола дәуірінің білікті маманы, қазақ халқының этногенезін қола дәуірінен ширата суыртпақтаған Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев, сақ мәдениетінің білгір маманы, Орталық Қазақстан жерінен Тасмола мәдениетін ашып зерттеген Мир Қасымұлы Қадырбаев, ежелгі тас дәуірінде қазақ жерінде көне адамдар мекендегенін дәлелдеп, Қаратау жоталарында көптеген тас дәуірінің тұрақтарын ашып зерттеген Хасан Алпысбаев, қимақ-қыпшақ кезеңі мен ортағасырлардағы көшпенділерді зерттеген Сержан Мұсатайұлы Ақынжанов сынды қазақ археологиясының қара нарлары, үлкен ғалым ағаларымызды тізбектеп айта аламыз.

Осы байсал көшті жалғастырушы, бүгінгі күні қазақ археологиясын әлемдік деңгейге жеткізуге сүбелі үлес қосқан, соның бел ортасында жүрген ғалым ағаларымыздың бірі де, бірегейі Зейнолла ағамыз.

Зейнолла ағаны танып білгеніме, сол кісімен бірге жұмыс жасап, шәкірті болып жүргеніме ширек ғасыр уақыт өтіпті. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде 2-курс оқып жүрген кезіміз болатын, күздің

бір күні Ғани Омаров ағамыз: «Жүріңдер мен сендерді Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтына апарамын», – деп Достық көшесі бойындағы институтқа тобымызбен ертіп апарды.

Сол жолғы археологияға деген әсерім ерекше болып қатты есімде қалыпты, өйткені археология ғылымында жүрген, далада еңбек еткен нағыз ғалымдар Кемел Ақышев, Бекен Нұрмағанбетов, Карл Молдахметұлы, Жолдасбек Құрманқұлов, Антонина Сергеевна Ермолаева, Зейнолла Самашев сияқты көптеген археологтармен институттың ұзын дәлізімен қатар-қатар кабинеттеріне кіргізіп таныстырып жатыр. Ең бастысы, сол ағаларымыздың бізді археолог болғымыз келетініне қуанып, жылы қабақ танытқандары мен орындарынан тұрып қарсы алғандары еді.

Бүгінде жоғарғы оқу орнында жұмыс жасай жүріп, 1-курс студенттерін жыл басында оқуға қабылдау кезінде, сол бір өзімнің алғашқы студент кездерім есіме түседі. Өзім алған сол бір алғашқы әсерді, ғылымға деген қызығушылықты студенттерге қалай сіңіріп, туған жердің тарихын терең тануға, даланы жақсы көруге қалай әсер етсем екен деген ой тұрады.

Зейнолла ағамен сол жолы танысып сөйлескен соң, келесі аптасында алдағы болатын Марғұлан оқулары конференциясына баяндама жасау үшін тақырып беретінін айтып шақырды. Бір апта өткен соң барып Зейнолла ағадан «Ерте темір дәуірі обаларының орналасу



МӘДЕНИ МҰРА

ерекшелігі мен архитектурасы» деген тақырып алып, сонымен бірге бірнеше фотосуреттер мен обалардың орналасу ерекшелігіне байланысты қорымның топо түсірілімдері мен П.И. Шульганың мақалаларының көшірмесін алдым.

Бірнеше рет барып жүріп мақаламды тексертіп, Зейнолла ағадан шимай-шимай қағазымды алып қайтатынмын. Бірақ ешуақытта дұрыс емес деген ескерту алмай, үсті-үстіне әдебиеттер қосып беріп, меселімнің қайтқан күні болған жоқ. Кейіннен қарап отырсам, мақалада әдеби әңгіме жағына жақын болып кеткен екенмін, бұл бірінші жазылған мақалам еді. 1998 жылы «Марғұлан оқуларында» Кемел Ақышев ағамыз бастаған ғалымдар алдында Қиясбек Ғалымжан екеуміз баяндама жасап бір терлегеніміз бар, сонда қарап отырсам қандай кең адамдар, үлкен бастарымен 2-курс студентінің шикі баяндамасын тыңдап, сұрақ қойып, пікір айтып ғылымға деген ұмтылысы мұқалмасын деп айтқан сөздері әлі есімде.

Менің баяндамама айтылған пікірлер мен сөздерді тағы бір естеліктерде жазуға реті келер деп ойлаймын.

1998 жылы Зейнолла ағаның жетекшілігімен Қазақ-Француз археологиялық экспедициясы Берел обаларын зерттеу жұмыстарын бастауымен бірге таныстығымыз одан әрі дами түсті. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтынан Берел экспедициясына қатысу үшін мамыр айының басынан бастап шақырту хат алып, Қиясбек Ғалымжан екеуміз мәзбіз. Қолымызға институттың көк мөрі бар шақырту қағазды ұстап алып, желпініп жүріп әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің көктемгі сессиясын уақытынан бұрын тапсырып тастадық. Әсіресе «Қазақ-Француз археологиялық экспедициясы» дегенді көрген оқытушылар «ой, жарайсыңдар», деп ыңқитып бестік бағаларды қойып берді. Бүгінде жоғары білім саласында қызмет етіп жүріп, «сол кез қандай кең уақыттар» деп ойлаймын. Академиялық еркіндік деген мәселе бүгінде



тек қағаз жүзінде жасалады, сол уақыттағыдай студенттердің еркін ғылымға кіруі үшін жағдай жасалатын болса, жастар археология саласына келмейді емес, келеді!

Содан қош делік, мамыр айының басында Зейнолла ағаның жетекшілігімен бір автобус адам «Берел қайдасың», деп жол тарттық. Ғалымжан досым, группаласым екеумізге бәрі қызық, жолда екі-үш күн жүріп әрең жеттік. Берелге бара жатқандағы қызықтар мен оқиғалар жақсы есімде қалыпты. Шетелдік археолог ғалымдардың бір-бірімен ағылшын тілінде сөйлескені, олардың археологиялық қазбаға арналған құралдары, заманауи құрылғылары, бәрі таңсық бізге. Үлкен археолог ғалымдар ортасында болып, қара жұмыс жасап жүрсек те, көп нәрсе үйреніп қайтқан едік сол кезде. Берелдің № 11 обасынан табылған жылқы сүйектерін кесек-кесегімен ағаш кесетін арамен кесіп, орап үлкен рефрижератор машинаға тиеген едік. Осы обаның сызбалары мен жалпы жобасын Ғалымжан екеуміз неше күн тік тұрып, әрбір тасын салып шығатынбыз.

Бүгінде қарап отырсам, қазақ археологиясын әлемдік деңгейге жеткізген Зейнолла ағаның Берел зерттеулері екен. Өйткені, бұған дейін де және одан кейін де қазақ археологиясында мұндай кең көлемді зерттеулер орын алған емес. Зейнолла ағаның басқа зерттеулерін айтпағанның өзінде Берел қазбалары қазақ археологиясының айнасы десек те артық болмас.

Зейнолла ағаның қасында Берел қазбаларына 5 жыл қатарынан қатысып жүрдім. 2002 жылы магистратура бітірген жылы әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде аспирантураға бөлінетін 1 орын этнологияға берілетін болып, мен күдерімді үзіп археология институтына барғанымда тағы да Зейнолла аға, еш ойланбастан маған аспирантураға жетекші болатынын айтты. Ертеңінде Төлеубаев Әбдеш ағамыз хабарласып, сол жылы бөлінген орынды археологияға ауыстыратынын айтып, аспирантураға ҚазҰУ-не тапсыруға шақырды. Сол кезде де өзім оқыған әл-Фараби атындағы қазақ университетіне аспирантураға кетіп бара жатқанымда ешбір реніш танытпай Зейнолла аға қолдаған еді.

Кейіннен 2003 жылдан бастап Шілікті археологиялық экспедициясында Әбдеш ағаның жанында жүріп, 10 жыл қазбаға жетекшілік жасадым.

Зейнолла ағамыз бен Әбдеш ағамыз бүгінде Ұлы даланың жауһарындай болған Алтай – Тарбағатай өңірінде өз зерттеулерін жасап, қазақ археологиясының үлкен деңгейге жетуіне сүбелі үлес қосуда.

Бүгінде мерейлі жасқа толып отырған Зейнолла ағамен сыйластық құрметім, ол кісіге деген інілік ізетім ешуақытта кеміген емес. Кейде бізден жасы кіші жігіттердің «Зеке», деп жататынына іштей таң қалам. Үлкен ағаға деген құрмет, ғалымға деген ізет риясыз болуы керек деп ойлаймын. Зейнолла ағадан үйренетін ең бір асыл қасиет, ғылымға шынайы берілгендігі десем артық айтпаған болар едім. Сонымен бірге ғалым болам деген жастарды бар ынтасымен қолдайтындығы.

Әлі есімде, 1998 жылы Берел қазбасында сол Берел ауылының қазбада жұмыс жасаған біз қатарлас Азамат деген жігітін археолог болам дегеніне қуанып, университетке оқуға түсуге шақырды. Содан ол жігітті университетке ақылы негізде оқуға түсіріп, қаншама жылдық оқу ақысын өзі төлеп берген болатын. Ондай қолдау алған жастардың қарасы жүздеп саналады десем артық емес. Сол қолдау алған жастардың қатарында өзім де бармын. Бүгінде шәкірт пен ұстаз арасындағы сыйластықтан гөрі, ағалы-інілі сыйластықта жұмыс жасасып келеміз.

Соңғы жылдары Шығыс Қазақстан өңірінде жасалып жатқан кешенді жұмыстарды жасауда, сеніп тапсырған шаруаларын қал-қадірімізше атқарып келеміз.

Зейнолла ағаның Қазақстан археологиясында араласпаған тақырыбы кемде-кем шығар, десе де ғалым ағамыздың өз тақырыбына жат келетін тас дәуірі немесе қола дәуірі мәселелеріне араласып, мен білемдікке салынбайтыны да үлкен қасиеті. Дегенмен, зерттеген тақырыбы мен қазған ескерткіштері жөнінде отырып алып жазатын шаруалары жетерлік. Сондықтан да аяулы ағамызға қазақ ғылымына бергенінен берері көп екенін айта отырып, соны жазуға мықты денсаулық пен отбасына амандық тілегім келеді. Зейнолла аға жөнінде жазатын естеліктер мен ол кісінің адами парасаты жөнінде тізбектеп жазса біраз бетті шиырлауға болады. Алайда, ағамыздың өз табиғатына сай көпіре мақтауды қаламайтынын ескеріп, осы жерден тоқтауды жөн көрдім. Қазақ археологиясының қара нары іспетті ағамыз барда, ізін жалғаушы жас археологтар легі барда қазақ ғылымы биікте тұрары сөзсіз.

Фотошежіре / Фотогалерея / Photogallery



Бала Зейнолла, 2-сынып
оқушысы. 1956 ж.

Мальчик Зейнолла, ученик
2 класса. 1956 г.

Zeynolla boy, pupil of the 2nd class.
1956



Өскемен қаласы. Жамбыл
мектебі. 9Б класы. Үшінші
қатарда сол жақтан екінші
З.Самашев. 1964 ж.

г. Усть-Каменогорск.
Джамбульская школа. 9Б класс.
В третьем ряду второй слева
З. Самашев. 1964 г.

Ust-Kamenogorsk. Jambul school.
9B class. In the third row, second
from the left Z. Samashev.
1964



*Жерлес-класстастар:
Ләйлә Әмірова, Фариза Байдрахманова*

*Земляки-одноклассники:
Ләйлә Амирова, Фариза Байдрахманова*

*Compatriots-classmates:
Lyaila Amirova, Fariza Baydrakhmanova*



*Жерлес-класстастар:
Тоқтархан Құмаров, Әнуарбек Рүстемов,
Ләйлә Әмірова, Айман Жаңабаева*

*Земляки-одноклассники:
Тоқтархан Құмаров, Әнуарбек Рүстемов,
Ләйлә Амирова, Айман Жаңабаева*

*Compatriots-classmates:
Tokhtarkhan Kumarov, Anuarbek Rustemov,
Lyaila Amirova, Ayman Zhanabayeva*



*Курстастар.
Өскемен қаласы, 1969 ж.*

*Сокурсники.
г. Усть-Каменогорск, 1969 г.*

*Fellow students.
Ust-Kamenogorsk, 1969*



*Курстастар.
Өскемен қаласы, 1970 ж.*

*Сокурсники.
г. Усть-Каменогорск, 1970 г.*

*Fellow students.
Ust-Kamenogorsk, 1970*



*Өскемен педагогикалық
институты тарих
факультетінің 1970 ж.
түлектері бір топ
оқытушылармен бірге*

*Выпускники 1970 г.
исторического факультета
Усть-Каменогорского
педагогического института с
группой преподавателей*

*Graduates of 1970 of the Faculty
of History of the Ust-Kamenogorsk
Pedagogical Institute with a group
of teachers*



*Экспедициялық өмірдің
бір сәті*

*Один момент
экспедиционной жизни*

*One moment of an
expeditionary life*



*Жосалы, Баянауыл.
1974 ж.*

*Жосалы, Баянауыл.
1974 г.*

*Zhosaly, Bayanauil.
1974*



Атасу, 1975 ж.

Atasy, 1975 г.

Atasu, 1975



*Жартас суреттерін
зерттеудің алғашқы
кезеңдерінің бірі. Нарбота.
Шығыс Қазақстан*

*Один из первых этапов
изучения наскальных
рисунков. Нарбота.
Восточный Казахстан*

*One of the first stages of the
study of rock paintings. Narbot.
Eastern Kazakhstan*



*Орталық Қазақстан. Атасу
қонысы. Мир Кадырбаев
басқарған экспедиция*

*Центральный Казахстан.
Поселение Атасу. Экспедиция
под руководством Мира
Кадырбаева*

*Central Kazakhstan. Atasu
settlement. Expedition led by Mir
Kadyrbayev*



*Жетісудағы белгілі Таңбалы
петроглифтерін зерттеу*

*Изучение известных Жетысу-
ских петроглифов Танбалы*

*Study of the famous Zhetysu
petroglyphs of Tanbaly*



*Үстірт жотасы Тоқсанбай
қонысындағы жұмыстардың
бір сәті*

*Один из моментов работы в
поселении Тоқсанбай хребта
Устырт*

*One of the moments of work in
the settlement of Toksanbay of the
Ustyurt ridge*



*Үстірттегі ескерткішті
зерттеу*

Изучение памятника Устырт

Study of the Ustyurt monument



*Монголия. Бомбогор.
Түркі таңбалы тастар*

*Монголия. Бомбогор.
Камни с тюркскими
знаками*

*Mongolia. Bombogor.
Stones with the Turkic
signs*



*Монголияның Ногоноор сомонындағы түркі
тасмүсіндерін зерттеу*

*Изучение тюркских каменных изваяний
в Ногоноорском сомоне Монголии*

*The study of the Turkic stone sculptures in the
Nogonor somon of Mongolia*



*Монголиядагы Шивэт Улаан
таңбатасын зерттеу*

*Изучение каменного изваяния
Шивэт Улаан в Монголии*

*Study of the stone statue of
Shivet Ulaan in Mongolia*



*Теректі аулие басында.
Солдан оңға қарай: Д.Байтілеу,
З.Самашев, Е.Төлегенов*

*Петроглифы Теректы аулие.
Слева направо: Д. Байтлеу,
З. Самашев, Е. Тулегенов*

*Petroglyphs of Terekty aulie.
From left to right: D. Baytleu,
Z. Samashev, E. Tulegenov*



*ШҚО, Жарма ауданы, Аскаралы
қола дәуірі шахтасындағы
герман археологтарымен бірлесіп
атқарған зерттеулердің бір сәті*

*Один из моментов совместных
исследований с германскими
археологами на шахте эпохи
бронзы Аскаралы Жарминского
района ВКО*

*One of the moments of joint research
with the German archaeologists at
the Bronze Age mine of Askaraly,
Zharma district, East Kazakhstan
region*



Арал өңірі. Реставратор-архитектор Сәдуақас Ағытаев және археолог Әзілхан Тәжикеев

Приаралье. Реставратор-архитектор Садвакас Агитаев и археолог Азильхан Тажикеев

Aral Sea. Restorer-architect Sadvakas Agytayev and archaeologist Azilkhon Tazhikeev



*ШҚО, Күршім ауданындағы Мойнақ деген жердегі жартаc суреттерін зерттеу сәті
Момент изучения наскальных рисунков на месте Мойнак в Курчумском районе ВКО
The moment of studying the rock paintings at the Moynak site in the Kurchum district of the East Kazakhstan region*



*Абай облысы Шыңғыстау аумағында көне түріктердің тас мүсіндерін зерттеу сәті
Изучение каменных изваяний древних тюрков на территории Чингистау Абайской области
The study of the stone sculptures of the ancient Turks on the territory of Chingistau, Abay region*



*Елеке сазы. Он оқ елі қазанының
ғұрыптық кешені*

*Елеке сазы. Ритуальный
комплекс кагана страны Он ок
(десять стрел)*

*Eleke sazy. Ritual complex of the
kagan of the country On ok
(ten arrows)*



*Тарбағатай. Елеке сазы.
Алтын адам табылған оба*



*Тарбағатай. Елеке сазы. Курган,
где найден золотой человек*

*Tarbagatay. Eleke sazy. The mound
where the golden man was found*



Тарбағатайдың түрік кешенінен табылған алтын әшекейдегі қазан бейнесі

Изображение кагана в золотом орнаменте, найденное в турецком комплексе Тарбагатая

An image of the kagan in a gold ornament, found in the Turkish complex of Tarbagatay



Елеке сазындағы қазандық кешеннен табылған алтын әшекейдегі қазан бейнесі

Изображение кагана в золотом орнаменте, найденное в каганском комплексе на Елеке сазы

The image of a kagan in a gold ornament, found in the kagan complex in Eleke sazy



Берел. Қазылған қорғанды музейлендіру

Берел. Музеефикация раскопанного кургана

Berel. Museumification of the excavated burial mound



ЮНЕСКО-ның Бас хатшысы Коитиро Мацуура Берел заттарымен танысуда. 2000 ж.

Генеральный секретарь ЮНЕСКО Коитиро Мацуура осматривает Берельские находки. 2000 г.

The Secretary-General of UNESCO Koichiro Matsuura inspects the Berel finds. 2000



Ғалым Қалиолла Ахметжанмен Берел ертоқымының жаңғыртпасын талдау

Анализ Берельского седла с ученым Калиоллой Ахметжаном

Analysis of the Berel saddle with scientist Kaliolla Akhmetzhan



«Шығыс Қазақстан университетінің Құрметті профессоры» атағын алу рәсімінде

На церемонии присвоения звания «Почетный профессор Восточно-Казахстанского университета»

At the ceremony of conferring the title «Honorary Professor of the East Kazakhstan University»



*Мысыр елінің тарихи
ескерткіштерімен танысу*

*Знакомство с историческими
памятниками Египта*

*Acquaintance with the historical
monuments of Egypt*



*Семей. «Шәкәрім
университетінің Құрметті
профессоры» атағын алу
рәсімінде*

*Семей. На церемонии присвоения
звания «Почетный профессор
университета Шакарима»*

*Semey. At the ceremony of
conferring the title «Honorary
Professor of Shakarim University»*



Профессор Яков Абрамович Шер,
кандидаттық диссертация
бойынша ғылыми жетекші
және Санкт-Петербург
университетінің профессоры
Дмитрий Глебович Савинов

Профессор Яков Абрамович
Шер, научный руководитель
кандидатской диссертации
и профессор Санкт-
Петербургского университета
Дмитрий Глебович Савинов

Professor Yakov Abramovich Sher,
PhD thesis supervisor and professor
of the St. Petersburg University
Dmitry Glebovich Savinov

Мәңгі тоң танушы
ғалымдар: Алдар Петрович
Горбунов пен Эдуард
Васильевич Северский

Мерзлотоведы: Алдар
Петрович Горбунов и Эдуард
Васильевич Северский

Permafrost experts Aldar
Petrovich Gorbunov and
Eduard Vasilyevich Seversky



Сібірлік әріптестер
ортасында

Среди сибирских коллег

Among the Siberian
colleagues



*Қазақстанның Халық
жазушысы, Еңбек Ері
Әбіш Кекілбайұлымен*

*Народный писатель
Казахстана, Герой Труда
Абиш Кекильбаев*

*People's Writer of Kazakhstan,
Hero of Labor
Abish Kekilbayev*

*Қазақстанның Халық
жазушысы, Еңбек Ері
Олжас Сүлейменов,
мемлекет және қоғам
қайраткері
Мұхтар Құл-Мұхаммедпен*

*Народный писатель
Казахстана, Герой Труда
Олжас Сулейменов,
государственный и
общественный деятель
Мухтар Кул-Мухаммед*

*People's Writer of Kazakhstan,
Hero of Labor
Olzhas Suleimenov, statesman
and public figure Mukhtar
Kul-Mukhammed*



*Мемлекет және қоғам
қайраткері Қырымбек
Көшербаевпен*

*Государственный и
общественный деятель
Крымбек Кушербаев*

*Statesman and public figure
Krymbek Kusherbayev*



*Жапон ғалымы
Хаяшимен бірге*

*С японским
ученым Хаяши*

*With the Japanese
scientist Hayashi*

*Имангали Тасмағамбетов
пен Қырым Алтынбеков
Берел олжаларымен
зертханада танысуда*

*Имангали Тасмағамбетов
и Крым Алтынбеков
знакомятся с находками
Берела в лаборатории*

*Imangali Tasmagambetov
and Krym Altynbekov get
acquainted with the findings
of Berel in the laboratory*



*Ауыл маңындағы балалық
шақта су ішкен бұлақтың
басында...*

*В начале родника, который
находится возле аула, где в
детстве пили воду...*

*At the beginning of the spring,
which is located near the
village, where they drank water
in childhood...*



*Қазақ-француз зерттеушілерінің
бір тобы*

*Группа казахско-французских
исследователей*

*Group of the Kazakh-French
researchers*



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің бір
топ ғалымдарымен бірге*

*Вместе с группой ученых
Евразийского национального
университета им. Л.Н. Гумилева*

*Together with a group of scientists
from the L.N. Gumilyov Eurasian
National University*



*Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.К. Тоқаевтың
қабылдауында.
Астана, 14 тамыз 2019 ж.*

*На приеме у Президента
Республики Казахстан
К.К. Токаева.
Астана, 14 августа 2019 г.*

*At a reception with the President
of the Republic of Kazakhstan
K.K. Tokayev.
Astana, August 14, 2019*



*Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.К. Тоқаев және
Шығыс Қазақстан облысының
әкімі Д.К. Ахметовпен келелі
әңгіме*

*Разговор с Президентом
Республики Казахстан
К.К. Токаевым и акимом
Восточно-Казахстанской
области Д.К. Ахметовым*

*Conversation with the President
of the Republic of Kazakhstan
K.K. Tokayev and akim of the East
Kazakhstan region D.K. Akhmetov*



Тарбағатай. Елеке сазы. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.К. Ахметовпен зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талқылау барысы

Тарбағатай. Елеке сазы. Обсуждения результатов исследовательских работ с акимом Восточно-Казахстанской области Д.К. Ахметовым

Tarbagatay. Eleke sazy. Discussion of the results of research works with the akim of the East Kazakhstan region D.K. Akhmetov



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде ұйымдастырылған көрмеде, 2010 ж.

На выставке, организованной Национальным музеем Республики Казахстан, 2010 г.

At the exhibition, organized by the National Museum of the Republic of Kazakhstan, 2010



*Атақты эһиі, сазгер, актер,
дипломат, Өзәрбайжанның
Ресейдегі елиісі Полат Бюльбюль
оглы, тарихиы Гасан Гасанов
және татар галымы Мирфатых
Закиевпен кездесу*

*Встреча с известным певцом,
композитором, актером,
дипломатом, послом
Азербайджана в России Полатом
Бюльбюлем оглы, историком
Гасаном Гасановым и татарским
ученым Мирфатых Закиевым*

*Meeting with the famous singer,
composer, actor, diplomat,
Ambassador of Azerbaijan to
Russia Polat Bulbul oglu, historian
Gasan Gasanov and Tatar scholar
Mirfatykh Zakiyev*



*Мемлекет және қоғам
қайраткері Ерлан Каринмен*

*С государственным и
общественным деятелем
Ерланом Кариным*

*With statesman and public figure
Yerlan Karin*



Орал қаласында өткен конференцияда. Археолог ғалымдар З.С. Самашев (Қазақстан), Л.Т. Яблонский (Ресей), М.Г. Мошкова (Ресей), А.Н. Подушкин (Қазақстан). 2012 ж.

На конференции в Уральске. Ученые-археологи З.С. Самашев (Қазақстан), Л.Т. Яблонский (Россия), М.Г. Мошкова (Россия), А.Н. Подушкин (Қазақстан). 2012 г.

At a conference in Uralsk. Scientists-archaeologists Z.S. Samashev (Kazakhstan), L.T. Yablonsky (Russia), M.G. Moshkova (Russia), A.N. Podushkin (Kazakhstan). 2012



Түркия, 2015 ж.

Турция, 2015 г.

Turkey, 2015



*Самашев-70. Қазақстандық
тарихшылардың бір тобы.
2017 ж.*

*Самашев-70. Группа
казахстанских историков. 2017 г.*

*Samashev-70. A group of Kazakh
historians. 2017*



*Ұлттық музей
қызметкерлерімен*

*С сотрудниками Национального
музея*

The staff of the National Museum



*Москва қаласында
ұйымдастырылған көрмеде,
2019 ж.*

*На выставке, организованной
в г. Москве, 2019 г.*

*At the exhibition, organized in
Moscow, 2019*



Грекия, 2019 ж.

Греция, 2019 г.

Greece, 2019



Англия. Кембридж
университетінің алдында.
Тарихшы ғалымдар Ә.Төлеубаев
пен З.Самашев.
2021 ж.

Англия. Перед Кембриджским
университетом. Ученые-
историки А. Төлеубаев и
З. Самашев.
2021 г.

England. In front of the University
of Cambridge. Historians
A. Toleubayev and Z. Samashev.
2021



Берел. Отбасымен

Берел. С семьёй

Berel. With my family



Ғалым З.Самашевтың портреті.
Суретшіі Е.Садырбаевтың
жұмысы.

Портрет ученого З. Самашева.
Работа художника Е. Садырбаева.

Portrait of the scientist
Z. Samashev. The work of the artist
E. Sadyrbayev.



Суретшіі Т. Мәжитованың жұмысы.

Работа художницы Т. Мажитовой.

The work of the artist T. Mazhitova.


ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ




ДОСТОЙНАЯ ЖИЗНЬ УЧЁНОГО



DIGNIFIED LIFE OF A SCIENTIST





Зейнолла САМАШЕВ

КӨНЕ ДҮНИЕ ҚОЙНАУЫНА САЯХАТ

немесе археология туралы үзік сыр

Археология – тарих ғылымы. Оның қалыптасу кезеңдері ғасырлар қойнауына апарады (біздің эрамызға дейінгі VI ғасырда Вавилон патшасы Набонид жер асты қазуларын жүргізгені белгілі). Қазіргі заманғы археология болса – табылған заттар бойынша зерттейтін таптаурын әдістен арылып, үлкен ғылыми соқпаққа түсті.

Археология қоғамдық ғылымның түгел дерлік бағыттарымен ондаған, жүздеген тармақтар арқылы байланысқан, әрі техникалық ғылымдардың озық жетістіктеріне сүйене отырып дамиды. Мысалы, зерттелетін нысанның абсолюттік және салыстырмалы хронологиясын анықтаған кезде дәстүрлі типологиялық, аналитикалық әдістермен

қатар радиоуглеродтық калий-аргондық, дендохронологиялық, т.б. тәсілдер тиімді түрде пайдаланылып келеді. Ал далалық археологияға геологиялық барлаудың, әуе арқылы аэрофото түсірудің техникалық әдістері кеңінен ендірілген.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіру кезінде математикалық, статистикалық жүйелер, жаңа, озық техниканың мүмкіндіктері, т.б. қолданылады. Ежелгі мәдениеттің дүниетанымдық мәселелерін зерттегенде мифология, фольклор, этнография үрдісіне, шамандық, эпостық, үнді-еуропалық, үнді-ирандық, палеоазиаттық дәстүрлерге, сондай-ақ түрік-моңғол халықтарының ауызша және жазбаша әдеби





МӘДЕНИ МҰРА



жәдігерліктерінің тәжірибелеріне сүйенбей тұжырым жасау мүмкін емес. Мұндай және тағы да басқа тәсілдерді археологтар көне тайпалардың палеоэкономикасын, олардың мәдени-шаруашылық түрін, өмір салтын, т.б. зерттегенде пайдаланады.

Қазақстан археология ғылымының қалыптасу дәуірінде Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, С.С. Черников секілді зерттеушілер археологияның бүкіл дерлік проблемаларын қамтыды, сол себепті біздің жетістіктердің соқталы кезеңдері олардың есімімен тығыз байланысты. Қазір археологиялық көмбелердің көптеп ашылуына байланысты оның түрлі аспектілері бойынша мамандандырылу және тармақталу процесі жүріп жатыр. Мәселен, айрықша ерекшелігі бойынша тас ғасыры проблемаларының маманына өз зерттеулерін орта ғасырлық қала археологиясы мәселелерімен ұштастыру өте-мөте қиынға түседі немесе керісінше. Сондықтан олар өздерінің кәсіби білімдерінен басқа геология, геоморфология, топырақтану, антропология, т.б. ілімдер туралы ұлан-ғайыр деректермен қарулануы тиіс. Сонымен бірге сәулет, мүсін, кескіндеме, гидромелиорация, құрылыс, т.б. өнер, техника саласына машықтануы керек. Ал палеоэкономика

проблемаларын зерттейтін археологтарға металлургия, металлография, палеозоология, палеоботаника, т.б. білімдер ауадай қажет. Мысалы, тарих, археология және этнография институтының Орталық Қазақстандық археологиялық экспедициясы қола дәуіріндегі палеоэкономикалық проблемалар мен металлургиялық процестерді зерттейді. Бұл жұмысты тәмамдау үшін металлургтер, химиктер, зоологтар, биологтар, археологтар, этнографтар, т.б. мамандар қатысты. Мәселеге осылай кешенді тұрғыдан келу байырғы өндірістің деңгейін, мыс балқыту процесінің технологиясын білуге, мыс балқыту пештері мен құрылыстарын қайта салуға, металл мен көзенің мөлшерлік құрамын, үй жануарлары мен жабайы хайуанаттардың түрлік құрамы мен мөлшерлік сипатын анықтауға, осы өлкенің қоғамдық қарым-қатынастарын, әлеуметтік құрылысы мен байырғы тұрғындардың дүниетанымын, дінін зерттеп білуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, археология ғылымы адам туралы ілім жүйесінде оның хайуаннан саналы тіршілік иесіне дейін өсу эволюциясы, биосфера жүйесіндегі алатын орны, қазіргі дүниені, тұрмысты философиялық тұрғыдан топшылауымен ерекшеленеді.



Самашев З.С.

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНДАҒЫ БЕРЕЛ ЕСКЕРТКІШІ

Мақалада 1998-2011 жылдары қазақ Алтайындағы Берел қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындылары сөз болады. Бұл құнды мағлұматтар б.д.д. IV-III ғасырлардағы көшпелі халықтардың көркемөнері мен мәдениеті, өмір-тұрмысы, жерлеу рәсімдері, діни ғұрыптары мен дүниетанымы туралы ғана емес, сондай-ақ олардың шаруашылық жүйесі, әртүрлі материалдарды өңдеу технологиясы және қоғамның әлеуметтік құрылымы, этникалық құрамы, әсіресе, мемлекеттілігінің ерекшелігі туралы да ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Материалда аталған аумақта өмір сүрген көне халықтар мен қазіргі қазақ этносының арасындағы тарихи сабақтастық бұрынғыдай тек материалдық, яғни заттық деректер арқылы ғана емес, сонымен қатар, молекулярлық биологиялық, т.б. пәнаралық зерттеулер негізінде дәлелденеді.

Түйін сөздер: қазақ Алтайы, Берел обалары, ежелгі көшпелілер, ғұрыптық бұйымдар, геокриологиялық зерттеулер, антропология және палеогенетика, палеозоологиялық және палеопатологиялық зерттеулер.

Берел ескерткіші Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында, Ресейдің Таулы Алтайдағы Үкек қыраты, Монғолияның Баян Өлгий аймағы және Қытайдың Шыңжаң өлкесінің батысы түйіскен жеріне жақын орналасқан.

Бүгінгі күнге дейінгі Берелде қазылған обалардың ішіндегі ең көп ғылыми ақпарат берген және әлі де болса жан-жақты зерттеліп жатқаны №11 нысана болғандықтан, біз кейбір өзекті ғылыми мәселелерді талдап, талқылау барысында оған көбірек көңіл бөлеміз. Басқаларының материалдарын керегінше пайдаланамыз.

Түпкілікті мақсат – Орталық Азия кеңістігіндегі маңызды аймақтардың бірі саналатын Алтай тау жүйесінде ерте темір дәуірінің әр тарихи кезеңдерінде етек алған тарихи-мәдени үдерістердің, қалыптасқан мәдени кешендердің табиғатын сабақтастық тұрғыдан зерттеп, зерделеу. Ол үшін тарихи дереккөздердің сан-алуан түрлерін

мүмкіндігінше пайдалану керектігі де түсінікті. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген көшпелі және бақташы халықтардың дүниетанымының, болмысының, жалпы мәдени кешенінің негізгі компоненттерінің бірі жерлеу рәсімі болғандықтан, алдымен соған тоқталып өтуіміз керек. Өйткені, олардың көшпелі (мүмкін, жартылай отырықшы) қоғамының саяси-экономикалық даму деңгейінің қаншама биік сатыға көтерілгені, әлеуметтік жіктерге бөліну процесінің қаншама тереңдегенін айқындаудың өзін былай қойғанда, ғылымдағы археологиялық мәдениеттерді, тарихи-мәдени тұтастықтар, этномәдени құбылыстар мен қарым-қатынастарды зерттеуде жерлеу рәсімін, обалардың табиғи кеңістікте орналасуын, құрылымы мен архитектурасын талдау, т.б. шешуші роль атқаратыны белгілі.

Обаның жер үсті құрылымдарының көлемі, көрдің тереңдігі мен ішіндегі құрамдас бөліктерінің күрделілігі, жерленген адаммен қойылған мүліктердің, тағы басқалардың, мыса-

лы, аттардың саны мен заттардың бағалылығы сияқты белгілеріне қарай отырып патшалық оба, билеуші әулеттің өкілдері, көшпелі қоғам ақсүйектері, қолбасшы-батырларға арналған, т.б. жерлеу орындары ерекшеленіп бөлініп шығады (Оңғарұлы, 2008: 110-117). Қазір осындай талдау жүйесін негізге ала отырып топтау мен сұрыптау жұмыстарын атқарып жатырмыз.

Осы орайда, айта кететін бір жәйт, ғылыми айналымда «патшалық қорым» деген терминді қолданудың артында үлкен жауапкершіліктің бар екендігін де естен шығармау керек. Мысалы, патшалық обаның болуы – ол мемлекеттіліктің және содан туындайтын жағдайлардың белгісі, одан әрі қарай бұл мәселені тереңдетіп өрбіте беруге болады.

Ежелгі көшпелілер өз көсемдерін жерлеуде Қазақ Алтайының табиғаты ғажап бұл өңірді тегіннен таңдамаған. Обалар орналасқан жазық жан-жағынан қалың орманмен көмкерілген биік таулармен қоршалып, өзге жерлерден әлдеқайда асқақтап тұр. Байырғылардың мифологиялық түсініктері бойынша тауларға өте ерекше мән-мағына бөлген, себебі оның

шыңар басын Тәңірі мекендеген, жоғарғы әлемге ата-бабалар рухы аттанып отырған. Обаның мифологиялық санадағы жоғарғы және төменгі әлемдерді жалғастырып дәнекерлейтін тау мен тау өзені жағасында орналасуының философиялық мәні өте тереңде жатыр. Жазық және жерлеу құрылысы – оба – ғибадатхана рөлін атқарған. Жазық территориясы кейінгі көшпелілер үшін де киелі болып қала берген: осы жерде ортағасырлардың да обалары орналасқан.


Берел қорымы жан-жағын биік тау қоршаған тегіс және шағын алқапта орналасқан. Бұқтырма өзенінің жазығы, оған құятын Ақ Берел (Ақбұлғақ), Бұланты тау өзендерімен шектеледі (сур. 1). Ал шығысы мен батыс жағынан етегін аралас орман (ақ қайың, көк терек, бал қарағай, қарағай, шырша) мен шабындық шөп басқан таулармен тұйықталған. Обалар ораласқан жазықта бір кездері осы ағаштардың өскен іздері байқалады.

Берел қорымы екі үлкен бөлікке жататын төрт обалар тобынан және тізбектерінен тұрады (сур. 2). Оның негізін СБ-ОШ бағытында созылған



Сур. 1. Берел қорғандарының бір тобы

Fig. 1. Group of Berel burial grounds



Сур. 2. Берел қорымындағы обалар тобының орналасу сызбасы

Fig. 2. Plan of the arrangement of Kurgan groups in the cemetery Berel

бірнеше қаз-қатар орналасқан обалар құрайды. Ең ірі тізбекте тұрпаты «ладья», немесе, үстінен қарағанда эллипс тәріздес обалар болса, ал басқа тізбектегілер дөп-дөңгелек келген. Әрбір тізбекте доминат оба болады. Бұдан туындайтын ой – әрбір тізбек, мүмкін, осы кеңістікте бірін бірі алмастырып билік жүргізген көшпелілер династияларының қосемдері, олардың қандас туыстары және қоғамның бекзадалары жерленуі мүмкін.

Ең үлкен, көп жылқылардың қаңқасы табылған №1 оба, үшбұрышты формалы Бұқтырма өзенінің үшінші террасасы болып есептелетін платформаның шетіне, өзгелерінен оқшау орналасқан. Оны 1865 жылы белгілі түріктанушы ғалым В. Радлов қазып, алғашқы рет жерлеу камерасында мұздың кристалдары болғанын өзінің күнделігінде атап көрсеткен болатын.

Одан табылған заттар қазір Мәскеудегі Мемлекеттік тарихи музейде сақталуда.

Берел жазығының ежелгі тұрғындары өз билеушілеріне арнап тұрғызған орасан зор қабірлерде бәлкім марқұмдардың денелерін шірітпей ұзақ уақытқа сақтамақ болған болса керек. Олар мәйітті бальзамдаудың құпия әдістерін білген, ал олардың тас құрылыстарды тұрғызу тәжірибесі обаның жерлеу камерасында маусымдық тоң қабатының қалыптасу мүмкіндігін есептей білген деген де болжам бар, себебі, табиғи тоң әдетте 2500-2700 м биіктіктерден бастап қалыптасады, ал Берел теңіз деңгейінен 1120 м ғана биіктікте орналасқан. Бұл мақсатқа жету үшін жерлеу ғұрпына байланысты атқарылар шараның бәрі қатаң регламентке бағынған, марқұмды о дүниеге аттандыру тек жылдың белгілі бір мерзімінде ғана іске асқан деген болжам бар. Дегенмен, Үкектегі Ақ Алаха, Монғол Алтайындағы Олон Гуурийн гол қорымдарында жерленген адамдардың ішінде қысқы тон кигендер (Parzinger, Molodin, Tseveendorzh, 2009: 212), ал Турфан мен Таримдегілерде тоң мүлдем жоқ, соған қарағанда бұл адамдардың жерленген мерзімін анақтайтын басқа да дәлелдер керек. Қалай болғанда да қыстың қаһарлы суық мезгілінде қайтыс болған адамдарды Алтай өңірінде тоңды қопарып жерлеу мүмкін емес, ол белгілі қағида. Сондықтанда қыста қайтыс болған адамның мүрдесін жаздың басына дейін, яғни көк шығып жер жылынғанға дейін сақтау қамына байланысты бұл халықтар мумиялау әдісін ойлап тауып, оны арнаулы бір жерде уақытша ұстаған деген болжамның жаны бар.

Берел қорымындағы қазіргі күндегі ең атақты №11 оба 1998-1999-шы жылдары зерттелді. Біз қазба жұмыстарының екінші маусымында, ескерткіштің құндылығы өте жоғары екендігі анықтала бастағаннан кейін, одан жан-жақты информация алу үшін, көптеген жаратылыстану саласындағы мамандарды, солардың ішінде, геологтарды, геоморфологтарды, палеоботаниктерді, палинологтарды, медиктерді, архитекторларды, топырақтанушыларды, дендрохронологтарды, паразитологтарды, палеозоологтарды, палеоветеринарларды, археоастрономдарды, генетиктерді, этнологтарды, өнертанушыларды және тағы басқаларын Берел құндылықтарын бірігіп зерттеуге жұмылдыруды жөн көрдік. Бұл жұмыстардың біразы өз нәтижелерін бере бастады, ал кейбіреулерінің қорытындылары уақыт өте белгілі болар деген сенімдеміз.

Обалардың жер үсті құрылымы. Берел тектес элитарлық ескерткіштердегі обалардың сыртқы және ішкі құрылымдарының конструкциялық және архитектуралық ерекшеліктерін жан-жақты талдау – оларда тоң қалыптасу механизмін анықтап зерттеу, этномәдени үдерістер және діни-ғұрыптық құбылыстардың басын ашу сияқты көптеген мәселелерді шешу қажеттігінен туындайды. Бұл обалардың қалануының жалпы принциптері бірдей болғанымен, әрбір нысана өзіндік техникалық ерекшеліктерімен сипатталады. Өңірдің ландшафтық ерекшеліктеріне байланысты, Берелдегі тас қорғандардың конструкциясы мен жалпы әлпеті табиғи деформацияға аз ұшыраған, көп шашылмаған. Бүлінудің негізгі себебі – ерте замандағы тонаушылар мен кейінгі антропогендік және техногендік әсерлерде жатыр.

Сонымен, №11 нысана үш бұрышты болып келген террасаның солтүстік-батыс жағында, көлемі жағынан қорымдағы ең үлкен және обалар тізбегінің біреуінің басынан 300 метрдей солтүстікке қарай жекелеу, бірақ кейін қалыптасқан обалар тізбегінен ауытқымай,

бір бағытта түзу орналасқан (сур. 1, 2). Бұл обаны көшпелілер қоғамының жаңа әулетінің бас өкілі жерленген жаңа қасиетті кеңістікті айқындайтын нысана ретінде қарап, оның басқаларынан алшақтау орналасуын, келешекте жерленетін оның жақын тумаларына орын бағыштап қою идеясынан туындауы мүмкін деген болжам жасауға болады.

Қорғанның диаметрі 31,4 x 28,6 м, қазіргі сақталған биіктігі 2 метрден астам (сур. 3). Бірақ, ондаған тоннаға жететін тас конструкция екі мың жылдан астам уақытта біраз шөгетінін ескерсек, оның биіктігі 3-4 м, тіпті одан да жоғары болуы ғажап емес. Оның батыс және шығыс жақтарында қосымша тас құрылымдар, үйінділер және тас жолақтар орналасқан, олар бүкіл кешеннің көп сатылы жерлеу рәсімін өткізу барысында пайдаланатын ғұрыптық құрамдас бөліктері болып есептеледі.

Оба, оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа қарай созыла жайғасқан, ал оның абрисы, үстінен қарағанда эллипске (немесе құс жұмыртқасына) ұқсас. Бірақ, архитектуралық зерттеу кезіндегі көңіл аударғанымыз, оның пошымы он жеті түзу және қысқа жолақтардан құрылған



Сур. 3. № 11 оба. Ескерткіштің қазылғанға дейінгі көрінісі

Fig. 3. Burial ground № 11. View before the excavation

көпбұрышты геометриялық фигура болып шықты. Бұл жағдайдың әртүрлі түсініктемесі бар: оба деген өлілердің үйі, сондықтан кейбір формалары ежелден келе жатқан көпбұрышты ағаш үйлерге (әсіресе, ағашы мол Алтай өңірін алсақ) еліктеуден туындауы мүмкін, ал таза технологиялық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, кез келген шеңбер көптеген түзу элементтер жиынтығынан тұрады. Сондай ақ, обаның сыртқы қоршауы, фундаменті сияқты күрделі құрылымды таудың өте кесек тастарынан түп-түзу етіп қалаудың мүмкін еместігінен де болуы мүмкін. Қалай болғанда да бұл қоршау бүкіл құрылыстың тірегі болып саналады, оның негізгі функциясы (сыртқы бекіту қоршауымен бірге) – жер үсті конструкциясын бүлініп, шашырауға жол бермей ұстап тұру.

Енді, обаны салу және көтеру кезеңдеріне тоқталайық.

Алдымен, жерлеу орынын таңдап анықтау рәсімін абыздар өткізуі мүмкін. Бұл жер, шын мәнісінде, зираттағы ең бір ыңғайлы ерекше орын. Егер, ең үлкен №1 оба үш бұрышты платформаның нағыз ұшында жекелене орналасса, №11-ші қорған тау етегіне жақын орналасқан, бірақ күн батарда жанындағы Кемпіртаудың көлеңкесі екеуіне де бір сәтте диагональ бойынша түсіп, күннің соңғы нұры екеуін де бірге жабады. Абыздар осы жағдайды да байқап ескеруі мүмкін. Бірақ, мұнда ерекше астрономиялық бақылаулармен байланыстыратын басқа ештеңе жоқ сияқты.

Сосын, адамның лауазымына сай тиісті көр қазылады, айналасы шыққан сары топырақпен және басқа да әдістермен тегістеледі, себебі, бұл жер таудың бөктері болғандықтан қиғаштау; обаның бір шеті мен екінші басының арасындағы еңкіштік бұрышының біраз айырмашылығы болғандықтан және де қазіргі таза тақыр болып тұрған дала, ертеде ойлы-шұңқырлы орманның орыны болғанға ұқсайды.

Ендігі кезекте, осы көрдің айналасындағы тегістелген, семиотикалық статусы өзгерген қасиетті алаңды, жоғарыда айтылған эллипс тәрізді шарбақпен қоршайды. Қоршау аса көлемді, ұзынды-текшелі тас блоктардан, ал оның қуыстары ұсақ немесе малта тастармен мықтап қалап бекітіледі. Қоршаудың ішкі жағынан көлемді тегіс плиталарды тігінен орнатады. Олардың да өзіндік функциясы бар. Осы жерде айта кетейік, Берелдің кейбір қорғандарында осындай тігінен қойылған

плиталар үстіңгі жақтан жылжыған панцирлық малта тастардың қысымына шыдамай сыртына қарай жантайып кеткен, сол себептен, үстінен қарағанда гүлдің жапырағы сияқты болып көрінеді.

Сонымен, жоғарыда аталғандай, осы тізбектегі барлық қорғандар басқа тізбектегілерден мүлдем ерекше сопақша болып келеді. Оған біз қазған басқа №10, 9, 8, 4 обалар жатады. Оның себебін архитектор мамандар терең сайды бойлай соғатын желдің бағытына сәйкес оларды әдейі осындай аэродинамикалық формада салған дейді (Байтенов, 2004: 30). Шын мәнісінде, жерлеу камерасының негізінен батыстан шығысқа қарай созыла қазылуына байланысты (адамдарды жерлеу рәсіміне сәйкес) туындаған жаңа династия өкілдерінің дәстүрге енгізген өзгерісі болуы мүмкін деп қараған дұрыс сияқты.

Соңғы шара, логикалық жүйе бойынша, аса күрделі көп сатыдан тұратын адамды жерлеу рәсімі. Бірақ, оған біз кейінірек тоқтаймыз, себебі, бұл жерде әңгіме обаның құрылымы туралы.

Адам жерленгеннен кейін, статусы күрт өзгерген қасиетті қабірдің дәл жабылған үстінен, көбінесе жарты сфера немесе күмбез тәрізді (сопақша да болуы мүмкін), биіктігі бір метр шамасында құрылым жасалынады. Бұл, пазырық мәдениетіндегі тек бекзадалардың тас обаларына тән аса маңызды элемент. Зерттеушілер осыған бұрын көп мән бере бермеген. Осы элементтің түбінде ерте сақтардың «патшалық» қорғандарының, көбінде жер үстіне орналасатын, жерлеу камерасының одан кейінгі трансформациясы жатуы әбден мүмкін.

Инженерлік тұрғыдан алсақ, бұның ең негізгі прагматикалық функциясы (кейбір мамандардың айтуынша) – жерлеу камерасының үстіндегі ауыр тас конструкцияны төмен құлатпай ұстап тұруға себебін тигізуде.

Келесі қадам – осы күмбезден бастап шетке қарай радиалды түрде, жоғарыда аталған моланың сыртындағы қоршаудың ішін тастармен толтыру. Ол ішке қарай қиғашталып қойылған кесек тастардан бір қабат етіп қаланатын платформа. Жол-жөнекей тағы бір ескерте кететін жәйт, осы құрылыс деңгейінде салынатын ерте сақ обаларына тән дромостар (Шілікті, Майемер, Желдіөзек, т.б.) немесе сарматтардағыдай (Дікілтас, Меретсай, Түбежік)



МӘДЕНИ МҰРА

оның имитациясы, пазырық мәдениетінің тас қорғандарында болмайды.

Бүкіл қорғанның жер үсті конструкциясының негізі, барлық құрылымның салмағы мен формасын ұстап тұратын да осы платформа, сондықтанда оның тастарының сырттан ішке қарай қиғаш қойылуының да мәні осында.

Оның деңгейі бір қалыпты болады, себебі обаның келесі тас қабаттары осы платформаның үстінен ортадан шетке қарай балықтың қабыршығы сияқты принципте қалана береді. Құрылым біраз биіктікке жеткенде жарты сфера пошымына өзінен-өзі келе бастайды. Әр қабаттардың қалыңдығы шамамен, 50-60 см, ал саны жерленген адамның статусына қарай әртүрлі болады. Тас қабаттарды бекітіп ұстап тұрудың амалы осы, ешқандай байланыстырушы басқа материалдарды мұнда пайдаланбайды. Ең үстіңгі қабаттары аздап кішілеу тастардан салынады да, ең соңында бүкіл конструкция өзеннен әкелген ұсақ малта тастармен жабылады. Топырақтан салынатын үлкен обалардай бұлардың үсті шыммен жабылмайды, себебі ондай жағдайда жерлеу камерасында тоң қалыптаспайды.

Жоғарыда аталғандай, Берел обаларының екінші тобы – жер үсті құрылымдары өте ұқыпты дөңгелек тәрізді етіп жасалғандары. Бұлардың, әсіресе, сыртқы қоршауы өте ірі тас блоктардан биік және бірнеше қатар жасалынып, тегеурінді қысым мен салмақты ұстап тұрады. Олар некропольдың шығыс жағына орналасқан, ең көзге түсетіндері №16, 18. Олардың құрылымдары басқа тізбектердегі сияқты өте күрделі, бірнеше қабаттардан тұрады да, ең үстінде малта тастармен жабылады.

Осы екі обаның жер үсті құрылымдарының басқалардан ерекше бір ортақ элементі, ол жерлеу камерасының айналасынан биіктігі бір метрдей шамалас дөңгелек қоршаудың қалануы. Осы қоршаудың ішінде, әсіресе, №18-ші обаның жерлеу камерасының үстіндегі жоғарыда аталған «кірпікшешен» тәрізді күмбез – архитектуралық бірегей құбылыс, сондықтан оның функциясы мен шығу себептерін әлі де болса зерттеу қажет. Осындай элемент №16-шы обада да болған болуы керек, бірақ кейінгі тонаушылардың әрекетінен ол мүлдем бұзылып кеткен сияқты.

Осы топқа диаметрі анағұрлым кіші болса да, ішінен көрнекті жәдігерліктер шыққан №36-шы оба да жатады. Бірақ бұл оба басқаларынан

жеке, некропольдың солтүстік жағына салынған, оның да бір себебі болу керек.

Осы екі топ обалардың арасында уақыты жағынан және этникалық атрибуциялау тұрғысынан алып қарағанда аса көп айырмашылық жоқ сияқты. Конструкциялық және этнографиялық ауытқулары баршылық, ал оларды әзірше династиялық (әулеттік) ерекшеліктермен түсіндіруге болады.

Диаметрлері өте шағын бірнеше қазылған обалардың жер үсті құрылымдары қарапайымдау және оларда бірнеше тас қабаттары жоқ.

Таза техникалық тұрғыдан алып қарағанда ең соңғы шаралар, салып болған обаның айналасында әртүрлі құрбандық орындарды, әсіресе, тас жолақтарды орналастыру. Солардың ішіндегі ерекше көңіл аударатын элемент – обаның батыс және шығыс жақтарынан доғалау болып қазылған, малта және майдаланған тастар толтырылған екі ор. Бұл компоненттер Еуразия кеңістігіндегі барлық элитарлық обаларға тән құбылыс (Ольховский, 1991: 125), бірақ түрлері мен көлемі жағынан өзгешеліктері болады.

Обалардың ішкі құрылымдары және жерлеу ғұрпы. Ең үлкен №11-ші обада, сөзсіз, көшпелілер қоғамының билеушісі жерленген. Ер адам мен әйел; жер үстінен төрт метр тереңдіктегі кең көлемді қабірдің түбіне орнатылған қима-таған ішіне орналастырылған көп ғасырлық самырсын ағашынан ойылған астау-табыт ішіне, бастарын күншығыс жаққа қаратып, ер адамды шалқасынан, әйелді аяғын бүгіп жатқызған. Осы орайда, айта кетейік, біз көбінде тізесі бүгіліп, бір жағына жантайған мүрделерді дәстүрлі жерлеу рәсімінің көрінісі ретінде қарап жүрдік. Ал, Қытайдағы Шыңжаң өлкесінде, кейіннен құм арасындағы мумиялар ашылғаннан кейін, алғашқы пікірлерге біраз басқаша қарап, көп жағдайларда мәйіттің арнаулы бүгілген аяқтарын тізесімен жоғары қаратып жерленетініне көзіміз жетіп отыр (Mallory, Mair, 2008: 261).

Біз күрделі және тылсым, көсемді жерлеу рәсімін талдап, жіктеп тарихи-этнологиялық тұрғыдан қайтадан кең көлемде қалпына келтіру мәселесін, мақаланың шектеулігіне қарай, басқа арнаулы басылымдарда жан-жақты талдаймыз.

Қима-таған үстін бір-біріне тығыз қиюластырып қойған сырықтармен, бірнеше қабат қайыңтозбен және соның арасын толтырған қарта жоңышқа бұтасымен (Dazifora

fruticoza) жапқан. Ботаник мамандар бұл өсімдіктің де іріп-шіруге қарсы қолданатын ерекше қасиеті бар дейді. Қима-тағанның солтүстік жағында екі қабат етіп қойылған он үш аттың қаңқалары да осындай қайыңтоз қабықтармен бірге жабылған.

Қабірдегі қима-таған, оның ішіндегі ағаш саркофагтан басқа осылардың барлығын үстінен жауып тұратын ағаш конструкция болған сияқты, бірақ, өкінішке орай, тонаушылар оны түгелімен бұзып жан-жаққа лақтырып тастағандықтан, нақтылы кейпін қалпына келтіру мәселесі де әзірше өз шешімін таппай отыр. Ағаштан жасалған мола іші құрылымдарын бұрынырақ талдағанбыз (Самашев, Мыльников, 2004: 163).

Астау-табыттың бетін самырсыннан қашаған қақпақпен жапқан, оның мықтылығын арттыру үшін арнайы бір қоспамен, болжам бойынша, жылқының майымен, қанықтырған.

Табыт қақпағының бұрыштарына сыртын жұқа алтынмен қаптаған қоладан құйылған төрт қиял-ғажайып самұрықтарды (олар грифон емес) орнатқан; екеуі ұшуға қанаттанған, басқа екеуі қонуға ыңғайланған сәттерде бейнеленген. Бұл, әрине, кездейсоқ емес. Көне діни сенімдерде, құс адамның көкке ұшқан жанының өзі немесе символы; ол ұшып кетіп, мәйіт жатқан жерге анда-санда қайта оралады. Басқа мифологиялық жүйе бойынша, самұрық құстар дүниенің төрт бұрышының қорғанышы, сақшысы және тірегі немесе төрт бұрышты дүниеде, жер мен көкте не болып жатқанын патшаға жеткізіп отыратын жаршы болып есептеледі. Бұл құстар көк тәңірімен байланыстыратын медиативтік функцияларды атқаратын жануарлар санына кіреді.

Ер адамның басы ағаштан жасалған арнаулы жастықта жатты. Берел материалдарын сұрыптауға атсалысып жүрген генетика саласының ғалымдарының болжауына сенсек, әйелдің денесі ер адамға қарағанда ертерек (бір болжамдарда, керісінше – кейінірек) қойылғанға ұқсайды. Шынында да, ағаш табыт алғашында бір адамға арналып ойылған, ол айқын.

Ағаш табыттың ішіндегі патша мен әйелдің мүрделері толық тонауға ұшыраған, киімдерінің бәрін сыпырып алған, тек сүйектері ғана анатомиялық пошмымен сақтап қалған.

Ал басқа тізбектегі обалардың ішкі құрылымдарына келетін болсақ, оларда біраз айырмашылықтар бар. Мысалы, № 16 обада

адам мен екі қабаттап қойылған бірнеше жылқы малының ортасына тастан қалқа немесе тасалау қабырғасы қаланған. Дәл осыған ұқсас қалқа № 18 обада тақтаймен жасалғанға ұқсайды, бірақ ол бірнеше рет тоналғандықтан, жерлеу рәсімі мен құрылымдарын толық қалпына келтіру қиын.

Ерекше құрылым мен жерлеу рәсімі № 36 обада тіркеліп отыр. Онда адам жерленген қима-таған мен ағаш табыттың (қалдықтарына қарағанда үсті, кейбір пазырық обаларындағыдай кілеммен жабылған тәрізді) сыртынан текше тас қоршаумен (циста тәрізді) қаланған да оның үсті көлемді текше және сопақ, салмағы ондаған, тіпті жүздеген килограмм тас блоктармен ұзынынан және көлденеңінен аса мұқият қаланып жабылған. Бірақ осы шаралар да тонаушылардан құтқармапты, олар көрдің бүйірінен тура адам жататын тұсынан тесіп кірген де, түк қалдырмай, барлық заттарын алып мәйітті лақтырып кеткен. Адаммен бірге көмілетін тиесілі жылқы малы да ерекше түрде, тас қоршаудың ту сыртында, көрдің қабырғасы мен тас қоршаудың арасына аяқтарын бауырына бүгіп, басын тас төсеммен біраз жоғары көтеріп қойған да, үстін түгел кесек тастармен тығыздап бітеп тастаған.

Бірақ, осыған ұқсас әдіс басқа тізбектегі № 9 обада тіркелген. Онда бірге жерленген бес ат жатқан көрдің солтүстік-батыс бөлігі олардың үстінен бірнеше қабат тас плиталармен қапталған. Бұл обадағы тағы бір маңызды сәт, ол аттардың аяқ жағына бақан (стела) тастың тігінен қойылуы. Бәлкім, бұл, ат байлайтын кіндік қазық идеясымен үйлесіп жатқан ұғымға сәйкес жасалған шара болуы да мүмкін.

Берелде қазылған обалардың ішінде, қайтыс болған адамды, кейде оның қоғамдағы әлеуметтік статусына (ру-тайпалық ерекшеліктеріне) сәйкес немесе Шығыс Қазақстан мен Таулы Алтайдың Құлажорға, Қарақаба тектес ескерткіштеріндегідей бірнеше жалпақ тас плиталарды тігінен қойып жасаған арнаулы жәшік-табытқа қою дәстүрі де болғанын көреміз.

Геокриологиялық зерттеулер. Алға қойылған көп міндеттерге сәйкес оба астындағы тоң қабатының обаның тас үйіндісінің аумағы мен қалыңдығына байланысты қалыптасуы мен бір маусымнан екінші маусымға өтетін және келесі жылдарға дейін сақталу себептері мен мүмкіндіктерін көрсететін аймақтық ғылыми



моделін криолог ғалымдар А.П. Горбунов пен Э.В. Северский жасап шығарды. Сөйтіп, олардың зерттеуі бойынша жылу өткізгіштік қасиеті өте жоғары тас үйіндінің құрылымының және тас материалының (метаморфизмді саз балшықты қатпарлы тас жынысы және төменгі палеозойдың алевроиттері) өзі тесікке толы (кеуекті) болғаны маусымдық тоңазулардың тереңдеп енуіне, оқтын-оқтын төмендеудің қалыптасуына және мәңгілік (көпжылдық) тоңның әлсіз сілемдерінің қалыптасуына жағдай туғызып отырған. Біз талдап отырған обаның астында, мысалы, 1999-шы жылдың маусым айында, тоңның 10 метрлік линзасы жер бетінен 3-3,5 – 5,5-6 м тереңдікте сақталғаны анықталды. Тас құрылымның шеткері жақтарында онша терең емес тек маусымдық, көбінесе ауыспалы тоң ғана қалыптасатын көрінеді.

Осы зерттеулермен топырақтанушылардың жасаған қорытындылары да кейбір жағдайларда үндесіп жатады (Самашев, Фаизов, Базарбаева, 2001: 57).

Антропология және палеогенетика. Он жылдан аса уақыттың ішінде Берел қорымдарынан біраз құнды антропологиялық материалдар жинақталып қалды, бірақ медициналық-биологиялық және молекулярлық-генетикалық (мтДНК) зерттеулердің түбегейлі қорытындыларын шығару әлі алда (Дзисюк, 2003).

Патшаның сүйектері жақсы сақталған, ал әйел адамның бас сүйегі кейін антропологиялық қалпына келтіруге де жарамсыз болып шықты. Патшаның шашы деп жорамалдап жүргеніміз, бір жағынан бірнеше өрілген бұрымдары бар, бірақ малдың қылы мен басқа органикалық материалдар және қара түсті минерал қосып бекітілген жасанды күрделі бас киім – парикке де ұқсайды.

Басқа тұрғыдан қарасақ, кісінің шашы қысқа кесілгенге де ұқсайды, бірақ желке тұсында кішігірім айдар қалдырылған, оған жылқы қылынан өрілген бұрым ширатыла жалғанған. Дегенмен, бұл заттың анық-қанығына әлі жете қойғанымыз жоқ.

Бас сүйегінің төбе тұсындағы аяқталмай қалған трепанация іздері туралы әзірше екі түрлі түсіндірмесі бар: бұл не бальзамдау кезіндегі өліктің мыйын алу үшін жасалған, бірақ аяқталмай қалған дәстүрлі айла-шара, не болмаса ұрыс кезінде алған қатты соққыдан болған жарақаттан сүйек сынықтары мен ұйыған

қаннан тазартпақ ниетпен жасалған, патшаның операция кезінде қайтыс болуына байланысты тоқтатылған медициналық көмек әрекеті болуы да мүмкін. Екінші болжам шындыққа жақындау сияқты. Қабырғасы мен омыртқа сүйектерінде тіршілігінің әр кезеңдерінде шор болып біткен көптеген сынық орындары байқалады.

Мәйіттің денесінде бальзамдау немесе басқа да айла-шарғылардың іздерінің бар-жоғын зерттеп шығу алғаш рет жүзеге асты. Ер адамның бас сүйегіндегі трепанациялау ойығы осы секілді амал-шараның айқын көрінісі. Осылардың бір дәлелі – ер адамның сүйегінде өткір пышақтың іздері көптеп сақталынып қалған. Ол адамның жасын антропологтар мен генетиктер 30-35, әрі кеткенде 40 жас аралығы деп анықтаған. Сол заман үшін бұл аз жас емес.

Марқұмның антропологиялық типі – анық монголоидтық белгілері бар аралас еуропеоидтық түрге жататынын палеогенетикалық зерттеулер де және Ресей ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы антропология және этнология Институтының маманының бас сүйек негізінде жасаған қалпына келтіруінен де көруге болады (Веселовская, 2004: 275-276).

Сөз жоқ, бұл адам тірісінде тайпалық одақ немесе ертеде құрылған мемлекетті басқарған көсемге лайық өте ержүрек, тәжірибелі жауынгер және қайраткер болған.

Берелдегі бір обада (№9) ежелгі көшпелілердің ақсүйегінің табытының қасына жерленген әйел адамның жілігі кесіліп ашылған түрде жатты. Мұны адамның жілігін майдан тазартып алу үшін жасалған медициналық әрекет пе немесе рәсімдік шараның салдары болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмай, әзірше екі ойлы болып, әртүрлі болжам жасап отырмыз.

Жалпы антропологиялық материалдарға келетін болсақ, өткен он жылдан астам уақыт ішінде Берел обаларынан құнды информация жиналды, олардың біразын мамандар зерттеу үстінде. Мысалы, № 11 обадағы көсемнің көзі тірісіндегі кейбір сырқаттарының белгілері табылды. Ол адамның денесіндегі паразиттер (тоғышарлар) фаунасын зерттегенде олардың көптеген түрлері (Ancylostoma duodenale, Trichocephalus trichiurus, Strongyloides stercoralis, Enterobius vermicularis, Ascaris lumbricoides) анықталды (Байжанов, Беркінбай, Самашев, 2000: 49-51).

Жылқылар. Палеозоологиялық және палеопатологиялық зерттеулер. Осы таңда Берел обаларынан сексеннен астам жылқы малының сүйектері табылды. Олар туралы біраз мағлұматтар ғылыми айналымға енгізілді (Косинцев, Самашев, 2003: 117; Самашев, Косинцев, 2004: 274-276; Макарова, 2007).

Еңүлкен №1обада—онжеті, кейбіреулерінде он, сегіз, бес, төрт болып әрі қарай кете береді. Жалпы, жылқының саны, жерленген адамның қоғамдағы әлеуметтік дәрежесі мен лауазымына байланысты екені белгілі.

Осы № 11 обада қима-тағанның солтүстік қабырғасы сыртында 13 жирен айғыр арнаулы қойылған да, олардың әбзелдермен әшекейленген денелері бірнеше қабат қайыңтозбен жабылған. Олар кілең жирен және құлан түстес айғырлар, екі қабатталып қойылған: астыңғы қабатта жетеуі, үстінде алтауы. Жануарларды сол кездегі кеңінен тараған әдіс – қақ маңдайдан чеканмен (шот тектес қару) ұрып өлтіріп, молаға содан кейін, аяқтарын бауырына жиып, мойындарын алға созып қойған.

Жылқылар мен адамды бірге жерлеу белгілі бір мақсатпен атқарылған: олар марқұмды арғы алыс дүниеге шығарып салған немесе жеткізген, ол дүниеде де мініс құралы немесе құрбандық малы функциясын атқарған. Жылқы – салт атты жауынгердің сенімді досы, мәңгілік серігі болғандықтан, оны толықтай сәндеп, кейде басына маска кигізіп, соның көмегімен бейнесін құбылтып әртүрлі ипостасқа енгізген.

Берел жылқыларының бірегей жағдайда тоңның арасында сақталуы олардың ас қорыту жолдарының құрамы мен жерлеу маусымын анықтау үшін палинологиялық сараптама жасауға мүмкіндік берді. Ас қорыту жолдарын тазартып жуу барысында анықтауға татырлық дәнек пен тұқым табылған жоқ, алайда қылқан жапырақтарының қалдығы, дәнді астық сабағының, талшығы тарамдалған қабық бөлшектері анықталды. Палинокешендерде анықталған тозаңдар көрсеткен Алтай өсімдіктерінің гүлдейтін мерзімі маусым-шілде айларына келеді. Палеоботаниктердің бастапқы жасаған түйіндері бойынша – жерлеу уақыты дәл осы уақытта жүзеге асқан. Бірақ, палеоветеринарлық зерттеулер жүргізген Қ.А. Қашқынбаев, жылқылардың аса семіздігіне, іш майы мен сере қазысының қалыңдығына, жүнінің ерекшеліктеріне көңіл аударар

отырып, көктемнің аяғында малда мұндай күй болмайды, сондықтанда олар адаммен бірге күздің аяғында қойылуы мүмкін деген ойды алға тартады. Сонымен қатар, ультраструктуралық зерттеулер нәтижесінде жылқылардың етін, қан қалдықтарын, ішкі құрылыстарының ерекшеліктерін сарапқа салып және сүйектерін тексеру нәтижесінде бұрын белгісіз көптеген мағлұматтар, дене зақымдануының түрлері мен себептері анықталды (Кашкинбаев, Самашев, 2005). Мысалы, зерттелген 65 жылқының ішінде кейбіреулерінен анкилозирлік спондилоартрит, басқа да сүйек ауруы және таулы аймақта мініс құралы ретінде қатты пайданудан туған травмалардың айқын іздері анықталды.

Берелде табылған жылқылардың остеометриялық зерттеулерінің қорытындысы бойынша олардың барлығы азиялық жылқы тобына жататыны, жастары 10-12 ден 18-19-ға дейін, биіктігі, шоқтығы бойынша өлшегенде – 136-152 см, яғни, биік (141-152 см) және орта (141-144 см), жартылай немесе орташа жіңішке (128-136 см) аяқты жануарлар қатарына жататыны анықталды. Анатомиялық және морфологиялық сипаттамасы жағынан Берел жылқылары қазақтың жабы тұқымдас аттарына ұқсайтынын мамандар анықтап отыр.

Берел обаларының заттық кешенінің құрамы мен мазмұны. Жоғарыда аталғандай Берел обаларының барлығы ерте кезде, содан кейінгі замандарда бірнеше рет тоналып, адамдардың киім-кешектері және олармен бірге қойылған аса құнды заттары жоқ болып, қалғандары қатты бүлініске ұшыраған. Сондықтан да күні бүгін осында табылған жәдігерліктердің басым көпшілігі – ат-әбзелдері. Тонаушыларды алтыны аз, ағаштан ойылып жасаған ер-тоқымның әшекейлері аса көп қызықтыра қоймаған сияқты, тек бірен-саран салпыншақтардың үстіне жапсырған жұқа сары металды сыпырып алып өздерін лақтыра салған.

Дегенмен, табылған заттарды бірнеше топтарға бөліп қарастырайық. Олар – киім-кешектер, ыдыс-аяқ пен басқа тұрмыстық заттар, ат-әбзелдері және ғұрыптық бұйымдар. Ең соңғысынан бастайық.

Ғұрыптық бұйымдар. Штандарт. Құс басты, жыртқыш денелі, қос мүйізді және қос қанатты синкретикалық грифон образында балқарағайдан ойылып жасалған көлемді скульптура, біздің қазіргі пайымдауымызша,

көне грек жазбаларында аталатын «алтын қорыған грифтер» деген айдар тағылған тайпалардың бірінің көсемінің (патшасының) билік белгісі – асатаяқ (штандарт) болуы мүмкін. Бірақ, алғашында, пазырық мәдениетінің элитарлық обаларында бірін-саран кездесіп қалатын жылқының басына кигізетін маскарлардың арнаулы элементі болуы мүмкін деген болжау жасағанбыз. Сондықтанда, бұл жәдігердің нағыз функциясы мен статусы бойынша біз әлі нақтылы тоқтамға келгеніміз жоқ деп айтуға болады.

Бұл затқа типологиялық сәйкестіктер қарастыратын болсақ, Таулы Алтайдағы 5-ші пазырық обасына қойылған күймеге қатысы бар киізден жасаған аққудың скульптураларын атауға болады. Қалай болғанда да, бұл жәдігер діни-ғұрыптық сферамен байланысты, ал оның мазмұны туралы мәселені кейініректе талқылаймыз.

Киім-кешектер. Толық формасы сақталған киімнің нұсқасы жоқ деп айтуға да болады. Қазба барысында № 11 обадағы қима-тағанның түкпірлерінде әртүрлі киімнің жыртылып немесе шіріген қалдықтары кездесті. Солардың ішінде кестелі оюлары бар, бағалы аң терілерінен, киізден тігілгендері немесе боялған жүн жіптерден тоқылғандары да бар (сур. 4).



Сур. 4. № 11 оба.
Теріден ойылып, киізге
жабыстырылған
өрнектер

Fig. 4. Burial ground
№ 11. Leather applique
on felt products

Бір обада (№ 31) ер адамның алтын жапсырмалармен әдемі безендірілген шошақ бас киімінің жұрнағы сақталған, бірақ ол жаңғыртуға келмеді. Ең үлкен № 11 обада бірнеше аяқтарын бүккен сфинкс бейнелі шағын алтынмен қапталған ағаш скульптуралар табылды. Бұларға образдық және семантикалық тұрғыда жақындау шағын тік аяқтарында тұрған имек құйрықты алтынмен қапталған ағаш сфинкстардың басқа скульптуралары №9-шы обадан табылған. Бұл шағын скульптуралар шапанның немесе бас киімнің ілініп тұратын салпыншақтары; ал осы екі обада әйел адамдардың мәйіті табылғанын ескерсек, әсілі солардың киімдерінің элементтері болуы әбден мүмкін.

Тағы бір олжа – көлемді, мойны мен басын тік көтеріп көлденеңінен жатқан бұғының скульптурасы (иығы мен жамбасында арқардың басы ойылып салынған, ал мүйізі мен құлақтары теріден жасалып, арнаулы тесікке кигізілген). Бұл зат пазырық мәдениетінде кеңінен белгілі стандарт: әулетті адамдардың киізден жасайтын шошақ бас киімінің екі жағына орналастыратын скульптуралардың біреуінің қалдығы. Мұндай бас киім элементі Таулы Алтайда, Монғол Алтайында толығымен кездеседі (Полосьмак, Баркова, 2005: 90).

Сондай-ақ, арқардың жиырылған бейнесі ойылып салынған киімнің ағаш түймелері де кездесіп қалады.

Әшекей бұйымдарының арасында мәртебелі тұлғаларға лайықты алтын сырғалар, тас моншақтар, сақиналар, қола айна, т.б. бағалы бұйымдар баршылық. Жалпы, пазырық мәдениетін жасап қалыптастырған халықтардың киім үлгілері жақсы сақталған, олардың ішінде ішкі киім, сырт киім, қысқы және жазғы киімдер, сондай-ақ, көшпелілер элитасы мен «сарай» қызметіндегілері де киетін нұсқалар бар (мысалы, Қатандыдағы тері шапан, фрак; жүнін сыртына қаратып тіккен құйрықты тондар, әйел адамның көйлектері, ер адамның кенеп шалбарлары, киіз бас киімдер, т.б.). Осылардың негізінде, мәдениет тұтастығын ескере отырып, Берелден табылған нұсқалар бойынша кез келген киім үлгісін жасап шығаруға болады.

Берел патшасының басындағы парикті де сол кездегі костюмнің бір құрамдас бөлігі деп қарауға болады.

Ыдыс-аяқтар мен басқа тұрмыстық заттар. Ең көп табылатын ыдыс – қыш

құмыралар. Көлемі, формалары, ою-өрнектері әртүрлі. Араларында көшпелілердің теріден жасайтын ыдыстарының түріне еліктеп жасаған құмыра және сыртында қысқа саусақ немесе малдың емшегі тәрізді өскіндерден тұратын бірнеше жолақтармен безендірілген.

Берел қорымындағы тағы бір № 34 обадан табылған биік, жіңішке мойынды, ернеулері шығыңқы келіп, бүйірлеріне жалғасқан екі қыш ыдыста да ерекше. Олар өрнектелген. Өрнектердің кейбір элементтері Еуразияның далалық белдеуін мекендеген тайпаларға тән сарматтық таңбаларды еске салады.

Бір обадан (№36) табылған қыш құмыраның сынықтарына петрографиялық зерттеу жүргізген И. Шевнина, ыдыстың темірлене бастаған, құрамында цемент, кварц ұнтақтары, далалық шпат (плагиоклаз), құм, малдың қиы, басқа да органикалық және органикалық емес қосындылар бар балшықтан иленіп, кейін сыртын сүйектен жасаған құралмен тегістеп, 700 градус температурадағы ашық отта күйдірген деген қорытынды жасады.

Құмыраны кейде қодастың (сарлықтың) мүйізінен де жасайды. Мұндай ыдыстардың біразы Берелде, Пазырықта, Уекте және Монғол Алтайындағы жоғарыда аталған тоң басқан обада кездеседі.



Сур. 5. № 9 оба.
Қос шүмекті қола ыдыс

Fig. 5. Burial ground № 9.
Bronze vessel with two plums

Ағаштан ойылып жасалған тұрмыстық заттардың ішінде тостағанның, астау немесе табақтың, о дүниеге аттанған адамға арналған сыбағаларды қоятын арнаулы төрт сирақты үстелдің қалдықтары кездеседі. Солардың жиегі алтынмен көмкерілген біреуінде (№ 31 оба) қойдың омыртқасы мен құйымшағы, ет тұрайтын темір пышақ қойылған. Бұл ежелгі дәстүр орта ғасырларда да етек алған. Бір қызығы, осындай етті мүшелеп, сыйлы адамға бас қосып сыбағасын беру рәсімі тек қазақтарда ғана сақталыпты (Ильминский, 1861: 167-175).

Жарқын жәдігерлердің бірі, екі шетінде бу шығатын түтікше орнатылған қоладан жасалған құты екені анық (сур. 5). Бұл ыдыстың ішінен кейбіреуі ауаның ыстық-суығынан біразы жарылып бөлшектеніп кеткен, шағын сегіз малта тастар мен емдік қасиеті бар Алтайдағы кориандр деген шөптің дәндері табылды.

Берелде табылған тұрмыстық бұйымдардың ішінде ерекше орын алатын заттардың бірі, ол тастан жасалған бояу ұнтақтағыш.

Берелдегі № 9 обаның ішінен оның бір бұрышына тігінен қойған ағаш баспалдақтың табылуы да ерекше қызығушылық тудырады. Әрине, бұл жерде ағаш баспалдақтың еңбек құралы ретіндегі прагматикалық функциясын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, көп қабатты дүние құрылымы, ондағы жоғарғы тәңір мен жай адамдар мекендейтін кеңістіктер және адамдар мен құдайлардың ара-қатынасы, ондағы баспалдақтың атқаратын делдалдық қызметі сияқты көптеген діни-мифологиялық ұғымдар; осы заттың семантикасы мен оның семиотикалық, яғни, символ ретінде атқаратын қызметтеріне байланысты басқаша да терең түсініктер бар.

Берелдің басқа обаларынан да ағаш күректер, қазық және қада, сүйек балға, бұғының мүйізінен жасалған қашау, т.б. саймандар табылған.

Үлкен обадан табылған төрт тесігі бар қалың тақтайды өгіз арбаның мойынағашы деп жорамалдауға болады, себебі, қос дөңгелекті жеңіл соғыс арбалары мен сәнді күймелерден басқа бұл көшпелі халықтарда ауыр жүк таситын қос немесе төрт дөңгелекті транспорт болуға тиісті.

Қару-жарақ. Берел обаларына жерленгендер әулетті адамдар болғандықтан, олармен бірге, әрине, неше түрлі бағалы қарулар қойылды, бірақ олар қатты



МӘДЕНИ МҰРА

тоналғандықтан тек бірен-саран үлгілер ғана сақталған: жебенің көбінесе сүйектен жасалған оқтары, садақтың сынықтары мен сүйек жапсырмалары, қорамсаның қалдығы, темір қанжарлардың әртүрлі үлгілерінің қалдықтары бірнеше обалардың ішінен табылды. Дәстүрлі қарулардың ішінен ағаш сапты темір чекандарды атауға болады. Ең елеулі олжалар қатарына, әрине, тал шыбықтардан жасалған текше, сопақша қалқандарды атауға болады. Оларды ердің қанжығаларына байлап іліп қойған. Берелде табылған қару-жарақ үлгілері жалпы пазырық мәдениеті ғана емес, осы тұста өмір сүрген, әсіресе, Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың әскери ісі мен қару-жарақ топтамасына сәйкес келеді.

Жалпы, пазырық мәдениетін жасаушы халықтардың қоғамы, кейбір мамандардың тұжырымдарындағыдай милитарлық емес (Дашковский, 2004: 57), керісінше, оларда әскери істі дамыту алдыңғы қатарлы позицияға шықпаған сияқты. Олар, негізінен, агрессивті емес, заман деңгейіне сәйкес интеллектуалды қоғамда өмір сүрген сияқты.

Ат әбзелдері. Ер-тұрман. Берелде әзірше № 10 және 11 обалардан оншақты ердің қалдықтары табылды. Олардың жалпы Алтайдан Тұрфанға дейінгі пазырық мәдениетіне тән негізгі конструкцияларында, кейбір мамандар шартты екі топқа бөлгенімен (Кубарев, Шульга, 2007: 123-125), сондай үлкен айырмашылықтары жоқ: бірімен бірі қайыс арқылы бекітілген, ішін малдың жүнімен, кейде шөп қосып толтырған екі тері (кейде тоқыма) жастықша. Оларды міндетті түрде үстінен киіз немесе тоқыма төсеніш-жабу жауып тұрады. Жабу көбінде түрлі бояумен жүн жіптердің көмегімен жасалған, кейде сюжеттік композициялардан тұратын аппликациялармен әшекейленеді. Мысалы, бір ердің жабуында шұбар арыстан денелі құс тұмсықты грифонның аңды талап жатқан, екіншісінде басында ешкінің мүйізі, қызыл көк денелі жыртқыш аң, беті сақалды адам тәрізді салынған сегіз синкретикалық құбыжықтардың шеру сәті бейнеленген. Бұлардың мазмұны – ежелгі көшпенділердің ерекше дүниетанымының туындысы, оларды талдау арнаулы әңгіме.

Ердің екі сопақша жұмсақ қасы және арты жоғарғы жағынан сүйек немесе ағаштан жасаған жіңішке доға жиектемемен көмкеріледі және әртүрлі, алтыннан, ағаштан, қайыңтоздан

ойылған ою-өрнектермен, ал екі қапталы жайың балық түріндегі және т.б. салпыншақтармен және жүннен иірген шашақтармен безендіріледі.

Бірнеше ердің артқы жұмсақ қасында немесе жанында жіңішке қайыстан жасаған қанжығалары да бар.

Айыл біреу, әртүрлі конструкциялы айылбастар көбінде сүйектен жасалады, кейде олар да неше түрлі өрнектермен, жануарлар бейнесімен әшекейленеді. Бір сүйек текшеге бұғыны артқы аяқтарын көкке қаратып салған және үстің жұқа алтынмен қаптап қойған.

Өмілдірік пен құйысқанды безендіруге көне берелдіктер ерекше көңіл бөлген тәрізді. Оларды ерте бекіту әдісі барлық пазырық мәдениеті тараған жерлерде бір-біріне ұқсас. Өмілдірік пен құйысқанды ертеде таулы өлкелерді жайлаған салт аттылар ойлап шығарған болу керек.

Бұл ерлердің тоқымы мен терлігі болды ма жоқ па, бізге әлі беймәлім, ал кейбір мамандар бар деп көрсетеді (Кубарев, Шульга, 2007: 124).

Бұл кезеңде ағаш немесе темір үзеңгі көшпелілер қоғамында әлі ойлап табылмаған құрал.

Ал кейбір жылқылардың басына кигізілген маскаларға келетін болсақ, оларды ат әбзелдерінің қатарына жатқызғаннан гөрі ғұрыптық рәсімдік атрибут ретінде бағалау керек сияқты.

Қамшы тек прагматикалық функциясымен сипатталатын салт аттылардың құралы ғана емес, ол терең мазмұнды, сигнификасы ерекше зат. Берелдің бекзадалық обаларында қамшының ағаш саптары алтынмен қапталып, неше түрлі жыртқыш және фантастикалық аңдардың бейнесімен әшекейленген үлгілерінің сынықтары табылып отыр.

Жылқылар жүгенделіп ауыздықталған, кейбір иконографиялық материалдарға қарағанда оларда шылбыр болған.

Бейнелеу өнері. Образдары мен сюжеттерін топтау және мазмұнын талдаудың кейбір мәселелері. Ат әбзелінің бөлшектері – жүгенінен бастап өмілдірігі, құйысқаны, ер тоқымы – қапсырмалары, сулықтары, ілдіргілері, қайысты айырап тоғалары – ағаштан жасалып, өрнектер ойылып, көбінесе жұқа алтынмен қапталып, кейде үстеріне қалайы жалатылған.

Ат әбзелінің әшекейлерінде бейнеленген жануарлар ішінде мысық тұқымдас

жыртқыштар, тау теке мен арқарлар, бұландар, жыртқыш құстар, сонымен бірге өсімдік нақыштары кездеседі.

Көне берелдіктердің бейнелеу өнерінің негізгі мотиві – табиғатта жоқ қиял-ғажайып мақұлықтар – самұрықтар. Олар ежелгі көшпелілердің өнерінде ерекше танымалдыққа ие бірнеше жануардың белгілерін біріктіруінен туындаған қияли-ғажайып хайуанның бейнесі.

Осы тұста көшпелілер бейнелеу өнеріндегі «грифон» образының неше түрлі нұсқаларының бар екені белгілі (жыртқыш құстың басы мен тұмсығы, денесі аңдікі), бірақ зерттеушілер оларды атағанда әртүрлі жағдайда әртүрлі ат-айдар тағуға мәжбүр болатынын, кейде бір бүркіт тектес грифонның өзін бірнеше атаумен атайтынын, бірақ олардың арасында тек қана иконографиялық айырмашылық емес, сондай-ақ хронологиялық (тіпті, этномәдени) алшақтықтың бар екенін де естен шығармау керек (Шульга, 2003: 251-253).

Ежелгі көшпелілердің мифтік-ғұрыптық кешенімен байланысты ең сүйікті сюжеттерінің бірі мысық тұқымдас жыртқыштың шөп қоректіні талап, жұлып жатуы деп аталатын көрінісі. Ол ежелгі берелдіктердің көптеген қапсырмаларынан көрініс тапқан. Бұған мағынасы жағынан қыран тектес самұрықтың тұмсығына тістелген қос тұяқтының басы бар бейнесі де келіп қосылады.

Жылқының сәнді әбзелдерінің, тартпасының әшекейі, оның ішінде қайыс қоспалардың түйілген тұсын жауып тұрған, көлемді, үш қырлы жапсырмалар аса қызығушылық туғызады. Жапсырмалардың беткі жағында қияли түсініктерден туған аңдармен қатар, бүгінгі таңдағы Қазақ Алтайының фаунасының өкілдері де бейнеленген.

Ағашты қаптап жасаған берелдік жоғары деңгейдегі аң бейнелеріндегі өнер туындыларымен қатар қорған астынан көшпелілер өміріне тән киізден жасалған бұйымдар, сонымен бірге сол заманның нағыз шеберлерінің қолынан шыққан жүн жіптен жасалған өсімдік және зооморфты бейнелерді кестелеу де бар.

Берелдік құндылықтар жиынтығының қатарында жаңа болып табылатын жүннен иірілген жіптен арнайы ілмек бізбен тоқылған мүйізді маска (бетперде) киген қанатты жылқының бейнесін айта аламыз. Жүн жіпті иіріп тоқу технологиясының өте жоғарылығы,

сүйкімді бейнені нақтылап беру мен бояуының қанықтылығы бұл туындыға ерекше назар аудартады. Енді осы образға біраз тоқталып, соның негізінде көне берелдіктердің ою-кестелеу ісі мен жалпы бейнелеу өнерінің дамуына қысқаша сипаттама берейік.

Басы мүйізбен және айдармен көмкерілген; құлақтарын қайшылаған; жалының қылдары дөңгелене иірілген; денесі тұяқты жануардікі сияқты; үлкен қанаты керілген, сондай-ақ шашақтала біткен құйрығы бар «фантастикалық мақұлық» (басына маска кигізген ат) алдыңғы аяқтарын көтеріп, артқы екі аяғына сүйеніп тұрған сәтінде бейнеленген. Ежелгі сақтар стиліндегідей төрт аяғының тұяғының үшкір ұшына тіреліп тұрғандай көрсетілген.

Бұйым полихромды стильде тоқылған, оны әшекейлеуде негізінен екі түс қолданылған, ашық қоңыр түс басым және жасыл түстің жұмсақ, биязы реңі оны толықтырып тұрады. Қанаттан, арқа тұстан, тұяқтан, ішінара құйрық пен артқы сол аяқтан басқа кескіннің басым бөлігі абрис бойынша жасыл түстес жіппен әдіптелген. Жануардың тұрқы ашық қоңыр жіптермен кестеленген. Көз, жалдың қылдарын, канаттың қауырсындарын және жауырын мен жылқының сауырын бейнелеу үшін де жасыл түсті жіп қолданылған.

Жануардың тұмсығы жинақы, басы да асқан шеберлікпен көрсетілген. Маңдайдан жоғары қарай көтерілген доғаша мүйіз бейнеленген. Ашық қоңыр және жасыл түсті жіптерді алмастыра қолдана отырып, тоқылған дөңгелек қарашықты үлкен көз әдемі бейнеленген. Көздің абрисы мен қарашығы жасыл жіптермен тоқылған, олардың арасындағы кеңістікте ашық қоңыр жіптермен өрілген құрсау бар. Қалқиып тұрған үшбұрыш тәріздес құлақ жоғары көтеріліп, сәл артқа қарай бағытталған. Басты мойыннан бөліп тұратын сызық бірегей тәсілмен көрсетілген. Мойында жасыл жіптермен әдіптелген созылықты жапырақ тектес және қысқа доға тектес пішіндермен бейнеленген теп-тегіс жал көрсетілген. Нақ мойынның өзінде, оның төменгі бөлігінде жалдың ұзын шашақтары бейнеленген, олар бұйралана біткен, ортасы жасыл жіптермен шебер тоқылған. Осындай, бірақ шиыршықталмаған элемент сәл жоғарырақта орналастырылған. Қуатты, алабажақ қанат жайылып биікке қомданған. Қанаттың қауырсындары ашық қоңыр және жасыл, кезектесіп алмасып отыратын жіптермен



МӘДЕНИ МҰРА

тоқылған. Қауырсынды бейнелейтін жолақтар қанаттың шетіне бағытталған. Мойынның негізінде және одан жоғары, қанаттың ұшына қарай, бір-бірінен сәл қашықтықта жасыл түсті жіптермен он ірі нүктелер тоқылған. Аттың сауыры жасыл түсті жіптерден тоқылған ірі ноқатты шектей отырып, алқа-қотан орналасқан ашық қоңыр түсті жіптерден бірқатар ілгешектермен берілген. Төрт аяқтың бәрінде үшбұрышты ойықтар арқылы бұлшық еттері бейнеленген. Артқы аяқтарының сәл бүгілген буындары, құйрығының ұшындағы қылы айрықша көрсетілген. Аттың басына, байқап қарасақ, маска киген деуге болады, бейнеде осындай мазмұнды элементтің, яғни ашық еріндерінің көрсетілмеуі осыған айғақ. «Көздің» дөңгелек формада орындалу мәнері де канонға сәйкес келмейді, сондықтанда оны масканың арнаулы көзге қалдыратын тесігі деп қарау керек. Жылқының жалын жабатын жабу жасыл түсті жіптермен бейнеленген. Аттың қанаты өте әдемі мәнерде тоқылған. Бұл тоқымада жасалған материалы мен техникасына қарамастан, жануарлар стиліне тән сауыр мен жауырынды (иықты) бейнелеудің дәстүрлі стилистикалық тәсілдері сақталған. Талдап отырған бейне – көне өнердің шынайы дүлдүлі, ол қиялдағы аттың бөлекше бейнеленуімен ғана қызықты емес, композициядағы оның орнын айқындау арнайы қарауды, сондай-ақ жалпы алғанда жерлеу кешеніндегі мәтіндік қатардағы семиотикалық мәні және оның Берелдің көне көшпенділерінің мифологиялық, дүниетанымдық ұғымдары жүйесіндегі орны әлі де болса зерделеуді талап етеді. Орындалу техникасы мен мазмұны бойынша сипатталған бұл жәдігерге өз уақытының ескерткіштерінің арасында ұқсас материалдар әлі бізге белгісіз.

Берел өнер туындыларының арасында ағаштан жасалып жұқа алтынмен қапталған, тұрқы шағын, адам бейнелі, денесі мысық тұқымдас жыртқыш аңға ұқсас қияли аң бейнесінде жасалған сфинкстер ерекше қызығушылық туғызады. Сфинкстердің бастары мүйізді тәжбен көлемді етіп көрсетілген. Қабір толықтай тонағандықтан бұл шағын мүсіншелердің алғашқы қойылған орнын анықтау қиын, дегенмен олардың патшаның немесе оның жанына жерленген әйел адамның киімінің бір бөлшегі екенін жоғарыда айттық, бәлкім, бас киімнің әшекейі де болуы ғажап емес. Осындай сфинкстер патша әулетінің

өкілдерінің бас киімдерін безендіру үлгісін көрсетуі де мүмкін.

Жылқылардың салтанатты жағдайда қойылғандығының белгісі бетпердеге жалғасып тәж іспетті болып тұрған мүйіздер болмақ. Мұндай заттардың Берелде бес жұбы табылып отыр (№ 4, 10, 11 обалар).

Тау ешкісінің мүйізі іспетті ағаштан жасалған мүйіз өзінің мәні мен мағынасы жағынан кәдімгі қолданбалы өнердің шегінен әлдеқайда тереңге кетеді. Тау ешкісінің бейнесі жоғары көсемнің жылқыларының басқа да салтанатты әбзелдерімен тығыз байланысты. Тау ешкісі биіктіктің белгісі, кеңістіктің ерекше бөлігін мекендейтін, көптің қолы жете бермейтіндіктен көсемнің атрибуты ретінде таңдалынып алынған. Көсемнің үш жылқысының бетпердесіндегі тау ешкісінің мүйіздері құдайлық болмыс пен жердегі биліктің шексіздігін нақтылап тұр. Тау ешкісінің, сонымен бір қатарда бұлан, бұқа, арқар мүйіздері әртүрлі халықтардың дүние танымдары мен өнер туындыларында ерекше орынға ие екенін атап өту керек.

Пазырық мәдениетін жасаушы көшпелілердің бейнелеу өнерінде балық образының да өзіндік орны бар. Олар ердің немесе жүгеннің салпыншақтары ретінде ағаштан ойылып, кейде киізден жасалады. Берелден табылған бір киіз салпыншақта жайын балықтың бейнесі өте әсерлі сомдалған.

Берел обаларынан табылған әшекей бұйымдардың біразы қабанның азу тісінен жасалған, кейде оның ағаш көшірмесін салпыншақ ретінде жүгенге іліп қояды, кейде үстіне зооморфтық гравюраларды (мысалы, қос құлақты грифон бейнесін) кесіп салады.

Берелдің № 10 обасында бірегей жапсырма-кестелері бар он ер тоқымның үлгісі табылды. Ол жапсырма-кестелерде адам іспетті сақалы мен мұрты бар, басы тау ешкісінің мүйізі сияқты, қанатты жыртқыштың денесі бар, құйрығы беде тәрізді, арыстанды еске түсіретін қияли болмыс бейнеленген. Бейненің дене мүшелерінің қырларын жіңішке иірілген жүн жіппен әдемі етіп шығарған. Мифтік жыртқыштардың бейбіт шеруін бейнелейтін мұндай өнер туындылары Орталық Азия көшпелілерінің мұраларының ішінен алғаш табылып отырғандықтан, бұл өнер шыңының түпнұсқалылығы мен бірегейлігі және жергілікті екендігі талас тудырмайды.

Әдебиеттер

1. Оңғарұлы А. Қазақ даласындағы ерте көшпелілердің элиталық обаларын топтау мен жіктеу мәселелеріне // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1 (254), 2008. – 110-117 б.
2. Parzinger H., Molodin V., Tseveendorzh D. New Discoveries in Mongolian Altai: The Warrior grave of the Pazyryk culture at Olon-Guurin-Gol 10 // Current archaeological research in Mongolia. Vol. 4. – Bonn, 2009. – S. 221-230.
3. Байтенов Э.М. Мемориальное зодчество Казахстана: эволюция и проблемы формообразования. – Алматы: КазГАСА, 2004. – 244 с.
4. Ольховский В.С. Погребально-поминальная обрядность населения степной Скифии (VII-III вв. до н. э.). – М.: Наука, 1991. – 256 с.
5. Mallory J. P., Mair Viktor H. The Tarim Mummies. – London: Thames & Hudson, 2008. – 352 p.
6. Самашев З., Мыльников В. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая. – Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 240 с.
7. Самашев З., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и палеопочвы Казахского Алтая. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 107 с.
8. Дзисюк Н.В. Сравнительный молекулярно-генетический анализ полиморфизма митохондриальной ДНК современных популяций казахов и древних людей из некрополя Берел Восточно-Казахстанской области // Автореферат дисс. на соискание уч. ст. канд. биологических наук. – Алматы, 2003. – 28 с.
9. Веселовская Е. В. Взгляд из прошлого // Труды Центрального музея. Т.1. – Алматы, 2004. – С. 271-280.
10. Байжанов М.Х., Беркінбай О., Самашев З. Ежелгі заман адамынан табылған тоғышарлар // Вестник НАЦАИ. №7. – Алматы, 2000. – 49-51 б.
11. Косинцев П., Самашев З. Лошади Алтая в скифо-сакское время // Номады казахских степей: этносоциокультурные процессы и контакты в Евразии скифо-сакской эпохи. Сб. материалов международной научной конференции. – Астана, 2008. – С. 342; Самашев З.С., Косинцев П.А. Погребальный обряд лошадей в могильнике Берел // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии. Сб. научных трудов. – Барнаул, 2004. – С. 274; Макарова Л. А. Биометрия лошадей двух берельских курганов. – Астана: Изд-во ТОО «Агроиздат», 2007. – 112 с.
12. Кашкинбаев К.А., Самашев З. Лошади древних кочевников Казахского Алтая. – Алматы: ТОО «Археология», 2005. – 138 с.
13. Полосьмак Н.В., Баркова Л.Л. Костюм и текстиль пазырыкцев Алтая (IV – III вв. до н. э.). – Новосибирск: «ИНФОЛИО», 2005. – 232 с.: ил.
14. Ильминский Н.И. Древний обычай распределения кусков мяса, сохранившийся у киргизов. Пояснение одного места в «Истории монголов» Рашид-Эддина (Письмо Н.И. Ильминского к П. С. Савельеву // Известия Археологического Общества. II. В.3. – СПб., 1861. – С. 167-175.
15. Дашковский П.К. Социально-типологическое моделирование в археологии (по материалам пазырыкской культуры Горного Алтая) // Древности Алтая. № 12. – Горно-Алтайск, 2004. – С. 70-82.
16. Кубарев В.Д., Шульга П.И. Пазырыкская культура (курганы Чуи и Урсула). – Барнаул: Изд-во Алтайского госуниверситета, 2007. – 282 с.

References

1. Oñgarұly A. Qazaq dalasyndaғы erte көшпелілердің элиталық obalaryn toptau men жіктеу мәселелеріне // Qazaqstan Respublikasy Ulttyq ғылым akademiasynyñ habarlary. 1 (254), 2008. – 110-117 b.
2. Parzinger H., Molodin V., Tseveendorzh D. New Discoveries in Mongolian Altai: The Warrior grave of the Pazyryk culture at Olon-Guurin-Gol 10 // Current archaeological research in Mongolia. Vol. 4. – Bonn, 2009. – S. 221-230.
3. Baitenov E.M. Memoriälnoe zodchestvo Kazakhstan: evolüsia i problemy formoobrazovania. – Almaty: KazGASA, 2004. – 244 s.
4. Ölhovski V.S. Pogrebälno-pominälnaia obrädnöst naselenia stepnoi Skifii (VII-III vv. do n. e.). – M.: Nauka, 1991. – 256 s.
5. Mallory J. P., Mair Viktor H. The Tarim Mummies. – London: Thames & Hudson, 2008. – 352 p.



6. Samaşev Z., Mylnikov V. Derevoobrabotka u drevnih skotovodov Kazahskogo Altaia. – Almaty: OF «Berel», 2004. – 240 s.

7. Samaşev Z., Faizov K.Ş., Bazarbaeva G.A. Arheologicheskie pamätniki i paleopochvy Kazahskogo Altaia. – Almaty: OF «Berel», 2001. – 107 s.

8. Dzisük N.V. Sravnitelnyi molekulärno-geneticheski analiz polimorfizma mitohondriälnoi DNK sovremennyh populäsi kazahov i drevnih lüdei iz nekropolä Berel Vostochno-Kazahstanskoi oblasti // Avtoreferat diss. na soiskanie uch. st. kand. biologicheskikh nauk. – Almaty, 2003. – 28 s.

9. Veselovskaia E. V. Vzgläd iz prošlogo // Trudy Senträlnoogo muzeia. T.1. – Almaty, 2004. – S. 271-280.

10. Baijanov M.H., Berkinbai O., Samaşev Z. Ejelgi zaman adamynan tabylğan toğysarlar // Vestnik NASAİ. №7. – Almaty, 2000. – 49-51 b.

11. Kosinsev P., Samaşev Z. Loşadi Altaia v skifo-sakskoe vremä // Nomady kazahskih stepei: etnososiokülturnye prosesy i kontakty v Evrazii skifo-sakskoi epohi. Sb. materialov mejdunarodnoi nauchnoi konferensii. – Astana, 2008. – S. 342; Samaşev Z.S., Kosinsev P.A. Pogrebälnyi ob-

räd loşadei v mogilnike Berel // Kompleksnyie issledovania drevnih i tradisionnyh obşestv Evrazii. Sb. nauchnyh trudov. – Barnaul, 2004. – S. 274; Makarova L. A. Biometria loşadei dvuh berelskih kurganov. – Astana: İzd-vo TOO «Agroizdat», 2007. – 112 s.

12. Kaşkinbaev K.A., Samaşev Z. Loşadi drevnih kochevnikov Kazahskogo Altaia. – Almaty: TOO «Arheologia», 2005. – 138 s.

13. Polösmak N.V., Barkova L.L. Kostüm i tekstil pazyryksev Altaia (IV – III vv. do n. e.). – Novosibirsk: «İNFOLİO», 2005. – 232 s.: il.

14. İlminski N.İ. Drevni obychai raspredelenia kuskov mäsa, sohranişisä u kirgizov. Poiasnenie odnogo mesta v «İstorii mongolov» Raşid-Eddina (Pismo N.İ. İlminskogo k P. S. Savelevu // İzvestia Arheologicheskogo Obşestva. II. V.3. – SPb., 1861. – S. 167-175.

15. Daşkovski P.K. Sosiälno-tipologicheskoe modelirovanie v arheologii (po materialam pazyrykskoi kültury Gornogo Altaia) // Drevnosti Altaia. № 12. – Gorno-Altai, 2004. – S. 70-82.

16. Kubarev V.D., Şülga P.İ. Pazyrykskaia kültura (kurgany Chui i Ursula). – Barnaul: İzd-vo Altaiskogo gosuniversiteta, 2007. – 282 s.

Самашев З.С.

ПАМЯТНИК БЕРЕЛЬ КАЗАХСКОГО АЛТАЯ

В статье рассмотрены итоги исследований, проведенных в 1998-2011 годах на Берельском могильнике на казахском Алтае. Эти ценные сведения касаются не только искусства и культуры, быта, погребальных обрядов, религиозных обрядов и мировоззрения кочевых народов IV-III вв. до н. э., но и их хозяйственной системы, технологии обработки различных материалов и социальной структуры общества, этнического состава, особенно специфики государственности. Историческая преемственность между древними народами, жившими на данной территории, и современным казахским этносом, как и прежде, подтверждается не только материальными, т. е. материальными данными, но и на основе междисциплинарных исследований молекулярно-биологических и др.

Ключевые слова: казахский Алтай, Берельские курганы, древние кочевники, ритуальные изделия, геоэкологические исследования, антропология и палеогенетика, палеозоологические и палеопатологические исследования.

Samashev Z.S.

BEREL SITE OF THE KAZAKH ALTAI

The article considers the results of studies conducted in 1998-2011 at the Berel burial ground in the Kazakh Altai. This valuable information concerns not only art and culture, everyday life, funeral rites, religious rites and the worldview of nomadic peoples of the 4th-3rd centuries. BC., but also their economic system, technology for processing various materials and the social structure of society, ethnic composition, especially the specifics of statehood allows us to draw conclusions. The historical continuity between the ancient peoples who lived in this territory and the modern Kazakh ethnic group, as before, is confirmed not only by material, i.e. material data, but also on the basis of interdisciplinary studies of molecular biology and etc.

Keywords: Kazakh Altai, Berel mounds, ancient nomads, ritual items, geocryological studies, anthropology and paleogenetics, paleozoological and paleopathological studies.

Самашев З.С.

ВОПРОСЫ АРХЕОЛОГИИ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА КАЗАХСТАНА

Статья рассматривает вопросы хронологической неопределенности начального этапа и завершающей стадии эпохи ранних кочевников, проблемы антропологического состава и тюркоязычности части населения изучаемой эпохи, а также вопросы методологии археологического поиска. Автор останавливается на обозначении некоторых проблем, которые затрагивают перечисленные вопросы.

В фокусе повествования становление и трансформация культур раннего железного века в казахских степях, анализ материалов по изучаемой теме, анализ и синхронизация памятников начального этапа эпохи ранних кочевников, происходящих из разных регионов страны.

Ключевые слова: археология, железный век, Казахстан, памятник, археологический комплекс.

Исследование проблем становления и трансформации культур раннего железного века в казахских степях затрагивает ряд узловых вопросов «скифо-сарматской» археологии Евразии в целом и ее методико-методологических принципов, которые существуют в науке на протяжении многих лет. Это относится, в частности, к проблеме происхождения и формирования комплекса скотоводческих (всаднических) культур и взаимоотношений их носителей с населением оседло-земледельческих областей, т. е. к формам и способу их контактов с параллельными цивилизациями; к вопросам изучения природы и сущности кочевого скотоводства и его механизмов адаптации к различным природно-экологическим нишам; к становлению общественно-политических и социальных институтов под воздействием новых факторов, особенно на завершающем этапе этой исторической эпохи.

В результате активных поисков в разных регионах страны сейчас накоплен

археологический материал с огромным информационным потенциалом, который позволяет в совокупности с ранее известными источниками разрабатывать многие проблемы науки в соответствии с реалиями XXI в. и потребностями новой парадигмы национально-государственного и общественного сознания.

Одной из научных задач является анализ и осмысление на основе археологического материала культурно-исторических процессов в древности и средневековье в контексте проблем преемственности. Необходимость такого подхода декларируется уже давно, но из-за несовершенства методологии научного поиска пока не удается добиться желаемого, что нередко порождает мифологизированные представления о древнейших эпохах, особенно со стороны людей, не владеющих системными знаниями в области археологии.

Ход истории во многих ситуациях воспринимается как непрерывный и поступательный процесс. В то же время на некоторых этапах развития древних



обществ в силу природных катаклизмов или неблагоприятных военно-политических и социально-экономических условий происходили процессы, которые приводили к деградации, распаду или даже исчезновению целых этносов – носителей определенных языковых, культурно-хозяйственных традиций, к потере территории, технологических навыков и т. д. В методическом плане учет таких факторов при исторических реконструкциях, естественно, необходим.

Также очевидно, что предстоит нелегкая работа по источниковедческому анализу, систематизации и осмыслению неоднородного по степени фиксации и документирования археологического материала.

Письменные источники, которые активно используются при различных реконструкциях, особенно в этнических атрибуциях археологических комплексов, отрывочны и во многих случаях сами становятся объектами отвлеченных научно-аналитических исследований, требуют установления объективности и достоверности, а также критического анализа упоминаемых в них сведений. Тем не менее письменные свидетельства древних авторов об образе жизни и ареале различных племен и народов, живших в середине – конце I тыс. до н. э., оказываются весьма ценными.

Многие понятия, этнонимы и научные термины могут быть восприняты и использованы исследователями по-разному. К примеру, древнеперсидский этноним «saka» относился к племенам, обитавшим в бассейне Средней и Нижней Сырдарьи и в южной части пространства Арало-Каспийского междуморья. Однако он используется в качестве собирательного названия различных народов, обитавших на огромной территории современного Казахстана, даже тогда, когда в различных письменных текстах упоминаются имена собственные совершенно других групп племен. В некоторых случаях используются сочетания «скифо-сакское», «сако-массагетское» и др., что в принципе допустимо, но с определенными оговорками: в термин не вкладывается этническое содержание, и он применяется как обозначение (или маркер) исторического периода (Боковенко, 2011: 92-95).

Термин «ранние кочевники», введенный М.П. Грязновым еще в 1939 г. (Черников, 1960:

17-21), считается устаревшим, однако он в ряде случаев так же, как и термин «древние кочевники» (Литвинский, 1972; Грач, 1980: 5-6), используется как равноценный понятиям «скифское», «скифо-сарматское» или «сакское время», без придания ему этнической окраски.

